"Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ережені қолданудың тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы"

*Күшін жойған*

Ішкі істер министрлігінің 2001 жылғы 1 қаңтардағы N 1 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 12 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1398. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 27 мамырдағы № 246 бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2011.05.27 № 246 (ресми жарияланған күннен күнтізбелік он күндік мерзімге дейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 желтоқсандағы N 1644 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ережені басшылыққа алуды және орындауды жариялай отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 ; 2009.05.20 N 192 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ережені қолданудың тәртібі туралы нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) бекітілсін.

2. Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау комитетінің төрағасы, Ішкіісминнің орталық аппараты Департаменттерінің, дербес департаменттерінің, Астана, Алматы қалалары, облыстардағы және көліктегі Ішкі істер департаменттерінің, Ішкіісминнің жоғары және орта арнаулы оқу орындарының бастықтары:

1) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ережені және Ішкі істер органдарының кәсіби дайындығы жүйесіндегі нұсқаулықты сынақтар қабылдау арқылы терең оқып-үйренуді;

2) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ережеде және Нұсқаулықта жазылған талаптардың бұлжытпай орындалуын;

3) қызметтік үй-жайларды, клубтарды қызмет өткерудің жағдайлары, ішкі істер органдары қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері көрсетілген

тақырыптық стендтермен жабдықтауды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2004.07.23 N 428 , 2008.03.15 N 97 Бұйрықтарымен.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Кадр жұмысы департаментіне, Астана, Алматы қалалары, облыстардағы және көліктегі ішкі істер департаменттерінің, Ішкіісминнің жоғары және орта арнаулы оқу орындарының бастықтарына жүктелсін.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2004.07.23 N 428 , 2008.03.15 N 97 Бұйрықтарымен.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі -
Ішкі әскерлер қолбасшысы
генерал-майор

Қазақстан Республикасы
Ішкіісминінің
2001 жылғы 01 қаңтардағы
N 1 бұйрығымен бекітілген

## Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ережені қолданудың тәртібі туралы НҰСҚАУЛЫҚ

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "ІІББ, ІІБ, КІІБ", "ІІБ, КІІББ", "ІІББ, ІІБ", "ІІББ, облыстардың ІІБ, көліктегі ІІБ" деген аббревиатуралар "ІІД, КІІД" деген аббревиатурамен, "ТЖА" деген аббревиатура "ТЖМ" деген аббревиатурамен, " бастапқы дайындық" деген сөздер "арнайы алғашқы оқыту" деген сөздермен ауыстырылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

Ескерту. Нұсқаулықтың және оның қосымшаларының бүкіл мәтіні бойынша " қызмет өткерген жылдары үшін проценттік үстемақы төлеу", "қызмет өткерген жылдарына проценттік үстеме ақы төлеу", "еңбек сіңірген жылдары үшін пайыздық үстемеақы төлеу", "еңбек сіңірген жылдарына пайыздық үстемеақы төлеу" деген сөздер "лауазымдық жалақысының мөлшерін анықтау" деген

сөздермен ауыстырылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2009.05.20 N 192 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 желтоқсандағы N 1644 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ережені (бұдан әрі - Ереже) қолданудың тәртібін белгілейді.

Нұсқаулыққа енбей қалған кадр мәселелерін шешудің тәртібі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі - ІІМ) жекелеген нормативтік кесімдерімен реттеледі.

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2009.05.20 N 192 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз ) Бұйрығымен.

## Жалпы ережелер

## 1. Ішкі істер органдарына қызметке қабылдаудың шарттары

1. Ішкі істер органдарына қызметке Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады. Қазақстан Республикасы азаматтығының болуы қолда бар паспортына немесе жеке куәлігіне сәйкес анықталады.

2. Ішкі істер органдарына қызметке (оқуға) қабылданатын үміткерлерді іріктеп алуды, оларды алдын ала зерттеуді ішкі істер органдары бөлімшелерінің мүдделі бастықтары мен кадр аппараттары жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының азаматтарын ішкі істер органдарына қызметке іріктеп алу кезінде үміткерлердің іскерлік, жеке және моральдық қасиеттерінің ішкі істер органдары қызметкерлеріне қызметтік жұмыстың нақты учаскелерінде қойылатын талаптарға аса дәлдікпен сәйкес келуін анықтау іріктеп алудың негізгі мақсаты болып табылатындығын ескеру керек.

3. Қызметке үміткерлерге мынадай қасиеттер тән болуы тиіс:

1) заңдарды бұлжытпай сақтаудағы дамыған құқықтық сана-сезім мен өзіндік сенім, мемлекеттік және қызметтік құпияны қатаң сақтай білу, патриотизм мен интернационализм;

2) өзіне қатаң талап қою, ішкі істер органдарындағы өзінің болашақ қызметін зор мемлекеттік мәні бар іс ретінде саналы түрде түсіне білу, қызметтік жұмысының нәтижелерін объективті түрде бағалай білу;

3) ұйымдастырушылық қабілеті, адамдарға оң ықпал жасай білу, жоғары жұмыс қабілеттілігі мен шыдамдылық, әдеттегідей емес және төтенше жағдайларда жүктелген міндеттерге сәйкес тыңғылықты және табандылықпен

қимылдау қабілеті, сондай-ақ ішкі істер органдарындағы қызметке байланысты қиындықтарға төзе білу.

## 2. Ішкі істер органдарына қызметке кадрларды іріктеу

4. Үміткерлерді іріктеп алу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру жергілікті жерлердегі ішкі істер органдарының басшыларына және үміткерлерді пайдалану көзделіп отырған салалық бөлімшелердің басшыларына жүктеледі. Олар өз жұмыстарын кадр аппараттарымен тығыз қарым-қатынаста жүзеге асырады.

Бос лауазымдарға жасақтау жөніндегі жұмыс ішкі істер органдары мен бөлімшелерінің қызметтік жұмысы жоспарларында көрініс алады.

Үміткерді зерттеуді үміткерді пайдалану көзделіп отырған бөлімшенің қызметкері жүргізеді.

5. Ішкі істер органдарына қызметке қатардағы және кіші басшы құрамдағы лауазымдарға 32 жастан аспаған, орта және аға басшы құрамдағы лауазымдарға - егер де олардың қызметте болудың шекті жасына жету сәтіне қызмет өткерген жылдары үшін зейнетақыға құқығы бар болса, запастағы офицерлер мен арнайы және әскери атағы болған, ішкі істер органдарында қолданылатын мамандығы бойынша жоғары даярлығы мен жұмыс тәжірибесі бар, бұған дейін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа әскерлері мен әскери құрамаларында, сондай-ақ ішкі істер органдарында, ҰҚК-да, бұрынғы МТК-да, қаржы полициясында, кеден қызметінде қызмет өткерген адамдарды қоспағандағы 40 жастан аспаған азаматтар қабылданады.

Ерекше жағдайларда, жасы Ережеде көзделген жастан асатын адамды ішкі істер органдарына қызметке қабылдау туралы мәселені шешу кезінде ІІД, КІІД-нің, Ішкіісмин оқу орындарының кадр аппараты Ішкіісминнің кадр аппаратына бірінші басшының қолы қойылған ұсынымды, қалыптастырылған жеке істі жібереді. Ішкіісминнің кадр аппараты ұсынылған материалдарды қарап шығып, Министр не оны ауыстырушы адам бекіткен дәлелді қорытынды шығарады. Оң шешім шығарылған жағдайда осы қорытынды үміткерді (егер де ол қатардағы, кіші немесе басшы құрамдағы лауазымға тағайындауға үміткер болып табылатын жағдайда) училищеге арнайы алғашқы оқытуға және үміткерді бұдан әрі ішкі істер органдарына қызметке қабылдауға негіз болып табылады. Үміткерді одан кейін алғашқы арнаулы атақ беруге немесе бұрын ішкі істер органдарының басшы құрамында болған адамдарды Ішкіісминнің кадрларына қабылдауға ұсыну кезінде Ішкіісминнің кадр аппаратына жіберілетін ұсынымхатқа көрсетілген қорытындының көшірмесі қоса тіркеледі.

6. Ішкі істер органдарына қатардағы, кіші және орта басшы құрамдағы лауазымдарға алғаш рет орналасушы үміткерлер кадрға қабылданғанға дейін

Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі - IIМ) оқу орындарында арнайы алғашқы оқытудан өтеді. Арнайы алғашқы оқытудан өтудің тәртібі мен шарттарын Министр белгілейді. Бұл ретте оқу мерзімі лауазымдық жалақысының мөлшерін анықтау және зейнетақы есептеу үшін қызмет өтіліне қоса есептеледі.

Ішкі істер органдарына (бұдан әрі - IIО) аға және басшы құрамдағы лауазымдарға қызметке қабылданатын адамдар кадр аппаратының келісімі бойынша оны өтудің тәртібін белгілейтін тікелей бастықтың жетекшілігімен тағылымдамадан өту арқылы арнайы алғашқы оқыту бағдарламасын меңгереді.

IIО-ның, басқа да құқық қорғау органдарының бұрынғы қызметкерлері мен әскери қызметшілер, сондай-ақ күндізгі нысан бойынша арнайы және әскери оқу орындарын бітірген адамдар арнайы алғашқы оқытудан өтпей қызметке қабылданады.

IIО-ның, басқа да құқық қорғау органдарының бұрынғы қызметкерлерін және әскери қызметшілерін қызметке қабылдаған кезде, егер олар қызметтен босатылған күннен бастап кемінде үш ай өтпесе, көрсетілген кезеңде олар өзге заңды тұлғалармен және жеке адамдармен еңбек қатынасына түспеген жағдайда, арнайы тексерістің сауалнамалық деректері мен материалдары жаңартылады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

6-1. Ішкі істер органдарында қызметке үміткер арнайы алғашқы даярлықтан өткенге дейін арнайы атақ берілмей және кадрға қабылданбай, тиісті лауазымға сынақ мерзімімен тағылымдамадан өтуші болып тағайындалады.

Ескерту. 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 26 наурыздағы N 114 бұйрығымен .

7. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орындарына оқуға түсу жылының 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша 17 жасқа толған адамдар қабылданады.

8. Ішкі істер органдарына қызметке қабылданатындар олардың әскери қызметке жарамдылығын анықтау үшін міндетті түрде ішкі істер органдарының әскери-дәрігерлік комиссияларында медициналық куәландырудан өтеді.

9. Алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

10. Қатардағы, кіші және орта басшы құрамдағы лауазымдарға азаматтар ( қызметкерлер) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 желтоқсандағы N 1644 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ережеге сәйкес қабылданады (тағайындалады).

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

11. Аға және жоғары басшы құрамдағы лауазымдарға жоғары білімі бар адамдар қабылданады.

12. Медициналық қарсы көрсетулер бойынша бұрын мерзімді әскери қызмет өткермеген, кейіннен әскери қызметке жарамды деп танылған немесе бұрын құқық қорғау органдарынан науқастануы немесе денсаулық жағдайы бойынша босатылған үміткерді ішкі істер органдарына қызметке ресімдеу кезінде үміткер ( немесе оның медициналық құжаттары) міндетті түрде Ішкіісминнің орталық әскери-дәрігерлік комиссиясының бекітуіне жіберіледі, оның қорытындысы Ішкіісминнің кадр аппаратына жіберілетін алғашқы арнаулы атақ беру немесе Ішкіісминнің кадрларына қабылдау ұсынымхатына қоса тіркеледі.

## 3. Үміткерді зерттеу

13. Оларға қатысты лауазымға тағайындау туралы шешім қабылданған адамдар ІІО-ға қызметке қабылдау туралы өтініш жазады. Үміткердің жеке басын алдын ала зерделеу процесінде оның денсаулығының жағдайы, оның білімі мен арнайы дайындығының сәйкестігі, белгіленген нормативтерді тапсыру бойынша оның дене-күш дайындығының деңгейі (нәтижелері үміткердің жеке ісіне тігіледі), ол тағайындалатын лауазымға қойылатын талаптарға оның сәйкес болуы, үміткердің отбасы жағдайы және оның ортасы, мінез-құлқының негізгі сипаттары (үміткерлерді тұрғылықты жері бойынша сипаттайтын материалдарды үміткерді ресімдейтін қызмет жинақтайды) анықталады. Үміткер ішкі істер органдарының әкімшілік есептері бойынша тексеріледі. Зерттеу нәтижелері тексеруші адамның баянатында көрсетіледі.

Үміткерді пайдалану жоспарланып отырған ішкі істер органының немесе бөлімшесінің басшысы онымен жеке әңгімелеседі, алдын ала зерттеу процесінде алынған деректердің сәйкестігін анықтайды, алдағы жұмыстың сипатын түсіндіреді.

Үміткерлердің ата-аналарымен, әйелімен (күйеуімен) әңгіме өткізіледі. Үміткердің ішкі істер органдарына қызметке орналасуының себептері анықталады. Үміткердің және оның туысқандарының назары оның болашақ қызметінің сипатына, мезгілінен тыс уақытта, демалыс және мерекелік күндері жұмысқа тартылу мүмкіндігіне, сондай-ақ ішкі істер органдарында қызмет өткеру кезіндегі жеңілдіктер мен басымдықтарға аударылады. Оны Қызмет өткеру туралы ережемен таныстырады.

Кадр аппаратында үміткер жақын туысқандарын, оның ішінде бұрынғы жұбайларын көрсете отырып, өз қолымен жазылған және баспа түрінде терілген кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақты (Нұсқаулыққа N 1 қосымша), толық өмірбаянын (Нұсқаулыққа N 2 қосымша) толтырады.

Үміткер кадр аппаратына: еңбек кітапшасын (бар болса); білімі туралы дипломның (куәліктің) куәландырылған көшірмесін; әскери билетін немесе шақыру бөліміне есепке алу туралы куәлігін; соңғы жұмыс орнынан мінездемесін, түйіндемесін ұсынады. Сонымен қатар ішкі істер органдары қызметкерлерінің, басқа да лауазымды адамдардың ұсынымхатын ұсынуға болады.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

14. Үміткерді зерттеуді жалғастырудың мақсатқа сай болатындығы туралы шешім қабылданған кезде салалық қызметтің, бөлімшенің жетекшісі үміткерді зерттеудің қорытындысы бойынша ішкі істер органдарына қызметке қабылдау туралы қорытындының бірінші бөлімін (Нұсқаулыққа N 3 қосымша) толтырады. Әрі бұл бөлімде үміткерді зерттеген адамдардың тектері, зерттеу нәтижелері, үміткерді сипаттайтын деректер, үміткерді пайдалану көзделіп отырған лауазым мен жұмыс учаскесі, үміткерді ішкі істер органдарына жұмысқа кімнің ұсынғандығы және шешім қабылдау үшін едәуір мәні бар басқа да деректер көрсетіледі.

Қызметке қабылдау туралы қорытынды, кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ және өмірбаян лауазымға тағайындау құқығы бар ішкі істер органының немесе бөлімшесінің бастығына жіберіледі, ол келіп түскен материалдарды қарайды және оң шешім шығарылған кезде үміткерді арнайы тексеруді жүргізу үшін оларды кадр аппаратына жібереді.

15. Арнайы тексеру қызметке іріктеп алынатын адамдарды зерттеудің құралы болып табылады және үміткерлер мен олардың жақын туысқандарына (оның әкесі, шешесі, туған ағалары мен апалары, әйелі (күйеуі), оның әкесі, шешесі, туған ағалары мен апалары, үміткердің 14 жасқа толған балалары) қатысты мәліметтерді анықтау мақсатында жүргізіледі. Бұл ретте тізім (Нұсқаулыққа N 4 қосымша) толтырылады.

Арнайы тексеруге ішкі істер органдарына қызметке қатардағы және басшы құрамдағы лауазымдарға, оның ішінде Ішкіісминнің оқу орындарына оқуға қабылданатын адамдар жатады.

Егер де үміткердің, оның әйелінің (күйеуінің) жақын туысқандарының бірі ішкі істер органдарында қызметте тұрса, оған тексеру жүргізілмейді, отбасының қалған мүшелері жалпы негізде тексеруге жатады.

Арнайы тексеруге жататын адамдар ішкі істер органдарының, ҰҚК-ның жедел есептері бойынша тексеріледі. Арнайы тексеру туған жері мен тұрғылықты жері бойынша, ал үміткерлерді арнайы тексеру - сондай-ақ олардың үш жылдан астам тұрған барлық бұрынғы тұрғылықты жерлері бойынша жүзеге асырылады. Бір мезгілде, кадр аппараты Қазақстан Республикасының Бас

прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есептер комитетіне немесе аталған Комитеттің облыстық прокуратуралар жанындағы басқармаларына үміткерге арналған сұрау салуды толтырады.

Ішкі істер органдарына қызметке қабылданатын адамдарға мемлекеттік қызметке қабылданатын азаматтар ретінде арнайы тексеріс жүргізіледі.

Ұлттық қауіпсіздік органдарына жіберілетін, мемлекеттік органның кадр қызметіне ұсынылатын арнайы тексеріске жататын адамдар туралы материалдарда:

1) тексерілушінің және оның туған-туыстарының туған жылы мен жерін, жұмыс немесе оқу орнын, атқарып отырған лауазымы мен тұрғылықты жерін көрсете отырып, оларға (әйеліне, күйеуіне, әкесіне, шешесіне, аға-інілеріне, апа-қарындастарына, сіңлілеріне, 18 жасқа толған балаларына) толық анық деректері;

2) атқарған лауазымын, органның, ұйымның атауын және оның орналасқан жерін көрсете отырып, ресімделетін адамның еңбек қызметі туралы;

3) ресімделуші адамның шет елде туған-туысының бар-жоғы туралы мәліметтер болуы тиіс.

Мемлекеттік қызметке үміткер 1)-3) тармақтарда көрсетілген мәліметтерді сауалнамада (1-қосымша) және өмірбаянда (2-қосымша) жазады және оны ІІО кадр қызметінің басшысы қол қойып бекітеді.

Материалдарға:

1) кірістері мен мүліктері туралы декларацияны тапсыру туралы салық органдарынан алған анықтаманың көшірмесі;

2) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

3) 3,5 х 4,5 фотосуретінің 2 данасы қоса беріледі.

Белгіленген нысандағы талап қағазының бланкісінде (5-қосымша) адресатты және жіберушіні көрсетпей, осы Нұсқаулықтың 15-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мәліметтер ғана толтырылады.

Арнайы тексерудің нәтижелері ішкі істер органдарына қабылдау туралы қорытындының екінші бөлімінде көрініс алады, онда "Қызметке қабылдауға қайшы келетін мәліметтер жоқ" деген жазба жасалады және арнайы тексеруді жүргізген адамның қолы қойылады.

Жедел есептер бойынша тексеру талаптардың (Нұсқаулыққа N 5 қосымша) ескерілуімен, лауазымға тағайындау құқығы бар бастық бекіткен белгіленген нысандағы жоспар бойынша (Нұсқаулыққа N 6 қосымша) жүргізіледі. Үміткердің әйелінің (күйеуінің), олардың жақын туысқандарының сотталғандығы туралы мәліметтер, сондай-ақ теріс сипаттағы басқа да мәліметтер алынған кезде қорытындыда жасалған қылмыстың қоғамдық қауіптілігі, туысқандық дәрежесі, алдағы қызметінің сипаты, сотты болған

туысқандарының үміткерге теріс ықпал етуі, үміткердің сотты болған туысқандарына материалдық және өзге де тәуелді болуы ескеріле отырып, үміткерді қызметке қабылдаудың мүмкіндігі негізделеді.

Арнайы тексеру аяқталғаннан кейін кадр аппаратының қызметкері арнайы тексерудің нәтижелері туралы қорытынды (Нұсқаулыққа N 7 қосымша) толтырады.

Арнайы тексерудің материалдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есептер жөніндегі комитетінен немесе аталған Комитеттің облыстық прокуратуралар жанындағы басқармаларынан келген жауап лауазымға тағайындау құқығы бар бастыққа бекіту үшін баяндалады. Қызметке қабылдау туралы мәселе оң шешілген жағдайда нәтижелері үміткерді пайдалану жоспарланып отырған органның, салалық бөлімшенің басшысына хабарланады.

Үміткерді қызметке қабылдаудан бас тарту туралы шешімнің себептері оған хабарланады.

Арнайы тексеру жүргізудің жоспарын қамтитын арнайы тексерудің материалдары, арнайы тексеру жөніндегі талаптар, қорытынды, ішкі істер органдарының әкімшілік есептері бойынша зерттеу мен тексерудің рапорттары, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есептер жөніндегі комитетінен немесе аталған Комитеттің облыстық прокуратуралар жанындағы басқармаларынан келген жауаптар жеке істің 5-бөлігіне тігіліп, нөмірленеді және осы бөліктегі құжаттардың тізбесіне енгізіледі.

Ішкі істер органдарына қызметке қабылданбаған үміткерлерге арналған арнайы тексеру материалдары бір жыл өткеннен кейін жойылады.

Одан кейін кадр аппаратының қызметкерлері 7-қосымшаға сәйкес тиісті қорытынды бекіте отырып, кем дегенде бес жылда бір рет арнайы тексеріс жүргізеді.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2004.07.23 N 428 , 2008.03.15 N 97 Бұйрықтарымен.

16. Ішкі істер органдарына қызметке қабылдау туралы қорытындының үшінші бөлімінде әскери-дәрігерлік комиссия, дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтер тапсыру мен психофизиологиялық тексеруден өтудің нәтижелері туралы жазба жасалады.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

16.1. ІІО қызметке үміткер арнайы алғашқы оқытудан өткенге дейін сынақ мерзімімен, арнаулы атақ берілмей және кадрға қабылданбай тиісті лауазымға тағайындалады.

Ескерту. 16-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

17. Ішкі істер органдарына қызметке қабылдау туралы қорытынды (оқуға үміткерлерді қоспағандағы) үміткерді зерттеуді жалғастыру үшін, оның ішінде көзделіп отырған лауазымда жұмыс істеуге қажет болатын қасиеттерді анықтау мақсатында нақты тапсырмалар беріле отырып, бөлімшеге жіберіледі.

Үміткерлерді нақты тапсырмалар арқылы зерттеуді салалық бөлімшенің аса білікті қызметкерлері жүргізеді.

Әрбір тапсырма бойынша үміткерге міндетті түрде оны орындаудың тәсілдері мен мінез-құлық таныта білу туралы нұсқама беріледі. Үміткерге берілетін тапсырмалар нақты, бөлімшенің құзыретіне енетін мәселелерді шешуге бағытталған, орындауға болатын және заңдылық талаптарына жауап беретін болуы тиіс. Тапсырмалар іс жүргізу қимылдарын өзінше жүргізумен және қызмет атқарумен байланысты болмауы керек. Тапсырмаларды орындау үміткердің моральдық, іскерлік және жеке қасиеттеріне, оның өзін пайдалану көзделіп отырған лауазым бойынша міндеттерін орындай білу қабілетіне баға беруге мүмкіндік беретін бастамашылығын, іс-қимыл белсенділігін қарастыруы керек.

Үміткерге оның өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін тапсырмалар беруге үзілді-кесілді тыйым салынады.

Үміткер міндетті түрде орындалған тапсырмалары туралы жазбаша есептер ұсынуы тиіс. Осы есептер бойынша зерттелетін адамның өз ойларын қисынды және бір ізді мазмұндай алуы, жинақталған ақпаратты бір жүйеге келтіре білуі, топтастырып, талдай білуі, дұрыс қорытынды жасап, ұсыныстар шығара білуі тексеріледі.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

18. Үміткерді зерттеу процесінде ішкі істер органдарына қызметке орналасатын адамдарға қойылатын жалпы талаптармен қатар нақты лауазымда жұмыс істеуге қажетті қасиеттері анықталады.

19. Зерттеудің нәтижелері ішкі істер органдарына қызметке қабылдау туралы қорытындының төртінші бөлімінде мазмұндалады. Зерттеуді кімнің жүргізгендігі, үміткерге қандай нақты тапсырмалар берілгендігі, оларды қалай орындағандығы, өзінің болашақ жұмысына қажетті қандай қасиеттерді танытқандығы көрсетіледі, үміткерді қандай да бір лауазымда пайдалану мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы қорытынды жасалады. Сонымен бірге, міндетті түрде үміткерді және оның жеке ерекшеліктерін сипаттайтын

мәліметтер көрсетіледі.

Тексерілмеген оң да, теріс те деректерді көрсетуге, сондай-ақ үміткерді пайдалану жөніндегі ұсыныстарда оларға сүйенуге тыйым салынады.

20. Үміткерді зерттеу аяқталғаннан кейін ішкі істер органдарына қызметке қабылдау туралы толтырылған қорытынды үміткерге арналған жеке істің материалдарын одан әрі ресімдеу үшін кадр аппаратына жіберіледі.

Ішкі істер органдарына қызметке қабылдау туралы қорытынды қызметке жетекшілік жасаушы орган бастығының орынбасарымен, үміткерді пайдалану көзделіп отырған салалық бөлімшенің басшыларымен және кадр аппаратымен келісіледі. Бір мезгілде аталған басшылардың үміткермен жеке кездесуі ұйымдастырылады.

Қорытындыны лауазымға тағайындау құқығы бар органның, бөлімшенің бастығы бекітеді.

21. Оған қатысты лауазымға тағайындау туралы шешім қабылданған үміткер өз қолымен қызмет өткеру жағдайларымен, материалдық және зейнетақымен қамтамасыз етумен танысқандығы, қызметтік тәртіп пен заңдылықты бұзғаны үшін жауапкершілігі туралы ескертілгені туралы міндеттеме жазады. Бір уақытта ресімделетін адам мемлекеттік және қызметтік құпияларды құрайтын мәліметтерді жарияламау туралы, сондай-ақ "Сыбайлас жемқорлық туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген шектеулер бойынша мемлекеттік қызметшінің міндеттемесін береді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

22. Қарулы Күштерден және басқа да әскери құрамалардан тікелей босатылғаннан кейін қызметке қабылданатын адамдарға әскери бөлім басшылығының мінездеме-ұсынымы сұратылады.

23. Жасақтаудың басқа да көздерінен қызметке қабылданатын адамдарға соңғы, ал қажет болғанда оның алдындағы жұмыс орнынан кәсіпорынның, ұйымның жетекшісі қол қойған мінездеме сұратылады.

24. Зерделеу материалдары жеке іске тігіледі, кадр аппараты үміткердің жеке ісін, қызмет берген ұсынымхатты және еңбек шартын оны лауазым бойынша үш айға дейінгі сынақ мерзімімен тағылымдамадан өтуге тағайындау үшін басшыға ( тағайындау және босату құқығы бар) баяндайды.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

25. Сынақ мерзімі аяқталғаннан кейін лауазым бойынша тағылымдамадан өтуші болып тағайындалған үміткерлер және олардың жеке істері арнайы алғашқы оқытудан өту үшін Министрліктің оқу орнына жіберіледі. Алғашқы оқытуға жіберу тиісті бұйрықпен ресімделеді.

Алғашқы арнайы оқу курстарының тыңдаушылары қатарына қабылданған тағылымдамадан өтушілерге Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 желтоқсандағы N 1644 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) қолданылады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

26. Алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

27. Алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

28. Алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

28-1. Тағылымдамадан өтушіні жіберген орган оны арнайы алғашқы оқытуды аяқтағаннан кейін лауазымға қайта тағайындайды және арнаулы атақ беруге ұсынады.

Ескерту. 28-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

29. Алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

30. Қатардағы және басшы құрамдағы лауазымдарға тағайындалған немесе ІІО кадрына қабылданған әскери міндеттілер, ІІО жүйесі оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларын қоса есептегенде, белгіленген тәртіппен әскери есептен шығарылады және министрліктің кадрларына есепке қойылады.

Ішкі істер органдарының кадрына қабылданған әскери міндетті әскерге шақырылушыларды, запастағы солдаттарды (матростарды), сержанттарды (старшиналарды), министрліктің оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларын қоса алғанда, әскери есептен шығару үшін ІІО кадр аппараттары әскери міндеттілерді есепке алған жерлері бойынша жергілікті әскери басқару органдарына дәлелді ұсынымдар, N 1 нысан бойынша жеке тізімдер (8-қосымша), әскери билеттер мен тіркеу куәліктерін жібереді.

Тиісті белгілер жасалған әскери билеттер ішкі істер органдарының кадр аппараттарына қайтарылуы тиіс.

Запастағы офицерлерді әскери есептен шығару үшін Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының және Ішкіісмин оқу орындарының кадр аппараттары запастағы офицерлер есепке алынған жердегі жергілікті әскери басқару органдарына ұсынымдар жібереді. Ұсынымдарға запастағы офицерлердің N 2 нысан бойынша жеке тізімдері (Нұсқаулыққа N 9 қосымша) мен әскери билеттері қоса беріледі.

Тиісті белгілер жасалған әскери билеттер және жетондарымен бірге қысқартылған әскери істер офицерлерді әскери есептен шығару туралы ұсыным қозғаған ішкі істер органдарының кадр аппараттарына қайтарылады.

Ескерту. 30-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

31. Ішкі істер органдарында қызметте немесе олардың кадрларында тұрған қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға, әскери-тергеу бөлімшелері әскери қызметшілеріне (бұдан әрі - қызметкерлер) белгіленген үлгідегі қызметтік куәліктер беріледі, ал жоғары, аға және орта басшы құрамның арнаулы атақтары бар қызметкерлерге сондай-ақ оларға берілген жеке нөмірлері көрсетіле отырып жетондар беріледі.

Жеке нөмірлер беруді бір мезгілде орта немесе аға басшы құрамның алғашқы арнаулы атағын беру арқылы Министр жүргізеді. Запастағы офицерлердің және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінен, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларынан, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, қаржы полициясының, кеден органдарынан, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінен келген адамдардың, ішкі істер органдарының бұрынғы қызметкерлерінің, сондай-ақ ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің осыған ұқсас құрылымдары мен құқық қорғау органдарынан келген қызметкерлердің бұрын берілген жеке нөмірлері сақталады. Запастағы офицерлердің жеке нөмірлері бар жетондар әскери басқару органдарынан келіп түседі.

Жеке нөмір мен басшы құрамның алғашқы арнаулы атағын беру кезінде қызметкерлерге қызмет орны бойынша есепке алу карточкалары толтырылады. Жоғары, аға немесе орта басшы құрамның арнаулы атақтары бар қызметкерлерді орталықтандырылған есепке алуды Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің кадр аппараты жүзеге асырады.

Ескерту. 31-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

32. Ішкі істер органдарының қызметкері отбасы жағдайы өзгерген, өзі немесе жақын туысқандары қылмыстық жауапкершілікке тартылған, олардың бірі шетелге тұрақты тұруға шыққан жағдайларда ол туралы үш күндік мерзімде тікелей бастығына рапортпен баяндауға міндетті. Рапорт орган, бөлімше басшысының қабылдаған шешімімен бірге кадр аппаратына беріледі және қызметкердің жеке ісіне қоса тіркеледі.

Егер де қызметкердің осы тармақтың бірінші абзацында мазмұндалған фактілерді біле тұра жасырғандығы анықталған болса, оған қатысты қызметтен босатуға дейінгі тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылады.

Жаңа мән-жайлар туындағанда (некеге отыру, шетелге шығу, балаларының және басқа да жақын туысқандарының кәмелеттік жасқа толуы және т.с.с.)

Нұсқаулықтың 15-тармағында көзделген қосымша тексеру іс-шаралары жүргізіледі. Нәтижелері туралы қорытынды толтырылады (Нұсқаулыққа N 7 қосымша), ол тиісті бастыққа баяндалады және арнайы тексерудің қосымша материалдарымен бірге арнайы тексеру материалдарына қоса тіркеледі.

## 4. Ішкі істер органдарына қызметке және Ішкіісминнің оқу орындарына оқуға қабылдаудың келісім-шарттық нысаны

33. Ішкі істер органдарына қызметке және Ішкіісминнің оқу орындарына оқуға қабылданатын адамдар үшін қызмет өткерудің мерзімдері, тараптардың міндеттемелері мен жауапкершілігі келісім-шартта (Нұсқаулыққа N 10, 11 қосымшалар) айтылады.

34. Үміткерді ішкі істер органдарына қызметке және Ішкіісминнің оқу орындарына оқуға келісім-шарт бойынша қабылдау, сондай-ақ келісім-шарттың қолдану мерзімін ұзарту құқығы лауазымға тағайындау құқығы берілген бастықтарға беріледі.

35. Ішкі істер органдарына қызметке және Ішкіісминнің оқу орындарына оқуға келісім-шарт бойынша орналасқан үміткерлерге оны өткерудің Ережемен реттелетін жалпы тәртібі мен шарттары таралады. Келісім-шарт жасау кезінде тараптардың келісімі бойынша қызмет ерекшеліктері, сондай-ақ ішкі істер органының немесе бөлімшесінің материалдық және қаржылық мүмкіндіктері ескеріле отырып, қосымша шарттар белгіленуі мүмкін.

Егер де келісім-шартта қызметкердің басқа бір жерге қызметке ауысуы қарастырылса, тараптар қосымша кепілдіктер мен қолданыстағы заңнамада көзделген мөлшерден төмен болмайтын өтемақыларды белгілейді.

Келісім-шарттың қосымша шарттары қызметкердің қызметтік немесе әлеуметтік жағдайын төмендетпеуі, қолданыстағы заңнамаға және Ережеге қайшы келмеуі тиіс.

Ескерту. 35-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

36. Министрліктің оқу орындарына оқуға түсетін, сондай-ақ оқудың ақысын ІІО қаражаты есебінен төлей отырып, Министрліктің жолдамасы бойынша шетел мемлекеттері ІІО жоғары оқу орындарына түсетін адамдар оқу орындарында оқу мерзіміне және бір уақытта Қазақстан Республикасы ІІО-да, оқу орнын аяқтағаннан кейін әскери қызметші, орта және аға басшы құрамдағы лауазымдарда күнтізбелік есеппен бес жыл қызмет өткеру туралы келісім-шарт жасасады.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

37. Келісім-шарт қабылдау комиссиясының министрліктің оқу орнына қабылдау туралы шешімі шыққаннан кейін жасалады. Ол жазбаша түрде толтырылады және оған үміткер (тыңдаушы, курсант), ІІО-ның және оқу орнының тиісті басшысы (лауазымға тағайындау құқығы бар) қол қояды. Келісім-шарт екі данада ресімделеді, оның біреуі жеке іске тігіледі (III бөлім), ал екіншісі қызметкерге (тыңдаушыға, курсантқа) беріледі.

18 жасқа толмаған үміткермен (тыңдаушымен, курсантпен) келісім-шарт жасалған жағдайда оның ата-анасының, асырап алушыларының немесе қамқоршыларының келісімі талап етіледі, ол заңнамалық тәртіппен ресімделеді.

Келісім-шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және тек тараптардың келісімі бойынша ғана өзгертілуі мүмкін. Ол қызметкерді лауазымға тағайындау туралы бұйрық шығару үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 37-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

38. Қызметкерді лауазымға тағайындау кезінде ішкі істер органының басшысы оны келісім-шарттың шарттары мен Ереженің талаптарына сәйкес қызметте пайдалануға міндетті.

Ішкі істер органдарының қызметкерлерін қызмет бабында келісім-шарттың шарттарымен көзделмеген ауыстырулар (аттестациялық тәртіпте қызметке сәйкес келмеуінен, сондай-ақ тәртіптік жазалау ретіндегіден басқа) олардың жеке мүмкіндіктері мен кәсіби дағдылары, жұмыс тәжірибесі, іскерлік және жеке қасиеттері, денсаулық жағдайы ескеріле отырып, тек қана олардың келісімі бойынша және Ереженің 60-тармағында белгіленген негіздер бойынша жүргізіледі.

Қызметкерді қызмет бабында ауыстыру кезінде жасалған келісім-шарттың шарттарына ауыстыру туралы бұйрық шығаруға негіз болып табылатын өзгерістер енгізілуі тиіс.

Қызметкерді оның келісімімен ол үшін жаңа мамандық бойынша лауазымға ауыстыру қажет болған жағдайда келісім-шарт кейіннен қызметкерді тиісті курстарда (жиындарда) қайта даярлау арқылы қайта жасалуы тиіс.

Ескерту. 38-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

39. Келісім-шарттың мерзімі аяқталғаннан кейін, егер де ол белгіленген тәртіппен бұзылмаған болса, қызметте болудың шекті мерзімі туындайтын жағдайларды қоспағанда, келісім-шарт дәл сол мерзімге ұзартылды деп есептеледі.

40. Келісім-шарт онда көрсетілген негіздер бойынша мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін. Келісім-шартты Ереженің 91-тармағының "к", "м", "н", "о" тармақшалары бойынша бұзуды есептемегенде, оны мерзімінен бұрын бұзуға

мүдделі тарап екінші тарапты бір ай бұрын жазбаша ескертуге міндетті.

ІІО қызметкері Министрліктің оқу орнын бітіргеннен кейін ІІО-да одан әрі қызмет өткеруден бас тартқан не болмаса келісім-шартты Ереженің 91-тармағының "д", "е", "ж", "з", "к", "л", "м", "н", "о", "п" тармақшалары бойынша мерзімінен бұрын бұзған жағдайда ол оқу кезінде стипендияға, тамаққа, киім-кешекке жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке өтейді. Ұстауға жататын сома келісім-шарттың мерзімі аяқталғанға дейін толық өткерілмеген әр айға тең есептеледі.

Министрліктің оқу орындары күндізгі оқу бөлімшелерінің әскерге шақыру жасына жеткен және үлгермегені, тәртіпсіздігі, сондай-ақ өз еркі бойынша оқудан шығарылған курсанттары (тыңдаушылары) оқу кезінде стипендияға, тамаққа, киім-кешекке жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке өтейді. Ұстауға жататын сома оқу орнында болған әр толық айға тең есептеледі.

Бюджет қаражатын мемлекет пайдасына алу заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

41. Тараптар арасында келісім-шарттың шарттарын орындауға байланысты даулар туындаған жағдайда мұндай тартыс қызметкер мен ішкі істер органының немесе Ішкіісмин оқу орнының басшысы арасындағы тікелей келіссөздер арқылы реттелуі, ал келісімге келмегенде - жоғары тұрған ішкі істер органында, сотқа шағымдану арқылы қаралуы тиіс.

## 5. Сынау мерзімі

42. Сынау мерзімін (үш айдан аспайтын) тағайындау туралы шешімді лауазымға тағайындау құқығы бар бастық қабылдайды. Сынау мерзімінің ұзақтығы қызметке қабылдау туралы бұйрықта көрсетіледі. Сынау кезеңінде өтілші лауазымға байланысты негізгі міндеттер мен тапсырмаларды орындаумен қатар тікелей бастығының және ішкі істер органы бастығының бұйрығымен бекітілген тәжірибелі қызметкерлер қатарындағы қосшысының жетекшілік етуімен қызмет орнындағы жеке үйренуден өтеді.

43. Өтілшіге табельдік атыс қаруын және арнайы құралдарды алып жүру мен сақтауға рұқсат етілмейді. Өтілшіні оның өміріне қауіп төнетін не болмаса оның дербес іс-қимылдары кәсіби дайын болмауына байланысты заңдылықтың бұзылуына, азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін шектеуге әкеліп соғатын болса, жедел іс-шараларда пайдалануға тыйым салынады.

44. Сынау мерзімінің ұзақтығы біржақты тәртіппен де, тараптардың келісімі бойынша да ұзартылмайды.

Өтілшінің еңбекке уақытша жарамсыз болу кезеңі, сондай-ақ дәлелді себептер бойынша оның жұмыста болмаған уақыты сынау мерзіміне жатпайды.

45. Сынау мерзімі кезінде өтілшілерге атқаратын лауазымы бойынша кестемен көзделген лауазымдық жалақы төленеді, сондай-ақ арнаулы атақтары жоқ қызметкерлердің тиісті санаттары үшін белгіленген басқа да төлемдер жүргізіледі.

46. Өтілшіні босатуға байланысты мәселелерді шешу кезінде еңбек туралы заңнаманы басшылыққа алу керек.

47. Сынау мерзімі аяқталғаннан кейін өтілші сынау мерзімін өткен ішкі істер органының құрылымдық бөлімшесінің бастығы Нұсқаулыққа N 3 қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытынды жасайды.

Қорытындыны ішкі істер органдарының бастығы (тағайындау және қызметтен босату құқығы берілген) бекітеді және ол сынау мерзімінен өткен тағылымдамадан өтушіні арнайы алғашқы оқытуға жіберу не болмаса сынау мерзіміне шыдамаған адам ретінде қызметтен босату туралы бұйрық шығару үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 47-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

48. Өтілшімен еңбек қатынастары сынау мерзімі өткенге дейін, еңбек заңнамасында көзделген тәртіппен және негіздер бойынша тоқтатылуы мүмкін.

Сынау мерзіміне шыдамаған адамдар ретінде немесе осы кезеңдегі басқа да себептер бойынша ішкі істер органдарынан босатылған адамдардың еңбек кітапшаларында мынадай: "Ішкі істер органының атауы. Сынау мерзімі үш айға дейінгі лауазымға (лауазымы көрсетіледі) өтілші болып қабылданды. Мына негізде (еңбек туралы заңнаманың бабы көрсетіледі) босатылды" деген айыру белгілері бар жазба жасалады.

Ескерту. 48-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

## Құқықтар, міндеттер және жауапкершілік

## 6. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің Ант қабылдау тәртібі

49. Мыналар:

1) ішкі істер органдарына қызметке алғаш рет орналасушы адамдар - тек қана арнаулы атақ берілгеннен кейін;

2) Ішкіісминнің орындарының бұрын Ант қабылдамаған курсанттары, тыңдаушылары - оқуға қабылданғаннан кейін екі айдан кешіктірілмей;

3) бұған дейін қандай да бір себептер бойынша Ант қабылдамаған ішкі істер органдарының қызметкерлері Ант қабылдайды.

Ескерту. 49-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

50. Ант ішкі істер органы бастығының, бөлімше командирінің жетекшілік етуімен ішкі істер органдарының бөлімшелерінде салтанатты түрде қабылданады.

Рәсімді өткізудің уақыты мен орны, қызметкерлердің киім кию нысаны және басқа да мән-жайлар тиісті бұйрықта көрсетіледі. Ант қабылдау кезінде мемлекеттік рәміздер мен ішкі істер органдарының рәміздері (Жалау, Қазақстан Республикасының Туы, Мемлекеттік әнұраны) пайдаланылады.

Тағайындалған уақытта ішкі істер органының жеке құрамы белгіленген тәртіппен сапқа тұрғызылады. Ант қабылдайтын қызметкерлер саптың бірінші қатарларында тұрады. Ішкі істер органының бастығы, бөлімше командирі Ант қабылдаудың мәнін, ішкі істер органдары қызметкерлерінің қызметтік борышын орындаудағы жоғары жауапкершілігін қысқаша айтып түсіндіреді. Сөзін аяқтағаннан кейін бастық (командир) Ант қабылдауға кірісуге команда береді.

Ант қабылдаушылар саптан кезек-кезек шақырылып, олардың әрқайсысы Анттың мәтінін (Нұсқаулыққа N 12 қосымша) дауыстап оқиды, содан соң Анттың мәтіні бар арнайы бланкіге өзінің қолын қойып, команда бойынша сапқа тұрады.

Ант қабылдау аяқталғаннан кейін бастық (командир) Ант қабылдағандарды құттықтайды, содан соң Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны орындалады және жеке құрам салтанатты маршпен өтеді.

Ескерту. 50-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

51. Қызметкер қолын қойған, Анттың мәтіні бар бланк жеке іске қосылады.

52. Қызметкерлерге дер кезінде Ант қабылдату жауапкершілігі, қызметкерлердің Ант қабылдауын ұйымдастыру мен есепке алу бөлімше басшыларына және кадр аппараттарына жүктеледі.

## 7. Ішкі тәртіп

53. Әрбір ішкі істер органында қызметтік жұмыстың ерекшеліктерімен және жедел жағдаймен, жыл мезгілімен, жергілікті жағдайлармен және басқа да нақты мән-жайлармен анықталатын, қатаң түрде реттелген күн тәртібі белгіленеді.

Күн тәртібі жұмыстың басталу және аяқталу уақытын, түскі үзілістің

басталуы мен ұзақтығын, азаматтарды қабылдау уақытын (тұрғындарға аса тиімді болатын), қызметкерлердің жекелеген санаттарының қызмет атқару кезегін белгілейді. Қажет болғанда, ол жоғары тұрған органның бастығымен, тиісті билік органдарымен келісіледі және ішкі істер органы, Ішкіісминнің мекемесі, оқу орны бастығының бұйрығымен бекітіледі.

ІІО-ның қызметтік үй-жайларында жұмыс уақытында жедел бөлімшелердің қызметкерлерінен басқа аттестацияланған құрам, міндетті түрде тек қана нысанды киімде болуы керек.

Ескерту. 53-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

54. Қызметкерлер, қажет болғанда, тек қана ішкі істер органы басшысының немесе оны ауыстырушы адамның жазбаша бұйрығы бойынша, тиісті өтемақылар беріле отырып, белгіленген уақыттан тыс қызметке тартылуы мүмкін.

Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне заңмен белгіленген уақыттан тыс, демалыс және мерекелік күндері қызметтік міндеттерін атқарғаны үшін, сондай-ақ түнгі уақыттағы қызметі үшін өтемақылар беру қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 54-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

54-1. ІІО қызметкерлеріне министрліктің медициналық мекемелерінде қызмет көрсетіледі. Қызмет орны немесе тұратын жері бойынша ІІО жүйесінің медициналық мекемелері болмаған жағдайда немесе оларда тиісті бөлімшелер, қажетті мамандар, не болмаса арнайы құралдар болмаса, сондай-ақ шұғыл жағдайларда оларға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық көмек көрсетіледі.

Қызметке уақытша жарамсыздығы кезінде қызметкер:

бір тәуліктен кешіктірмей емделу режимі мен емдеу мекемесін көрсете отырып, жұмысқа уақытша жарамсыздығы фактісі туралы тікелей басшысын (қарамағындағы қызметкерлер - кадр аппаратын) хабардар етеді;

емделу курсы ұзаққа созылған жағдайда (екі айдан астам) ұзарту туралы белгі қойып, жұмысқа уақытша жарамсыздығы туралы парақшаны тікелей басшыға (оның қарамағындағы қызметкерлер - кадр аппаратына) жібереді;

емделу аяқталғаннан кейін жұмысқа уақытша жарамсыздығы туралы парақшаға тікелей басшы қызметкердің өз қызметтік міндеттерін орындауға кіріскені туралы белгі қояды, қызметкер оны кадр аппаратына ұсынады. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мекемесі берген жұмысқа уақытша жарамсыздығы туралы парақшаны ІІО жүйесінің емдеу

мекемесі растауы тиіс.

Ескерту. 54-1-тармақпен толықтырылсын - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

## 8. Ішкі істер органдарындағы қызметке, лауазымға қайта алу, арнаулы атағын қайта беру

55. Белгіленген тәртіппен заңсыз түрде ішкі істер органдарынан босатылған, атқарып жүрген лауазымы мен арнаулы атағы төмендетілген деп танылған қызметкерлерді қызметке, лауазымына қайта алу, арнаулы атағын қайта беру тиісті бұйрықты лауазымға тағайындау құқығы берілген бастықтың жоюы арқылы не болмаса жоғары тұрған бастықтардың бұйрықтарымен жүргізіледі. Лауазымға тағайындалғаннан кейін аталған санаттағы қызметкерлердің материалдары министрліктің кадрына қабылдау үшін министрліктің кадр аппаратына жіберіледі.

Бұрын атқарған лауазымына қайта алу мүмкіндігі болмағанда (органды, бөлімшені, оқу орнын қайта ұйымдастыру, жою; лауазымды қысқарту; лауазымға қайта алуға қайшы келетін өзге де заңды негіздердің болуы) қызметкер лауазымдық жалақысы мен шекті арнаулы атағы бойынша тең лауазымға тағайындалады.

Соттың ақтау үкімі, сот шешімі, ақтайтын негіздер бойынша (іс-әрекеттерінде қылмыс құрамының болмауынан, қылмыс оқиғасының болмауынан, қылмыс жасағаны дәлелденбегендіктен) қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы, шешім қабылдаған органның немесе жоғары тұрған органның елтаңбалы мөрмен расталған, белгіленген тәртіппен бекітілген босату, қызмет бабында ауыстыру, атқарып жүрген лауазымынан шеттету, лауазымын төмендету, арнаулы атағын төмендету туралы шешімнің негізсіздігі не болмаса заңсыздығы туралы қорытындысы бар қызметтік тексерулерінің қорытындылары қызметкерлерді қайта алу туралы бұйрық шығаруға негіз болып табылады.

Арнаулы атағын заңсыз немесе негізсіз төмендету фактілері жөніндегі қорытындыларда және бұрынғы арнаулы атағын қайта беру туралы бұйрықтарда кезекті арнаулы атақты беру үшін қызмет өткерген жылдарына есептелетін кезеңдер көрсетіледі.

Ескерту. 55-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

56. Сот шешімдері, қызметтік тексерулердің қорытындылары мен материалдары, сондай-ақ лауазымына, ішкі істер органдарындағы қызметіне қайта алу, арнаулы атағын қайта беру туралы бұйрықтардың көшірмелері қызметкерлердің жеке істеріне қосылады.

57. Қызметкер қызмет бабында ауыстыру, лауазымынан шеттету, лауазымын төмендету, арнаулы атағын төмендету, ішкі істер органдарынан босату туралы шешіммен келіспегенде бұйрықтың көшірмесін талап етуге және мұндай шешім қабылдаған бастыққа не болмаса жоғары тұрған бастыққа келіспеуінің себептерін көрсетілген рапорт бойынша шағымдануға құқылы. Оның өтініші қанағаттандырылмаған жағдайда ол жоғары тұрған инстанцияға немесе сотқа шағымдануға құқылы.

58. Белгіленген тәртіппен заңсыз немесе негізсіз түрде ішкі істер органдарынан босатылған, қызмет бабында ауыстырылған, лауазымынан төмендетілген, арнаулы атағынан төмендетілген деп танылған және тиісінше қызметке, лауазымына қайта алынған, атағы қайта берілген қызметкерлерге келтірілген зиянды өтеу сот шешімдерінің, қайта алу туралы шешім қабылдаған бастықтардың қорытындылары мен бұйрықтарының негізінде жүргізіледі.

59. Қызметкерді ішкі істер органдарынан босату, лауазымынан төмендету, қызмет бабында ауыстыру, арнаулы атағын төмендету туралы заңсыз не болмаса негізсіз шешім қабылдаған немесе қызметке, лауазымына қайта алу, атағын қайта беру туралы аға бастықтың шешімін, соттың шешімін орындауды кешіктірген ішкі істер органдарының лауазым иесі тәртіптік жауапкершілікке тартылады, сондай-ақ қызметкерлерге олардың заңсыз немесе негізсіз түрде босатылуына, қызмет бабында ауыстырылуына не болмаса арнаулы атағының төмендетілуіне байланысты, қолданыстағы заңнамамен белгіленген көлемде төлемдер жасалуына байланысты ішкі істер органына келтірілген зиянды өтейді.

60. Заңсыз соттау, қылмыстық жауаптылыққа заңсыз тарту, бұлтартпау шарасы ретінде күзет қамауына алуды заңсыз қолдану нәтижесінде ішкі істер органдарының қызметкеріне келтірілген зиян тиісті анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура органының елтаңбалы мөрмен расталған қаулысының, сот шешімінің немесе ұйғарымының негізінде анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдары лауазым иелерінің кінәсіне қарамастан толық көлемде өтеледі.

61. Зиянды өндіріп алу құқығы ақтау үкімі шығарылған, қылмыстық іс қылмыс оқиғасының болмауына, іс-әрекеттерінде қылмыс құрамының болмауына байланысты тоқтатылған жағдайларда туындайды.

Ескерту. 61-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

62. Заңсыз күзет қамауында ұстау уақыты, заңсыз жаза өтеу уақыты, сондай-ақ заңсыз түрде қызметтен босатылуына, лауазымынан шеттетілуіне байланысты қызметкерлердің қызмет өткермеген уақыты тиісінше олардың:

1) зейнетақы тағайындау үшін ішкі істер органдарындағы қызмет өтіліне;

2) арнаулы атақтарындағы қызмет өткеру жылдарына;

3) лауазымдық жалақысының мөлшерін анықтау үшін қызмет өтіліне;
4) мамандығы бойынша жұмыс өтіліне есептеледі.
Бұл ретте:

5) егер де босатудың алдында жеңілдікті жағдайларда зейнетақы тағайындау үшін қызмет өткерген жылдарына есептеуге жататын ішкі істер органдарындағы қызметі болса, көрсетілген кезең дәл сол жеңілдікті жағдайларда зейнетақы тағайындау үшін қызмет өткерген жылдарына;

6) негізсіз қылмыстық жауаптылыққа тартылған, негізсіз қуғын-сүргінге ұшыраған және кейіннен ақталып шыққан қызметкерлердің, қамауда ұсталу уақыты, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеу уақыты - бір ай үш айға есептеледі.

Ескерту. 62-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

63. Ішкіісминнің оқу орындарынан заңсыз шығарылған не болмаса қылмыстық жауаптылыққа заңсыз тартылуына байланысты шығарылған тыңдаушылар мен курсанттар Нұсқаулықтың 55-тармағында көрсетілген тәртіппен және негіздер бойынша оқуға қайта алынады.

64. Тиесілік нормалары бойынша тиесілі, бірақ заңсыз сотталуына, қылмыстық жауаптылыққа заңсыз тартылуына, қызметтен заңсыз босатылуына байланысты қызмет өткеру кезеңінде алмаған заттай мүліктердің орнына аталған мақсаттарға ақшалай қаражат бөлінген жағдайда ақшалай өтемақы төленеді.

Ескерту. 64-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

## 9. Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне қызмет өткерген жылдарын есептеу

65. Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне лауазымдық жалақысының мөлшерін анықтау үшін өтілін есептеудің тәртібі Нұсқаулыққа N 13 қосымшада көрсетілген.

66. Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне зейнетақы тағайындау үшін қызмет өткерген жылдарын есептеу Нұсқаулыққа N 14 қосымшада көрсетілген тәртіппен жүргізіледі.

## Арнаулы атақтар

## 10. Арнаулы атақтарды берудің, төмендетудің және олардан айыру тәртібі

67. Алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

68. Ішкіісминнің оқу орындарына оқуға қабылданған және запас бойынша әскери атағы жоқ адамдарға қабылдануымен бірге полицияның қатардағы қызметкері арнаулы атағы беріледі.

Ескерту. 68-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

69. Бұрын ішкі істер органдарында қызмет өткерген адамдар қызметке қайта қабылданған (оқуға қабылданған) кезде лауазымға (оқуға қабылданады) оларда бар арнаулы атақпен тағайындалады.

70. Алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

71. Орта, аға және жоғары аға басшы құрамның лауазымдарына тағайындалатын адамдар оларға арнаулы атақ берілгенше немесе Ішкіісминнің кадрларына қабылданғанша қызметтік міндеттерді қызметшілер ретінде атқарады. Бұл ретте берілетін арнаулы атақтар запастағы атағынан төмен болмауы керек.

Ескерту. 71-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

72. Орта басшы құрамды даярлау курстарын немесе оқытудың қысқа бағдарламасы бойынша ішкі істер органдарының оқу орындарын аяқтаған және орта басшы құрамның лауазымдарына тағайындалған қатардағы және кіші басшы құрамның адамдарына полиция кіші лейтенанты атағы беріледі.

Полиция кіші лейтенанты атағы сондай-ақ орта жалпы білімі бар және арнайы мақсаттағы бөлімшелердің әскери топтары мен жедел қызмет мамандарының лауазымдарына тағайындалған, тағайындалғаннан кейін 6 ай ішінде тесттер мен нормативтерді жақсы тапсырған адамдарға беріледі.

Ескерту. 72-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

73. Басшы құрамның кезекті арнаулы атақтарын беру туралы ұсыныстар қазіргі атақтағы мерзімнің өтуіне дейін 15 күннен кешіктірілмей ішкі істер органдарының кадр аппаратына жолданады.

Арнаулы атақтағы еңбек сіңген мерзімі күнтізбелік есептеу бойынша анықталады. Басшы құрамның алғашқы және кезекті арнаулы атақтарын беруде Министрдің құзыретіне кіретін ұсыныстар осы датаға дейін кезекті атақта еңбек сіңірген мерзімі аяқталмауынша әр айдың 10-на қарай Ішкіісминнің кадр аппаратына жіберіледі. Ішкіісминге, ІІД-не, КІІД-не тікелей бағынышты ішкі істер органдары аталған атақтарды беруге ұсыныстарды тиісінше Ішкіісминге, ІІД-не, КІІД-не, РМК-ға жібереді, ал соңғысы қарастырғаннан кейін -

Ішкіісминнің кадр аппаратына жібереді.

Алынып тасталмаған тәртіптік жазалары бар қызметкерлер кезекті атақ беруге ұсынылмайды.

Ескерту: 73-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2004.07.23 N 428 бұйрығымен .

74. Кезекті арнаулы атақтарын беру туралы бұйрықтар айдың соңғы күндерінде шығарылады.

Кіші басшы құрамның арнаулы атақтарын беру, орта және жоғары басшы құрамның арнаулы атақтарын беру туралы бұйрықтар бөлек жасалады.

Бұйрықтың "Мазмұны" деген тарауында: "Жеке құрам бойынша" деп көрсетіледі. Бұйрықтың мәтіні: "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ережеге сәйкес кіші (немесе орта және аға) басшы құрамның..... арнаулы атағы берілсін" деген тұжырымдамадан басталады.

Берілетін арнаулы атақтар бұйрықтың мәтінінде жоғарыдан төмен қарай түсу тәртібінде (жеке органдар мен мекемелер бойынша ұсыныстар көп болған жағдайда әрбір орган мен мекеме бойынша төмен қарай түсу тәртібінде) көрсетіледі. Ішкі істер органдарында бұрын қызмет өткерген және орта және жоғары басшы құрамның лауазымдарына қабылданғандарды Ішкіісминнің кадрларына қабылдау "Ішкіісмин кадрларына қабылдансын" деген тұжырымдама бойынша жүргізіледі. Ол басшы құрамның алғашқы және кезекті арнаулы атақтарын беру туралы мәтіннен кейін жазылады.

Арнаулы атақтарды беру және Ішкіісмин кадрларына қабылдау туралы бұйрықтардың шамамен алған үлгілері осы Нұсқаулықтың N 15 қосымшасында келтірілген.

Ескерту. 74-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

75. Басшы құрамды арнаулы атақ беруге өз уақытында ұсыну үшін, сондай-ақ ұсыныстарда көрсетілген мәліметтердің анықтығы үшін жауапкершілік пен бақылау ішкі істер органдарына және кадр аппараттарының бастықтарына жүктеледі.

Бұл жағдайда кадр аппараты арнаулы атақ беру құқығы бар бастық бекіткен кезекті арнаулы атақты беруді кешіктіру себептері көрсетілген негізді қорытынды дайындайды.

76. Басшы құрамның алғашқы және кезекті арнаулы атақтарын беруге ұсыныс Нұсқаулыққа N 16 қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізіледі. Кезекті арнаулы атақты мерзімінен бұрын беруге, штаттық лауазымы бойынша көзделген арнаулы атақтан бір саты жоғары атақты беруге, арнаулы атағын төмендетуге және қалпына келтіруге, сондай-ақ Ішкіісминнің кадрлар есебіне

енгізуге ұсыныстар да осы нысанда жасалады.

Ішкі істер органдарына қызметке қабылданған орта және аға басшы құрамдағы адамдарға алғашқы арнаулы атақтарды беруге ұсыныстар оларды лауазымға тағайындағаннан кейін бір апта мерзімінде ресімделеді.

Ішкіісминнің кадр аппаратына Ішкіісмин кадрларына қабылдауға ұсынылатын адамдарға орта және жоғары басшы құрамның бірінші арнаулы атақтарын берумен қоса белгіленген үлгідегі алфавиттік карточкалар мен нөмірлері бойынша есепке алу карточкалары жіберіледі.

Ішкі істер органдарына қызметке қатардағы және басшы құрамдағы лауазымдарға қабылданған адамдарға қатардағы және басшы құрамның бірінші арнаулы атағын беру туралы ұсыныстар бір мезгілде Ішкіісминнің кадрларына қабылдау актісі болып табылады.

77. Басқа министрліктерден, ведомстволардан, әскерлер мен әскери құрамалардан қызмет өткеру үшін ауыстырылған адамдарды қайта аттестациялау аталған санаттағы қызметкерлерді министрліктің кадрларына қабылдай отырып, министрліктің бұйрықтарымен жүргізіледі.

Қайта аттестациялаудан кейін жаңа әскери (арнаулы) атақтағы қызмет өткерген мерзімі мұның алдындағы осыған тең әскери (арнаулы) атақты беру туралы бұйрық шыққан күннен бастап есептеледі.

Қайта аттестациялау кезінде қатардағы, кіші, орта және аға басшы құрамның адамдарына Нұсқаулықта көзделген шарттар сақталған кезде кезекті арнаулы атақтар берілуі мүмкін.

Ескерту. 77-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

78. Басшы құрамдағы адамдарға - министрліктің жоғары оқу орындарының тыңдаушыларына, адъюнктерге, өзге де жоғары оқу орындарында (оның ішінде шетел) оқу кезеңінде резервке қабылданған ІІО қызметкерлеріне кезекті арнаулы атақ беру оқуға түскенге дейін олар атқарған штаттық лауазым бойынша арнаулы атағын ескере отырып жүргізіледі, басшы құрамдағы адамдар оқуға түскеннен кейін осы лауазым бойынша штатта арнаулы атаққа енгізілген өзгеріс (жоғарылату немесе төмендету) ескерілмейді.

Бұл ретте "полиция полковнигі" кезекті арнаулы атағы оқуға түскенге дейін атқарған тиісті штаттық лауазымында кемінде 6 ай қызмет өткерген адамдарға беріледі.

Министрліктің жоғары оқу орындарының тыңдаушыларына және адъюнктеріне арнаулы атақ беруді оқу орындары бастықтарының немесе министрліктің кадр аппараты басшысының ұсынымхаты бойынша Министр жүргізеді.

Өзге де жоғары оқу орындарында (оның ішінде шетел) оқу кезеңінде резервке

қабылданған ІІО қызметкерлеріне арнаулы атақ беру олар қызметке шыққаннан және қызметтік жұмыста нәтижеге қол жеткізгеннен, алдыңғы атағында белгіленген қызмет өткеру мерзімі аяқталғаннан кейін, атқаратын лауазымы бойынша шекті атағына сәйкес келсе оларға кезекті арнаулы атақ беріледі, бұл ретте кезекті арнаулы атақ беруге ұсынымхатта және осы атақты беру туралы бұйрықта алдыңғы арнаулы атағында еңбек еткен мерзімінің аяқталған күні көрсетіледі.

Ескерту. 78-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

79. Полиция капитаны атағы бар қызметкерлерге ІІД, КІІД бастықтарының, оларға тең және жоғары тұрған бастықтардың бұйрығымен полиция майоры кезекті арнаулы атағы запасқа шығумен немесе қызметте болудың шекті жасына келуіне байланысты әскери есептен шығарумен, денсаулығының жағдайына немесе штаттардың қысқаруына байланысты, егер 25 жыл өтілі болса, берілген атақта белгіленген мерзімді өткерсе, полиция капитаны арнаулы атағы қарастырылған лауазымға ие болса және жақсы сипатталса, қоса берілуі мүмкін.

Ескерту. 79-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

80. Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрам санындағы 3 жасқа толғанша баланы қарау бойынша әлеуметтік демалыстағы әйелдерге осы уақыт арнаулы атақта қызмет өткерген мерзімге, сондай-ақ лауазымдық жалақысының мөлшерін анықтау және зейнетақы және үстемеақы тағайындау үшін есептеледі. Олар қызметке шығып, қызметтік жұмыста нәтижелерге жеткен соң, мұның алдындағы атақта белгіленген қызмет өткеруі аяқталған соң, атқаратын лауазымы бойынша шекті атағы сәйкес келгенде оларға кезекті арнаулы атақ беріледі, бұл ретте кезекті арнаулы атақты беру ұсынысында және осы атақты беру туралы бұйрықта мұның алдындағы арнаулы атақта қызмет өткерген мерзімінің аяқталу датасы көрсетіледі.

Ескерту. 80-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 ; 2009.05.20 N 192 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

81. Ережеде көзделген шарттар сақтала отырып, ішкі істер органдарына қызметке қабылданатын запастағы офицерлер Ішкіісмин кадрларында бар әскери атақпен қабылданады.

Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің кадрларына қабылдаудың көрсетілген тәртібі сондай-ақ бұрын ішкі істер органдарында орта және аға басшы құрамның арнаулы атақтарында қызмет өткерген және орта және аға басшы құрамның лауазымдарына қайтадан қабылданып жатқан адамдарға да таралады.

Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің кадрларына алу кезінде запастағы

офицерлерге егер Ішкіісминнің кадрлар есебіне енгізілетін күнге дейін олар нақты әскери қызмет өткеру уақытында берілген әскери атақтағы еңбек сіңіру мерзімін өткерсе немесе берілген әскери атақтағы еңбек сіңіру мерзімін запаста болып (яғни, нақты әскери қызметте белгіленген мерзімнен 1 жыл артық) өткерсе , бірақ тағайындалып жатқан лауазымы бойынша көзделген атақтан жоғары болмаса, алғашқы арнаулы атақ олардың әскери атағынан бір саты жоғары берілуі мүмкін.

Егер ішкі істер органдарындағы, МТК-дағы, қаржы полициясындағы, Төтенше жағдайлар министрлігінде бұрын қызмет өткерген кезеңде олар берілген атақта белгіленген мерзімді өткерген, ал жаңа атақ атқаратын лауазым бойынша шекті атақтан жоғары болмаса, Ішкі істер органдарында, бұрынғы МТК-да, қаржы полициясында, Төтенше жағдайлар министрлікте бұрын қызмет өткерген орта және аға басшы құрамның адамдарына Ішкіісмин кадрлары есебіне қайта енгізілген кезде оларда бар арнаулы атақтан бір саты жоғары атақ берілуі мүмкін.

Егер ІІО-ның, МТК-нің, қаржы полициясының, кеден органдарының, ТЖМ-нің бұрынғы қызметкерлерінің арнаулы атақтарын, Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың, ҰҚК немесе прокуратура органдары офицерлерінің әскери атақтарын беру мерзімі оларды министрліктің кадрларына қабылдағаннан кейін аяқталса, кезекті арнаулы атақ беруді жиынтық есептеу арқылы Ережеге сәйкес - министр, министрлік комитеттерінің төрағалары, облыстардың, Астана, Алматы қалалары, көліктегі ІІД-нің, министрліктің оқу орындарының бастықтары белгіленген тәртіппен жүргізеді.

Ескерту. 81-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

82. Қарулы Күштер қатарында, әскерлер мен әскери құрамаларда, ішкі істер органдарында, ҰҚК-де, бұрынғы МТК-да, қаржы полициясында, кеден органдарында, Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттікте бұрын қызмет өткеріп, запасқа немесе науқастануына, денсаулық жағдайына байланысты отставкаға шыққан адамдар міндетті түрде жергілікті жерлерде әскери-дәрігерлік комиссиядан өтеді. Әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы материалдарымен бірге Ішкіісминнің Орталық әскери-дәрігерлік комиссиясына бекітуге жіберіледі. Ішкіісминнің кадрлар есебіне енгізу туралы ұсынысқа аталған комиссияның қорытындысы туралы анықтама қоса беріледі.

83. Орта және аға басшы құрам лауазымдарына тағайындалған адамдардың арнаулы атақтағы қызмет өткеру мерзіміне олардың әскери қызмет өткеру кезеңіне сәйкес әскери офицерлік атақтарындағы, бұрынғы МТК-да, қаржы полициясында, кеден органдарында, Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттікте орта және басшы құрам атақтарында қызмет өткерген кезеңдегі, сонымен қатар

Ереженің 45-тармағында белгіленген қызмет өткеру мерзімінің есебі бойынша ішкі істер органдарындағы қызметі кезеңіндегі орта және аға басшы құрамның арнаулы атақтарында болған мерзімі есептеледі.

84. Кезекті арнаулы атақты беруді кешіктіру туралы шешім осы Нұсқаулықтың N 17 қосымшасына сәйкес нысанда жасалады. Оған арнаулы атағы кешіктірілген қызметкердің қолы қойылып, таныстырылады және жеке ісінің материалдарына тіркеледі.

85. Кезекті арнаулы атақтың берілгені туралы қызметкердің тікелей немесе тура бастығы атақ беру туралы бұйрық (немесе оның көшірмесі) келіп түскеннен кейін қызметтік кеңестерде, жиындарда немесе жеке құрамның алдында жариялайды.

86. Қызметкерлер арнаулы атақтан бір саты төмендетілуі мүмкін. Бұл ретте кіші басшы құрам лауазымдарындағы қызметкерлер - қатардағы полиция қызметкеріне дейін, ал орта басшы құрам лауазымдарындағы қызметкерлер - полиция кіші лейтенанты дейін төмендетіледі.

Ескерту. 86-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

87. Кіші, орта және аға басшы құрамның арнаулы атақтарын төмендетуге ұсыныстарды тиісті тікелей немесе тура бастықтар дайындайды. Ұсыныста арнаулы атағын төмендетуге негіз болған себептер көрсетіледі. Ұсыныстар арнаулы атақты берген жоғары тұрған бастықтың шешіміне жіберіледі.

88. Қызметкерлер арнаулы атақтарынан сот үкімі бойынша қылмыс жасағаны үшін сотталғанда, сонымен қатар ішкі істер органдары қызметкерлерінің беделін түсіретін теріс қылықтар жасағаны үшін айырылуы мүмкін.

89. Кіші, орта және аға басшы құрам атақтарын төмендетуге (қалпына келтіруге), сондай-ақ атағынан айыруға негіз болған себептері көрсетілген өтініштер команда бойынша арнаулы атағын төмендету немесе тиісті арнаулы атағынан айыру құқығына ие бастықтың шешіміне жіберіледі.

Ішкі істер органдарынан 91-тармақтың к), м), н), о) тармақшалары бойынша қызметтен босатылған басшы құрамдағы адамдар тұрғылықты жері бойынша әскери есепке қою үшін жіберіледі. Бұл адамдарды ішкі істер органдарынан қызметтен босату туралы бұйрық біруақытта оларды жеке құрам тізімінен алып тастау актісі болып табылады.

Ескерту. 89-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

90. Штатта екі арнаулы атақ (полиция капитаны - полиция майоры) көзделген лауазымдарға тағайындалған жоғары білімі бар орта және аға басшы құрамдағы адамдар иеленген лауазымының жоғары кезекті арнаулы атағын беруге (бұл жерде полиция майоры арнаулы атағына) ие болған атақта болудың белгіленген

мерзімі аяқталуына қарай, ал тиісті білімі жоқтар - Ереженің басқа да шарттарын сақтай отырып, иеленген қызметінде бір жыл қызмет өткергеннен кейін ұсынылады.

Ішкіісминнің оқу орындарындағы екі арнаулы атақ көзделген лауазымдар бойынша жоғары шекті атақты иеленген лауазымда бір жыл қызмет өткергеннен кейін берілуі мүмкін.

Осы тармақтың 1-абзацында көрсетілген тәртіп егер осындай атақтарды беру штаттық-ұйымдастыру бұйрықтарында айтылған бөлімнің (бөлімшенің) штаттық санына байланысты болмаған жағдайда ғана қолданылады.

Ескерту. 90-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

## 11. Арнаулы атақтарды беру материалдарын ресімдеудің тәртібі

91. Бірінші және кезекті арнаулы атақтарды беру ұсыныстары Нұсқаулықтың N 16 қосымшасында көрсетілген нысандағы бланкта ресімделеді.

Осы бланктерде кезекті арнаулы атақтарды мерзімінен бұрын беруге, иеленген штаттық лауазымы бойынша көзделген атақтан бір саты жоғары атақ беруге және арнаулы атағын төмендетуге (қалпына келтіруге) ұсыныстар ресімделеді.

92. Арнаулы атақтарды беруге ұсыныстарды толтырғанда қосымша мыналарды ескеру қажет:

1) егер лауазым бойынша екі атақ белгіленген болса, "лауазым бойынша арнаулы атағы" деген бөлімде атақтардың екеуі де көрсетіледі;

2) "штаттық саны, лимит" деген бөлім: бөлімшелер, бөлімдер, қалалық ішкі істер бөлімдері, күзет бастықтарын және олардың орынбасарларын (әрбір жағдайда нақты бірліктегі саны) кезекті арнаулы атақ беруге ұсынғанда толтырылады;

3) қызметкер ұсынылып отырған арнаулы атақ туралы бөлімде осы атақтың атауы қысқартусыз, толық көрсетіледі.

Ішкі істер органдарының орта және аға басшы құрамының арнаулы атақтарында бұрын қызмет өткерген адамдар Ішкіісминнің кадрлар есебіне енгізуге ұсынылғанда "Арнаулы атағын беруге" деген сөздер сызылып тасталынады да, үстіне "Ішкіісминнің кадрлар есебіне енгізуге" деген сөздер жазылады, әрі қарай кадрға қандай арнаулы атақпен енгізілетіні көрсетіледі (мысалы: "Ішкіісминнің кадрлар есебіне полиция майорын енгізуге...").

Лауазым штаттық атауына сәйкес қысқартусыз көрсетіледі.

Орта және аға басшы құрамдағы қызметкерлерге кезекті арнаулы атақ беруге, сол сияқты бұрын ішкі істер органдарында, бұрынғы МТК-да, қаржы

полициясында, кеден органдарында, Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттікте, Қарулы Күштерде, ҰҚК-да, ПКҚ, РҰ, ІӘ қатарында қызмет өткергендерді және запастағы офицерлерді Ішкіісминнің кадрлар есебіне енгізуге ұсыныстарды толтырғанда жеке нөмірлері әкесінің атынан кейін (әкесі болмаған жағдайда, атынан кейін) жазылады. Адамдарды Ішкіісминнің кадрлары есебіне енгізуге ұсыну кезінде лауазымның атауынан кейінгі жолда: "Ішкіісминнің кадрларына енгізуге" деп көрсетіледі;

4) жеке нөмір беру туралы бөлім офицерлік атағы жоқ немесе орта және басшы құрамның арнаулы атағы жоқ адамды орта және аға басшы құрамның алғашқы арнаулы атағын беруге ұсынғанда толтырылады;

5) білімі туралы бөлімде атақ беруге ұсынылып отырған адамның қандай білімі бар екені (орта, арнаулы орта немесе жоғары), сондай-ақ қай жылы қандай оқу орнын бітіргені көрсетіледі. Мысалы: "орта - 1970 жылы Мерке орта мектебін бітірген"; "арнаулы орта - 1972 жылы Талдықорған заң техникумын бітірген"; "жоғары - 1996 жылы Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Алматы жоғары техникалық училищесін бітірген". Егер атаққа ұсынылып отырған бірнеше оқу орнын бітірген болса (мысалы, орта мектепті, техникум және ЖОО), онда білімі деген бөлімде деңгейі жөнінде жоғары оқу орны көрсетіледі (бұл жерде ЖОО). Деңгейі бірдей екі оқу орнын бітірсе (мысалы, екі ЖОО) екі оқу орны да көрсетіледі. Осы бөлімде ғылыми деңгейі мен ғылыми атағы, сонымен қатар Ішкіісминнің Академиясын және әскери оқу орындарын бітіргені жөнінде жазба жасалады.

Егер атаққа ұсынылушы оқу орнында оқитын болса, білімі туралы бөлімде арнаулы орта немесе жоғары оқу орнының қай курсында, қандай факультетінде оқитындығы туралы жазба жасалады да, ұсыныска оқу орнының анықтамасы тіркеледі;

6) "Ие болған атағы" деген бөлімде берілген арнаулы атағы, ал орта және аға басшы құрамның бірінші арнаулы атағын беруге ұсынылған кезде - офицерлік атақ көрсетіледі. Орта және аға басшы құрамның бірінші арнаулы атағын беруге ұсынылған кезде "Арнаулы атақ беруге" деген бөлімде "Кімге" деген сөзден кейін және "Ие болған атағы" деген бөлімде қатардағы және кіші басшы құрамның арнаулы атақтары мен қатардағы, сержанттық, старшиналық құрамның әскери атақтары көрсетілмейді. Атақ болмағанда "Ие болған атағы" деген бөлімде "берілмеген" деген жазба жасалады;

7) әскери есептен шығару, әскери қызметке жарамдылығы және арнаулы алғашқы оқытудан өткендігі туралы бөлімдер басшы құрамның алғашқы арнаулы атағын беруге және Ішкіісминнің кадрлар есебіне енгізуге ұсынылғанда ғана толтырылады;

8) "Қысқаша сипаттама" деген бөлімде атаққа ұсынылушының іскерлік және

моральдық қасиеттері, өз міндеттеріне жауапкершілігі, қызметтік істі жетілдіруі және қол жеткізген нақты нәтижелері, арнаулы атақты беруге қажетті басқа да деректер сипатталады. Басшы құрамның алғашқы арнаулы атағына ұсынылғанда сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнынан (қызметінен) қалай мінезделетіні және міндетті түрде тәртіптік жазаларының жоқтығы көрсетіледі.

Кезекті арнаулы атақты мерзімінен бұрын беруге немесе штаттық лауазымы бойынша көзделген атақтан бір саты жоғары атақ беруге ұсынылғанда қызметкердің атақ беруге қандай нақты еңбегі сіңгені немесе еңбекте қандай көрсеткіштерге жеткені, сондай-ақ мерзімінен бұрын немесе бір саты жоғары атақ бұрын берілмегендігі міндетті түрде көрсетілуі тиіс.

Кезекті атақты беруге ұсыныс кешіктірілгенде ұсыныста осыған негіз болған себептер көрсетіліп, ол туралы шешім ұсынысқа тіркеледі (Нұсқаулыққа N 17 қосымша).

Кезекті арнаулы атақ беруге байланысты даулы мәселелер туындаған кезде шешімді әрбір жағдайға байланысты аттестациялық комиссия шығарады. Қысқаша сипаттамаға, әдетте, атақ беруге ұсынылып жатқан қызметкердің тікелей бастығы қол қояды;

9) "Жоғары бастықтардың қорытындысы" деген бөлімде ұсынылушы оған басшы құрамның арнаулы атағын берудің лайықтығы туралы қорытындылар көрсетіледі.

Адамдарды арнаулы атақтар беруге ұсынатын, сондай-ақ түскен ұсыныстар бойынша қорытындылар беретін бастықтар тиісті қызметтер басшыларының көзқарасын ескереді;

10) ұсынысқа тек қана ұсыныс бланкісінің тиісті бөлімдерін толтыру кезінде лауазымдары көрсетілген бастықтар ғана қол қояды;

11) "Қарулы Күштердегі, ҰҚК-дағы, ҰҚК-да, ПҚК, РҰ, ІӘ МТК-дағы, Ішкіісминдегі, қаржы полициясындағы, кеден органдарындағы ТЖМ-дағы қызмет" деген бөлім жеке істің қызметтер тізімінің тиісті бөлімін толтыру үшін белгіленген тәртіпке сәйкес кезекті атақтар беру кезінде толтырылады.

Бірінші атақ беру немесе ішкі істер органдарының бұрынғы қызметкерлерін кадр есебіне енгізу кезінде бұл бөлімде барлық еңбек қызметі көрсетіледі, бұл ретте 3 айдан астам үзілістердің себептері көрсетіледі.

Ескерту. 92-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2004.07.23 N 428 , 2008.03.15 N 97 Бұйрықтарымен.

## Лауазымға тағайындау, қызмет бабында ауыстыру және жылжыту

## 12. Лауазымға тағайындаудың, қызмет бабында ауыстырудың және жылжытудың тәртібі

93. Қызметкерлерді лауазымға тағайындау Министрліктің лауазымдар номенклатурасының тізбесіне және Министрдің, вице-министрдің, министрліктің есепке алу-бақылау, министрлік комитеттері төрағаларының және департаменттері бастықтарының, ІІД-КІІД бастықтарының, ІІМ оқу орындарының номенклатуралары бойынша лауазымдарға тағайындау тәртібіне сәйкес жүргізіледі. Тағайындау тәртібін министр белгілейді.

Ескерту. 93-тармақ жаңа редакцияда - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

94. Қатардағы және кіші басшы құрамдағы адамдарды қызмет бабында ауыстыру, әдетте, қаланың немесе ауданның шегінде не олар және олардың отбасы мүшелері тұрғын үй көлемімен қамтамасыз етілетін ерекше жағдайларда - облыс (республика) шегінде де жүргізіледі.

Қатардағы және кіші басшы құрамның адамдарын бір облыстан басқа облысқа ауыстыру осы облыстардың ішкі істер органдары басшыларының келісімі бойынша жүргізілуі мүмкін.

Қатардағы және кіші басшы құрам адамдары қызмет бабында ауыстыру кезінде жұмыс тәжірибесі мен даярлығы, жеке және іскерлік қасиеттері, денсаулық жағдайы мен жасы ескеріледі.

Қатардағы және кіші басшы құрамдағы адамдарды қызмет бабында ауыстыру құқығы оларды лауазымдарға тағайындау құзыретіне ие бастықтарға және жоғары тұрған тура бастықтарға беріледі.

Ескерту. 94-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

95. Орта, аға және жоғары басшы құрамдағы адамдарды қызмет бабында ауыстыруға ұсынуды команда бойынша аудандық (қалалық) ішкі істер органының бастығы, оларға тең және тура жоғары бастықтар жүргізеді.

Басшы құрамдағы адамдарды ауыстыруға ұсынатын, сондай-ақ ұсыныстар бойынша шешім қабылдайтын бастықтар кадр аппараттары мен мүдделі қызмет бастықтарының, ауыстырылушы адамдардың пікірін ескереді.

Ауыстыру туралы ұсыныс белгіленген үлгідегі бланкте толтырылады ( Нұсқаулыққа N 18 қосымша). Ұсыныстың мәтінінде кадр резервінде болғаны туралы (жоғары лауазымға ауыстырған жағдайда), соңғы аттестация бойынша ( үш жылдың ішінде) қорытындысы мен әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы Ереженің 61-тармағының а), в)-тармақшаларына сәйкес қызмет бабында ауыстырған жағдайда, сондай-ақ д)-тармақшасы денсаулық жағдайы бойынша және қосымша арнайы тексерудің нәтижелері (қажет болғанда), құпия жұмыстар мен құжаттарға рұқсаттың берілгендігі, үміткерді ұсынған лауазым иесінің тегі (жоғары лауазымға ауыстырған жағдайда), ал қажет болғанда, тағайындауға облыс әкімдерінің келісімі берілгені туралы мәліметтер жөнінде

деректер көрсетіледі.

Ұсыныстармен бірге жоғары тұрған инстанцияға:

1) Министрліктің номенклатурасы бойынша қызметкердің жеке ісі міндетті түрде жіберіледі;

2) қызметкердің баянаты (жеке өтініші бойынша тең немесе төмен лауазымдарға ауыстырғанда);

3) ұсынымхат (18-қосымша);

4) жоғарыда тұрған лауазымдарға ауыстыруға немесе аттестациялық тәртіпте төменгі лауазымдарға ұсынылатын адамдарға қызметтік мінездеме және аттестациялық парақ (Ереженің 23 және 23-1-қосымшалары);

5) екі ұсыныс-пікір (жоғары тұрған лауазымдарға ұсынылатын адамдарға);

6) қызметтік тексеру материалдары немесе тәртіптік комиссияның ұсыныстары (тәртіптік жаза ретінде ауыстыруға ұсынылатын адамдарға);

7) әскери-дәрігерлік комиссияның психофизиологиялық тексеріс нәтижелері бар қорытындысы (жоғары тұрған лауазымдарға ауыстыру немесе басшы құрамдағы адамдардың немесе олардың отбасы мүшелерінің денсаулығына байланысты ауыстыру ұсынылғанда);

8) қызметтік тізім (19-қосымша)

9) (алынып тасталды - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен)

Ескерту. 95-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

96. Ішкі істер органдарының қарамағына қабылдау штаттық-ұйымдастыру іс-шараларын жүргізу кезінде, сондай-ақ қызметкерлерді не ішкі істер органдарының қарамағына қабылдау штаттық-ұйымдастыру іс-шараларын жүргізу кезінде, сондай-ақ қызметкерді неғұрлым рационалды пайдалануды, қызметте бос орындар болған кезде оны қарамағына қабылдау жағдайларынан басқа анықтауды қажет ететін өзге де жағдайларда жүргізіледі. Ішкі істер органдарының карауына қабылдау бұйрық арқылы ресімделеді.

Қарамағындағы қызметкер оны лауазымға тағайындау туралы мәселе шешілгенге дейін өзі оның қарамағында болып табылатын ішкі істер органының, бөлімшесінің қызмет жөніндегі бастығының тапсырмаларын орындайды және еңбекпен қамту мәселесі бойынша кадр аппаратымен күнделікті байланыста болуы тиіс. Қызметте дәлелсіз себептермен болмаған және өзінің жүрген жері туралы кадр аппаратын ақпараттандырмаған жағдайда қарамағында болу мерзімі аяқталғаннан кейін осы санаттағы қызметкерлер Ережеге сәйкес қызметтен босатуға жатады.

Өте қажет болғанда, ішкі істер органдарының әйел-қызметкерлері бала 3 жасқа толғанша оны күту бойынша ақшалай ұстау сақталмайтын қосымша демалыстар ресімдеу кезінде, олар келіскен жағдайда, ішкі істер органдарының

қарамағына қабылдануы мүмкін. Бұл ретте Ереженің 59-тармағындағы талаптар қатаң сақталуы тиіс.

Босаған лауазымдарға (әлеуметтік демалыс кезеңіне) аттестацияланған қызметкерлер рапортында қызметкер әлеуметтік демалысынан шыққан кезде ол міндетті түрде ұсынылған қандай да болсын басқа бос лауазымға ауысатындығы көрсетіле отырып тағайындалады. Әлеуметтік демалыстан шыққанда қызметкер 14 күннің ішінде бұрын атқарған лауазымына не оның келісімімен тең лауазымға тағайындалуы тиіс.

Қатардағы және басшы құрамдағы адамның жүктілігі және босануы бойынша демалыста, бала асырап алған әйелдерге (еркектерге) берілетін демалыста, үш жасқа дейінгі балалары бар аналарға, бала асырап алған әйелдерге (еркектерге) еңбекақысы сақталмай берілетін қосымша демалыста, емдеуде болу кезеңі бұрынғы қызмет орнынан тиісті ІІО орналасқан жерге дейін жолда болған уақыты; жоғары және орта кәсіби оқу орындарының сырттай, кешкі бөлімшелерінің оқу-емтихан сессияларында болу уақыты; қылмыстық іс тоқтатылған немесе ақтау үкімі шыққан жағдайда қамауға алынған күннен бастап босатылған күнін қоса алғанда, қылмыстық жауапкершілікке тартуға байланысты қамауда болған уақыты қарамағында болу мерзіміне есептелмейді.

Ескерту. 96-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2007.03.26 N 114 , 2008.03.15 N 97 Бұйрықтарымен.

97. Қызметкерлерді қызмет бабында жылжыту, әдетте, кадр резервінде тұрған қызметкерлер санынан жүргізіледі. Кадр резервін құру тәртібі Министрдің жеке бұйрығымен белгіленеді.

Ескерту. 97-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

98. Ішкіісмин оқу орындарының оқу бітірушілерін тағайындау мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ оқу орнынан кеткен күнінен бір айдан кешіктірілмей жүргізіледі.

ІІМ жоғары оқу орындарының, сондай-ақ шет елдердің оқу орындары магистратурасының, докторантурасының түлектері бір уақытта кадр резервіне қабылдана отырып, оқуға жіберген ішкі істер органдарының тиісті қызметтерінің кез келген бос лауазымына оқыту бейіні бойынша тағайындалады.

Магистранттар мен докторанттарды тағайындау дербес бөлу хаттамасына сәйкес оқу орындарынан қызметке жіберілген күннен бастап бір ай мерзім ішінде жүргізіледі.

Ескерту. 98-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2009.05.20 N 192 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

99. Орта, аға және жоғары басшы құрамдағы адамдарды ішкі істер органдарынан Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан

Республикасының басқа әскерлері мен әскери құрамаларына, ҰҚК-ға, қаржы полициясы, кеден органдарында, Төтенше жағдайлар министрлігінің, Министрдің бұйрығымен ресімделеді. Қызметкерді қызметке ауыстыру туралы бұйрық бір мезгілде Ішкіісминнің кадрларынан шығару туралы акт болып т а б ы л а д ы .

Қызметкерлерді қызмет бабында жоғары аталған құрылымдардан Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына ауыстыру ІІД, КІІД-нің, Қазақстан Республикасының Ішкіісмині оқу орындарының негізделген ұсынымхаттары бойынша Ішкі істер министрлігі арқылы жүргізіледі.

Қатардағы және кіші басшы құрамдағы адамдарды ішкі істер органдарынан Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құрамаларына, ҰҚК, қаржы полициясы, кеден органдарына, Төтенше жағдайлар министрлігіне қызметке жіберу тиісті ведомстволардың сұраулары бойынша қызметкердің және оның тікелей бастығының келісімін ескере отырып жүргізіледі және осы санаттағы қызметкерлерді тағайындау және қызметтен босату құқығы берілген ішкі істер органының бөлімшесі басшысының бұйрығымен ресімделеді.

Ескерту. 99-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2004.07.23 N 428 , 2008.03.15 N 97 Бұйрықтарымен.

99-1. Қызметкерлерді тағайындауды, ауыстыруды және қызметтен босатуды оларға тағайындау, ауыстыру және қызметтен босату құқығы берілген басшылар министр белгілеген лауазымдар номенклатурасына сәйкес жүргізеді.

Министрдің номенклатурасы бойынша қызметкерлерді тағайындау, ауыстыру және қызметтен босату бұйрықтары, сондай-ақ облыстардың, Астана, Алматы қалаларының, көліктегі ІІД-нің, министрліктің оқу орындарының, министрге бағынысты бөлімшелердің ІІО қызметкерлерін босату немесе қызметтен босату туралы бұйрықтар министрлік бұйрығының шыққан күнін көрсете отырып, осы санаттағы қызметкерлер штатында тұрған бөлімше басшыларының бұйрықтарымен қайта жасалады. Жеке құрам бойынша бұйрықтар тиісті есептер жүргізу үшін органның қаржы қызметіне жіберіледі.

Қызметтік тексерудің, Тәртіптік комиссия ұсынымдарының және жедел кеңес шешімдерінің нәтижелері бойынша қызметкерлерді босату және қызметтен босату туралы бұйрықтар жеке құрам бойынша тіркеледі, бұл ретте қызметтен босату кезінде міндетті түрде қызметтен босатудың тиісті тармақшасы мен тармағы, сондай-ақ қызметте еңбек еткен жылдары көрсетіледі.

Ескерту. 99-1-тармақпен толықтырылды - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

## 13. Қызметкерлерді қызмет бабында басқа жерлерге ауыстыру

100. Қызметкерді қызмет бабында ауыстыру, оның ішінде ішкі істер органдары мен бөлімшелердің орын ауыстыруына байланысты, егер ол келісім-шарт бойынша көзделмесе, оның келісімі бойынша ғана мүмкін болады.

Орта, аға және жоғары басшы құрамдағы адамдарды қызмет бабында басқа жерлерге ауыстырудың олардың денсаулық жағдайы немесе олардың отбасы мүшелерінің денсаулық жағдайлары бойынша мақсатқа сәйкестілігі туралы қорытындыны ішкі істер органдарының әскери-дәрігерлік комиссиясы береді.

101. Қызметкерді қызмет бабында өз бастамасы бойынша ауыстыру тиісті ішкі істер органдары (бөлімшелері) бастықтарының келісімі бойынша ғана мүмкін болады.

102. Қызмет бабында басқа жерлерге ауыстырылған қызметкерлерге белгіленген үлгідегі жолдама беріледі (Нұсқаулыққа N 20 қосымша).

Жолдама 4 бөлшектен тұрады:

1) жолдаманың түбіршегі (оны берген кадр аппаратында қалады);

2) жолдаманың бір бөлігі (жаңа қызмет орнындағы қаржы қызметі үшін);

3) жолдаманың бір бөлігі (жаңа қызмет орнындағы кадр аппараты үшін);

4) келіп жетуін растау туралы түбіршек (қызметкер келіп жеткен органның кадр аппаратына жіберіледі).

Жолдаманың бірінші үш бөлігін толтыруды қызметін ауыстыру туралы бұйрық шыққаннан кейін кадр аппаратының қызметкері жүргізеді.

Жолдамаға реттік сан беріледі, оған қызметін ауыстырған адамның арнаулы атағы, тегі, аты, әкесінің аты жазылады, қызметкер қай органға, қалаға қызметке жіберілгені көрсетіледі, негіздемеде қызметін ауыстыру туралы бұйрықтың нөмірі мен датасы, қызметке жіберілген адаммен бірге келе жатқан адамдардың саны және оның жаңа қызмет орнына келіп жету датасы жазылады. Жолдаманың толтырылған үш бөлігіне кадр аппаратының бастығы қол қояды және мөрмен растайды.

Қызметкер жаңа қызмет орнына келгенде, оны тағайындау туралы бұйрық шыққаннан кейін, жолдаманың екінші бөлігі қаржы қызметіне, ал үшінші және төртінші бөліктері кадр аппаратына беріледі. Кадр аппаратының қызметкері жолдаманың үшінші бөлігін келген қызметкердің жеке ісінің IV бөліміне тігеді, ал кадр аппаратының бастығы қол қойған және мөрмен растаған келіп-жетуін растайтын толтырылған құжат қызметкер келген органға жіберіледі.

## 14. Лауазымынан шеттету

103. ІІО-ның қызметкері ақтайтын негіздер бойынша қылмыстық іс тоқтағанша немесе айыптау үкімі заңды күшіне енгенше, сондай-ақ Тәртіптік комиссияның ұсынысы бойынша қызметтік тексеру материалдары бойынша шешім қабылданғанға дейін лауазымнан уақытша шеттетілуі мүмкін. Сонымен қатар ІІО қызметкері оның сауығуға дейін ұзақ емделу кезеңінде (екі айдан астам ) лауазымнан уақытша шеттетілуі мүмкін.

Ескерту. 103-тармақ жаңа редакцияда - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

104. Лауазымынан шеттету тек шектен шыққан, кешіктіруге болмайтын жағдайларда (жасаған теріс қылығының ауырлығы, осы лауазымда одан әрі болуы мүмкін еместігі), сондай-ақ қылмыстық істі тергеудің немесе қызметтік тексерудің толықтығы мен объективтігі мақсатында қолданылады.

Қылмыстық процесті жүргізуші органның қаулысы (айыпталушыны лауазымнан уақытша шеттету туралы) немесе ішкі істер бөлімшесі басшысының бұйрығы (Тәртіптік комиссияның шешімі) қызметтік тексеру жүргізу немесе стационарлық емделу кезеңінде лауазымнан шеттету туралы шешім қабылдау үшін негіз болып табылады.

Лауазымнан шеттету лауазымға тағайындау құқығы берілген ішкі істер органы, бөлімшесі бастығының бастамасы және тергеушінің немесе анықтаушының қаулысы бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 104-тармақ жаңа редакцияда - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

105. Лауазымынан шеттетілген қызметкер лауазымға тағайындау туралы мәселе шешілгенге дейін ішкі істер органы, бөлімшесі бастығының қызметтік тапсырмаларын орындайды (тұтқында ұстау бұлтартпау шарасын қолданған қылмыс жасағаны үшін айыпталушы ретінде тартылған қызметкерлерден басқа). Күн сайын қызмет орны бойынша кадр аппаратына келу керек.

Қызметкер лауазымынан уақытша шеттетілген кезде ол лауазым бос деп саналмайды және оған басқа қызметкерлер тағайындалмайды.

Ескерту. 105-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

## Аттестациялау

Ескерту. Тарау жаңа редакцияда - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

## 15. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары қызметкерлерін аттестациялаудың тәртібі мен шарттары

106. Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарын аттестациялауды жүргізудің тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

106-1. ІІО қызметкерлерін аттестациялау (бұдан әрі - аттестациялау) олардың кәсіби даярлығының, құқықтық мәдениетінің және азаматтармен жұмыс істеу қабілетінің деңгейін анықтау жөніндегі кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын рәсім .

Қызметкерлердің оларға жүктелген міндеттерді орындау қабілеті аттестациялау кезінде бағалау өлшеміне негіз болып табылады.

107. ІІО қызметкерлері (бұдан әрі - қызметкерлер) ішкі істер органдарындағы қызметте үздіксіз болған кейінгі әр үш жыл өткен сайын аттестациялаудан өтеді. Бұл ретте аттестация көрсетілген мерзім күнінен бастап алты айдан кешіктірмей жүргізілуі тиіс.

Егер аттестациядан өтетін қызметкерлер жаңа лауазымға тағайындалса, тағайындалғаннан кейін бір жыл өткеннен кейін аттестациядан өтеді. Тең дәрежедегі лауазымдарға тағайындау кезінде егер ол қызметтік міндеттерінің өзгеруіне әкеп соқпаса, бұл мерзім ескерілмейді.

Қызметкер ішкі істер органдарындағы қызметтен босатылған күннен бастап және оны ІІО-ға қабылдаған күнге дейін үш айдан көп уақыт өтпесе, аталған кезеңде оның өзге заңды тұлғалармен (мемлекеттік органдарды есептемегенде) және жеке адамдармен еңбек қатынасы болмаған жағдайда ІІО-да қызметте болуы үздіксіз деп есептеледі.

108. Жүкті болу және балаларға қарау бойынша демалыстағы әйел қызметкерлер аттестациялауға жатпайды. Олар қызметке шыққаннан кейін алты айдан кейін және бір жылдан кешіктірмей аттестацияланады.

109. Аттестация бірқатар бірізді кезеңдерден тұрады:

1) аттестациядан өткізуге дайындық;

2) дене шынықтыру даярлығы бойынша белгіленген нормативтерді тапсыру және медициналық куәландырудан өту (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда);

3) аттестациялауға жататын қызметкерді Қазақстан Республикасының заңнамасын білуіне және логикалық ойлау қабілетіне компьютерлік тестілеу;

4) аттестациялық комиссия өткізетін қызметкерлерді әңгімелесуге жіберу, олармен әңгімелесу;

5) аттестациялық комиссияның шешімдерін шығару.

## 16. Аттестациялауды өткізуге дайындықты ұйымдастыру

110. Аттестациялауды өткізу мерзімі басталған кезде кадр қызметтері аттестациялауды өткізуге дайындықты ұйымдастырады.

Дайындыққа мынадай іс-шаралар енгізіледі:

1) аттестациялауды өткізу кестесін әзірлеу;

2) аттестациялауды өткізудің мақсаттары мен тәртібі туралы түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру;

3) тестілеу мерзімдерін және оларды өткізу орындарын анықтау;

4) аттестацияланатын қызметкерлерге қажетті құжаттар дайындау.

Тестілеу өткізудің тәртібі мен шарттарын, сондай-ақ лауазымдар санаттары үшін өту маңызын (бұдан әрі - өту маңызы) ІІО белгілейді.

111. ІІО-ның кадр қызметі алты айда бір рет осы Нұсқаулықтың 107-тармағына сәйкес аттестацияланатын қызметкерлерді анықтайды.

Бастық кадр қызметінің ұсынымы бойынша бұйрық шығарады, онда аттестацияланатын қызметкерлердің тізімі, аттестациялық комиссияның құрамы, оның жұмыс кестесі бекітіледі, аттестация өткізудің мерзімі белгіленеді.

Кадр қызметі оны өткізудің басталуына дейін бір айдан кешіктірмей аттестация өткізудің мерзімі туралы қызметкерлерді жазбаша хабарландырады.

112. Аттестацияланатын қызметкердің тікелей басшысы осы Нұсқаулыққа 23-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оның қызметтік мінездемесін ресімдейді және оны аттестациялық комиссияның отырысына дейін үш аптадан кешіктірмей кадр қызметіне жібереді.

Қызметтік мінездемеде аттестацияланатын қызметкердің кәсіби, жеке қасиеттеріне және осы Нұсқаулықтың 107-тармағына сәйкес оның құқық қорғау органдары жүйесіндегі қызметте үш жыл үздіксіз болуынан және одан кейін өткізілетін аттестацияға дейінгі мерзімнен тұратын кезең ішіндегі қызметтік жұмысының нәтижелеріне объективті және негізделген баға берілуі тиіс.

Кадр қызметі аттестациялық комиссияның отырысына дейін екі аптадан кешіктірмей, қызметкерді оған берілген қызметтік мінездемемен таныстырып, қол қойдыруға міндетті.

Қызметкер оған ұсынылған қызметтік мінездемеге өзінің келіспейтінін білдіруге және оған мінездеме беретін қосымша ақпаратты кадр қызметіне ұсынуға құқылы.

113. Кадр қызметі жиналған аттестация материалдарын аттестациялық комиссияға оның отырысына дейін үш күннен кешіктірмей жібереді.

## 17. Аттестациялық комиссия

114. Аттестациялық комиссия министрліктің комитеттерінде, департаменттерінде, дербес басқармаларында, бөлімшелерінде, Астана, Алматы

қалаларының, облыстардың, көліктегі ІІД-де, қалалық және аудандық ішкі істер басқармаларында, бөлімдерінде (желілік бөлімдерде) басшының бұйрығымен құрылады. Аттестациялық комиссия мүшелерінің қатарынан басшы болып төраға сайланады.

Аттестациялық комиссияның құрамында кем дегенде бес адам болуы тиіс.

Аттестациялық комиссия мүшелерінің болмағандарын ауыстыруға жол берілмейді.

Аттестациялық комиссияның басшысы белгілейтін кадр қызметінің өкілі оның хатшысы болып табылады.

Аттестациялық комиссияның хатшысы оның жұмысын ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жүзеге асырады және дауыс беруге қатысу құқығы жоқ.

115. ІІО жұмысының бағыттарына қарай бірнеше аттестациялық комиссия құрылуы мүмкін.

116. Аттестациялық комиссияның төрағасы мен оның мүшелері аттестацияланатын қызметкердің лауазымына тең немесе одан да жоғары лауазым атқаруы тиіс.

117. Аттестациялық комиссияның құрамына әртүрлі бөлімшелердің басшылары, кадр және заң қызметтерінің өкілдері (не болмаса оларға осы қызметтер есеп беретін адамдар), сондай-ақ аттестациядан өтетін қызметкерлерді есептемегенде, өзге де қызметкерлер қосылады.

118. Егер аттестациялық комиссияның отырысына оның құрамының кем дегенде үштен екісі қатысса, отырыс заңды болып саналады.

119. Аттестациялық комиссияның қорытындысы ашық дауыс беру арқылы қабылданады және оған аттестациялық комиссия мүшелерінің отырысына қатысқандардың көбі дауыс берсе, ол қабылданған болып саналады. Берілген дауыстар тең болған жағдайда, аттестациялық комиссия төрағасы дауыс берген шешім қабылданған болып есептеледі.

## 18. Аттестациялауды өткізу

120. Аттестациялық комиссия ұсынылған материалдарды зерделеп, қызметкерді әңгімелесуге жіберу туралы шешім қабылдайды.

Дене шынықтыру даярлығы бойынша белгіленген нормативтерді тапсырмаған және медициналық куәландырудан өтпеген (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда) не болмаса тестілеуден өту кезінде бастапқы мәннен төмен баға алған қызметкерлер әңгімелесуге жіберілмейді және аттестациялық комиссияның шешімімен осы Нұсқаулықта белгіленген тәртіппен қайта аттестациядан өтуге жатады.

121. Аттестациялық комиссияның отырысында аттестацияланатын қызметкермен әңгіме өткізіледі.

Аттестациялық комиссияның отырысында дәлелді себептер бойынша болмаған қызметкерлер әңгімелесуден жұмысқа шыққаннан кейін өтеді.

Қызметкер аттестациялық комиссиясының отырысына дәлелсіз себептермен келмеген жағдайда аттестациялық комиссия осы Нұсқаулықта белгіленген тәртіппен қызметкерді қайта аттестациялау туралы шешім қабылдайды.

Аттестациялық комиссия әңгімелесу қорытындылары бойынша мынадай шешімдердің бірін шығарады:

1) атқарып отырған лауазымына сәйкес келеді және арнаулы атақты мерзімімен бұрын беру немесе жоғары тұрған лауазымды атқару үшін кадр резервіне қабылдау үшін ұсынылады;

2) атқарып отырған лауазымына сәйкес келеді;

3) қайта аттестациялауға жатады;

4) атқарып отырған лауазымына сәйкес келмейді және лауазымын немесе арнаулы атағын бір деңгейге төмендетуге ұсынылады.

122. Қайта аттестациялау осы Нұсқаулықта белгіленген тәртіппен алғашқы аттестациядан өткен күнінен бастап кем дегенде үш айдан кейін және алты айдан кешіктірмей жүргізіледі.

Алғашқы немесе қайта аттестациялау кезінде дене шынықтыру даярлығы бойынша белгіленген нормативтерді тапсырған және медициналық куәландырудан өткен (Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген жағдайларда), тестілеуден өту кезінде бастапқы мәннен жоғары баға алған қызметкерлер әңгімелесуге жіберіледі.

Қайта аттестациялау кезінде дене шынықтыру даярлығы бойынша белгіленген нормативтерді тапсырмаған және медициналық куәландырудан өтпеген (Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген жағдайларда) немесе тестілеуден өту кезінде бастапқы мәннен төмен баға алған, сондай-ақ аттестациялық комиссияның отырысына дәлелсіз себептермен келмеген қызметкерлер аттестациялық комиссияның шешімі бойынша лауазымын төмендетуге немесе Ережеде белгіленген тәртіппен қызметтен босатуға ұсынылады.

Аттестациялық комиссия қайта аттестация өткізе отырып, мынадай шешімдердің бірін шығарады:

1) атқарып отырған лауазымына сәйкес келеді;

2) атқарып отырған лауазымына сәйкес келмейді және лауазымын немесе арнаулы атағын бір деңгейге төмендетуге ұсынылады;

3) атқарып отырған лауазымына сәйкес келмейді және қызметке сәйкес келмеуі бойынша ІІО-дан қызметтен босатуға ұсынылады.

Аттестациялық комиссияның қызметтен босатуды ұсына отырып, қызметкердің атқарып отырған лауазымына сәйкес келмейтіні туралы шешім қабылдауы аттестацияның теріс нәтижесі болып табылады.

123. Аттестациялық комиссияның шешімі үш жұмыс күні ішінде хаттамамен ресімделеді, оған аттестациялық комиссия мүшелері, оның отырысына қатысушылар және хатшы қол қояды.

Кадр қызметі аттестациялық комиссияның шешімін қызметкердің аттестациялық парағына енгізеді, шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қол қойдырып, қызметкерді шешіммен таныстырады (Нұсқаулыққа 23-қосымша).

124. Аттестациялық комиссияның шешімі қызметкерге мерзімінен бұрын арнаулы атақ беру, қызметкерді жоғары тұрған лауазымды атқару үшін кадр резервіне қабылдау, оның лауазымын төмендету немесе оны қызметтен босату үшін негіз болып табылады.

## 19. Аттестациялық комиссияның шешіміне шағымдану

125. Қызметкер аттестациялық комиссияның шешімін басшыға немесе жоғары тұрған лауазымды адамға шағымдануға немесе сотқа өтініш білдіруге құқылы.

126. Басшы немесе жоғары тұрған лауазымды адам қайта аттестация тағайындай алады, оның қорытындылары бойынша соңғы шешім қабылданады. Мұндай аттестация осы Нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.

## Демалыстар 20. Бастықтардың демалысты беру жөніндегі құқығы, демалыстарды ресімдеу тәртібі

127. Ішкі істер Вице-министрлеріне, Комитет төрағасына, министрлік Департаменттерінің, дербес басқармаларының бастықтарына, облыстардағы, республикалық мәні бар қалалар мен республика астанасындағы, ІІД, КІІД-нің, Академияның, Ішкіісминнің жоғары және орта арнайы оқу орындарының, ІІМ-нің акционерлік қоғамдарының бастықтарына демалысты, оның ішінде кезекті демалысты Ішкіісминнің кадр аппараты дайындаған кестеге сәйкес Министр береді. Қалалық, аудандық, желілік органдарының, облыстардағы, республикалық мәні бар қалалар мен республика астанасындағы, ІІД, КІІД қызметтерінің бастықтарына тиісінше облыстардағы, республикалық мәні бар қалалар мен республика астанасындағы, ІІД, КІІД-нің бастықтары береді. Осы санаттағы ішкі істер органдарының қызметкерлеріне демалыс жеке құрам жөніндегі бұйрықпен ресімделеді, онда демалыстың қанша уақытқа берілетіндігі және оның қызметтік міндетінің орындалуы кімге жүктелетіндігі, сондай-ақ

демалыстың берілу негізі көрсетіледі.

Басқа қызметкерлерге демалыстар (кезекті және қосымша еңбек сіңірген жылдарын қоспағанда) осы лауазымдардан босататын және тағайындайтын құқығы бар бастықтардың жеке құрам жөніндегі бұйрықтарымен беріледі. Бұйрықта демалыстың түрі, оның қанша уақытқа берілетіндігі, демалыстың берілу негізі көрсетіледі.

Ескерту. 127-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2004.07.23 N 428 , 2008.03.15 N 97 Бұйрықтарымен.

128. Кезекті демалыстарды беруге қызмет бастығы бекіткен кесте және демалыс кестесін бекіткен қызмет бастығының атына жазылған рапорт негіз бола алады. Рапортта демалысты өткізетін орны, онымен бірге баратын жанұя мүшелерінің тегі, сондай-ақ қызметкердің (нұсқаулықтың 127-тармағында көрсетілген қызметкерлер де рапортында қызметтік міндетінің орындалуының кімге жүктеу керек екендігін көрсетеді) қай кезден бастап демалысқа баратындығы көрсетіледі. Жыл сайын желтоқсан айында және келесі жылдың 15-қаңтарына дейін жасалынған, тиісті бастықтармен бекітілген кезекті еңбек демалысының кестесі мәлімет үшін жеке құрамға дер кезінде жеткізіледі.

Кезекті демалыстар қызметкерлерге бірқалыпта барлық жыл күнпарағында ай сайынғы демалыс есебімен, тәртіп ретінде, нақты бөлімшенің, органның, барлық Ішкіісмини оқу органдарының жеке құрамының 10-15 пайызына беріледі. Демалыс беруге құқығы бар бастықтарға қызметтегі қызу жұмыс кезеңінде осы қалыбын азайтуға және ағымдағы жылдың басқа кезеңінде көбейтуге болады.

Кезекті демалыстарды беру кестесі кадр аппаратында және қызметтердің арнайы жүргізілген істерінде сақталады (сақтау мерзімі 5 жыл).

Аталған органға, бөлімшелерге, оқу орындарында кезекті демалыс кестесін бекітіп қойған соң келген және бұрынғы қызмет атқарған орнынан кезекті демалысын пайдаланбаған, сонымен қатар ішкі істер органына қызметке қайтадан қабылданған қызметкерлер үшін қосымша кесте жасалынады, ол кезекті демалыс берудің негізгі кестесіне қосылып қойылады.

Кезекті демалыс қызметкерге ағымдағы жыл ішінде берілуі керек.

Органдардың, бөлімшелердің, оқу орындарының бастықтары қызметкерлерге уақытында демалыс бермегені үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

Демалысқа құқығы бар басшы және қатардағы құрамдағы адамдарға олардың тілектері бойынша оны бөліп пайдалануға рұқсат етіледі. Жолға есептелетін уақыт демалыстың бір бөлігінде ғана беріледі. Қызметкер демалысқа баратын көліктің түрін (ұшақ, поезд, жеке көлік және т.б.) өзінің рапортында көрсетеді.

Ескерту. 128-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

129. Кезекті демалысқа шығатын қызметкерлерге Ішкіісминнің оқу орындарының, органдар мен бөлімшелерінің кадр аппараттары, ал кадр аппараттары жоқ жерлерде қажетті жағдайларда, осыған арнайы уәкілеттік берілген адамдармен демалыс куәліктері беріледі (Нұсқаулыққа 25-қосымша).

Демалыстан келген соң қызметкерлер органның кадр аппаратына демалыс куәлігін (демалыс өткізген орнына келген күндерімен кеткені белгіленген және жұмысқа шыққан мерзімі туралы белгісімен) және барған, келген жолақы құжаттарын тапсырады.

130. Демалысқа баратын қызметкерлер табельдік қаруларын тапсырады, қызметтік міндеттерінде ескерілген барлық істері мен материалдарын өздерінің тікелей бастықтарына немесе олардың нұсқаулары бойынша басқа қызметкерлерге тапсырады.

## 21. Демалысқа қажетті уақытты есептеу

131. Демалыс өткізетін жерге барып және қайтып келетін қажетті уақыт сол немесе өзге көлік түрінің қозғалыс кестесі бойынша есептеледі.

Демалыс өткізетін жерге ұшақпен барған кезде жол уақыты демалыс өткізетін жерге баруы мен қайтуы бір тәулік есебінен есептеледі.

Қызметкерлер демалысқа тез жүретін көлік түрімен барған жағдайларда, оған қарағанда, оларға жолға қосылған қосымша бөлінген күндер демалыс өткізетін жерге баруы және қайтып келуінің нақты шыққан уақыты бойынша есептеледі. Ал бұл тұлғалардың жалпы демалысының ұзақтығы демалыс өткізетін жерге барып және қайтып келу уақытының есебімен сәйкес қызметте қысқартылады.

Қызметкерлер кезекті демалыстарына жеке көліктерімен барған жағдайда, демалыс өткізетін жерге барып және қайтып келуге қажет уақыт темір жол көлігінің кестесі бойынша есептеледі. Бірнеше пункттерде кезекті демалыс өткізген кезде қызметкерлерге тек бір пунктке (алыстау) ғана баруға және қайтып келуге уақыт беріледі.

132. Қызметкерлерге зиянды жағдайдағы еңбек жұмысы үшін, биік таулы жерлердегі ауыр және қолайсыз климат жағдайларындағы қызметі үшін, қызметтің ерекше сипаты үшін, 30 тәуліктен тұратын кезекті демалысқа қосымша демалыс және еңбек сіңірген жылдары үшін берілетін қосымша демалыс қолданыстағы нормативтік актілерге сәйкес беріледі. Демалыс өткізетін жерге бару және қайту уақытын есептемегенде демалыста болу ұзақтығы 55 күнпарақ күндерінен аспау керек (демалыс өткізетін жерге бару және қайту уақытын есептемегенде).

133. Қызметкерлердің қызмет бойынша ауысуы кезінде, осы ауысуға дейін кезекті демалыстарын пайдаланбағандарға, ауысу жылында жаңа жұмыс орны

бойынша демалыс беріледі.

Қызметкерлер бұрынғы қызмет орны бойынша зиянды жағдайлардағы жұмыс үшін қосымша демалысты да қолданбаған жағдайларда, бұл демалыс оларға жаңа қызмет орны бойынша кезекті демалысымен қатар беріледі және зиянды жағдайлардағы жұмыс уақытымен пропорционалды есептеледі.

Ауа райы қолайсыз жерлерден басқа жерлерге және аудандарға ауыстырылған қызметкерлерге және кезекті демалыстарын алмаған, оның ішінде өткен және ағымдағы жылдардағы уақытты қосқанда жаңа жұмыс орнындағы демалыс мынадай есептеп ауа райы қолайсыз жерден ауысқанға дейін қызмет атқарған уақыты, осы жерлер мен аудандарда (қосымша демалыс есептерімен) қызмет атқарған уақытта пропорционалды түрде, демалыс жалпы негіз есебінде беріледі.

134. Қызметкерлерге алғашқы жылда (жұмысқа қайта алған кезде) кезекті демалыс берген кезде Ішкіісминінің кадры қатарына алу немесе арнайы атақ берілу мерзіміне қарамастан, оларды қатардағы немесе басшы құрамының лауазымына тағайындаған күні ескеріледі.

Қызмет атқарған бірінші күнтізбелік жылдағы кезекті демалыс күнінің ұзақтығын санағанда, демалыстың жарты күні толық күнге айналдырылады. Мысалы, 1-наурызда лауазымға тағайындалған және сол жылы 1-тамызда кезекті демалыс алу туралы рапорт жазған, бірінші күнтізбелік жылда толық бес айға 13 тәулік демалыс күні (2,5 күн х 5 ай = 12,5) берілуге тиісті. Бұл жағдайда мынаны ескерген жөн, осындай кезекті демалыс беру тәртібі бұрын ішкі істер органында істеген, жаңадан жұмысқа тағайындалған қызметкерлерге қатысты болады. Сонымен қатар, осы сияқты төлеу еңбек сіңірген жылдары үшін қосымша демалысқа да есептеледі. Мысалы, бұрын істеген қызметкерге, қайтадан 1-наурызда ішкі істер органына алынғанда 11 жыл сіңірген еңбегі бар, кезекті демалысын рапортпен осы жылдың 1-тамызынан бастап сұрағанда, демалыс бірінші күнтізбелік жылда толық бес айға, ұзақтығы 18 тәулік (2,5 күн х 5 ай + 5 күн қосымша демалысы) беріледі.

Қызметкерге кезекті демалыс берілген соң қосымша демалыс (не оны ұзарту) алуға құқығы пайда болса, қосымша демалыс еңбек сіңірген жылы үшін осы жылдың басқа күндерінде немесе келесі жылдың кезекті демалысына демалыс беруге құқығы бар бастықпен келісіп қосылады.

135. Демалыс кезінде қызметкерлердің ауырып қалуына байланысты кезекті демалысты ұзарту қызметкерлер жұмысқа келгеннен кейін және емдеу орындарынан олардың уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша жұмыстан босату туралы куәлігін тапсырса, оны демалысты беруге құқығы бар бастық ұзарта алады. Бұл жағдайда осы қызметкерлердің кезекті демалысы үзіліп қалмауға тиіс. Қызметкердің рапорты мен ауырғаны туралы куәлік қағазы

бойынша тиісті бұйрықпен пайдаланылмаған демалыс күндері ұзартылады.
Кезекті демалыс кезінде өзінің ауырып қалғаны жөнінде қызметкер бастығына демалыс мерзімі бітпей тұрып хабарлауы тиіс (телефонмен, телеграфпен және т.б.).

136. Қарамағында тұрған және кезекті демалыстарын алмаған қызметкерге, бұл демалыс лауазымдарынан босатылғаннан кейін тез арада берілуі керек.
Ескерту. 136-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

137. Күндізгі және сырттай оқу нысандары бойынша ІІМ-нің оқу орындарына түсетін қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға оқуға түсу емтихандарына дайындық және оларды тапсыру үшін ақшалай қаражаты сақтала отырып, ал басқа оқу орындарына түсушілерге оқуға түсу емтихандарын тапсыру үшін ақшалай қаражаты сақталмай оқу демалысы беріледі.
Күндізгі оқу бөлімінің емтиханына рұқсат алған үміткерлерге кезекті демалыс оқу орнына барар алдында демалыста болып келу есебімен беріледі.
Сырттай оқитын және адъюнкттік даярлау жеке жоспарын сәтті орындайтын адъюнкттарға үміткерлік емтихандарын тапсыру және диссертация бойынша жұмыстарын орындау үшін қызмет орны бойынша оқуға байланысты демалыс беріледі (ақшалай қаражаты сақталады). Оқу орнының, ғылыми-зерттеу мекемелерінің орналасқан жеріне баратын және қайтатын жолы үшін демалысына қосымша уақыт беріледі және қайтадан ақша қаражаты сақталып, тасымал құжаттары беріледі немесе жолына ақша беріледі.
Білім алу әрекетіне лицензиясы бар басқа оқу орындарында сырттай оқу нысаны бойынша оқитын қызметкерлерге жалақысы сақталмай қосымша демалыс беріледі.
Қызметтік немесе педагогикалық қызметті ғылыми жұмыспен табысты байланыстыратын қызметкерлерге, адъюнктурада немесе докторантурада дайындықтан өтіп жатқандардан басқа, Ғылыми және Педагогикалық кеңестің, ЖОО басшыларының ұсыныстары бойынша ғылым кандидаты ғылыми дәрежесіне ізденуге диссертациялық жұмыстарды аяқтау үшін бір айға дейінгі мерзімге, оқулықтар және оқу құралдары мен бағдарламалар жазу, сондай-ақ ғылым докторы ғылыми дәрежесіне ізденуге диссертациялық жұмыстарды аяқтау үшін үш айға дейінгі мерзімге төленетін шығармашылық демалыс беріледі.
Ескерту. 137-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

138. Ішкіісмині оқу орындарының, бөлімшелердің, органдарының кадрлар аппараты қызметкерлерге барлық демалыс түрлерінің өз уақытында берілуі үшін жыл бойы тұрақты бақылауды жүзеге асыруы керек. Барлық анықталған

кемшіліктерді тез арада өздерінің тікелей бастықтарына мәлімдеуі керек.

Кезекті демалыстан шақырту шектен тыс қажеттілік жағдайда ғана, демалыстарды беруге құқығы бар бастықтың жазбаша түрдегі рұқсатымен және пайдаланбаған демалыс күндерінің қалғаны көрсетілген бұйрығымен жарияланады. Демалыстар беру кестесіне тиісті белгі қойылады.

Қызметкер демалыста өзіне байланысты емес себептермен жүріп қалса, ол осы туралы тез арада бастыққа хабарлауы керек және жүріп қалғандығын дәлелдейтін тиісті құжатын көрсетуі керек.

## 22. Оқу орнын бітірген және босатылған жылында демалыс беру тәртібі

139. Ереженің 91-тармағының б, в, г тармақшалары мен 92-тармақтың а, б тармақшаларының негіздемелері бойынша өздерінің тілегімен қызметтен босатылған қызметкерлерге кезекті демалыс осы жылдағы нақты жұмыс істеген уақытына және 45 тәуліктен артпайтын қызмет атқарған күндеріне қатысты ақшалай өтемақы төленеді.

140. Ереженің 91-тармағының а, д, е, ж, з, и, к, л, м тармақшаларының негіздемелері бойынша қызметтен босаған қызметкерлерге кезекті және қосымша демалыс берілмейді, оларға осы жылдағы пайдаланбаған демалысына 45 тәуліктен аспайтын қызмет атқарған күндеріне қатысты ақшалай өтемақы төленеді.

141. Ішкіісмині оқу орындарын күндізгі оқу нысаны бойынша бітірген шыққан қызметкерлерге оларды лауазымға тағайындаған соң 30 тәулік мерзімге дейін демалыс беріледі.

## 23. Қысқа мерзімді демалыстардың берілуі

142. Қысқа мерзімді ақылы демалыстар қызметкерлерге қауырт әлеуметтік-тұрмыс мәселелерін шешуде, туыстық борышын орындауда, сонымен бірге басқа да ізетті себептерге байланысты 10 күнге дейін беріледі.

1) жақын туысқанының (өзінің, әйелінің әкесі, шешесі, туған аға-інілері, балалары) немесе қызметкерді тәрбиелеген адамның денсаулығының нашар кезінде немесе қайтыс болған жағдайда;

2) қызметкердің жанұясының немесе жақын туысқанының (өзінің, әйелінің әкесі, шешесі, туған аға-інілері, балалары) өрт жағдайына немесе басқа зілзала апатына ұшыраған жағдайда;

3) Ішкіісмині оқу орындарының, бөлімшелердің, орган бастығының шешімі бойынша қызметкердің отбасында болуы қажет болған басқа жағдайларда беріледі.

143. Өміріне қауіп төндірген, қару қолданылған жедел іс-шараларға қатысқан, артық дене күшін жұмсаған және психикалық-эмоционалдық жағдайда жұмыс істеген басқа да экстремалдық жағдайларда, басқа қысылтаяң жағдайларда қызметкерлерге сауықтандыру демалысы үшін 3-тәуліктен 7 тәулікке дейін қысқа мерзімде ақылы демалыс беріледі.

144. Қызметкерлер арасынан қан тапсырушыларға әрбір қан тапсырған сайын бір күндік демалыс беріледі.

## Қызметтен босату

## 24. Ішкі істер органдарынан босату тәртібі

145. Ішкі істер органдарында қызметін тоқтатудың барлық жағдайында қызметкерлерді ішкі істер органдарынан шығару туралы немесе Қазақстан Республикасы азаматтығынан айырылған, соттық шешімі бойынша қайтыс болған (қаза тапқан), ұшты-күйлі жоғалған, хабар-ошарсыз кеткен деп ұйғарған адамдар тізімінен шығару бастықтардың бұйрықтарымен ресімделеді.

Орта, аға және жоғары басшы құрамдағы адамдарды қызметтен босатуды осы лауазымдарға қызметкерлерді қабылдау және тағайындау құқығы берілген лауазымды адамдар жүргізеді.

1) алынып тастаддаы - Ішкі істер министрінің 2004.07.23 N 428 , 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

2) алынып тастаддаы - Ішкі істер министрінің 2004.07.23 N 428 , 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

Ескерту. 145-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2004.07.23 N 428 , 2008.03.15 N 97 Бұйрықтарымен.

146. Ереженің 91-тармағының "б", "в", "г" тармақшаларында ескерілген негіздер бойынша өз еркінен тыс негіздермен қызметтен шығарылуға тиіс қатардағы және басшы құрамдағы адамдар бір ай бұрын ескертіліп, белгіленген нысандағы (нұсқаулыққа N 26 қосымша) жазбаша хабарламамен ресімделеді, ол қызметкердің жеке ісінің екінші бөліміне тігіледі.

Аталған негіздер бойынша шығарылу қызметкердің тілегі бойынша бір айға дейін де жүзеге асырылуы мүмкін.

Ескерту. 146-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

147. Қызметкерлерді еңбек сіңірген жылдары бойынша немесе өз еркімен қызметтен босату (Ереженің 91-тармағының "а", "ж" тармақшалары) рапорт

берген күннен бастап бір айға дейінгі мерзімде шығарылады.

Ескерту. 147-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

148. Төмендегі көрсетілген жағдайлардан басқа кездері, еңбек демалысында және емдеу мекемелерінде емделіп жүрген уақыт аралығында қызметкерлер қызметтен шығарылмайды.

Емдеу мекемесі ауруына байланысты демалыста немесе емдеу мекемесінде ұзақ емдеуде жүргенде төрт ай мерзімнен соң (туберкулезбен ауырғандар 10 айдан соң) емдеу мекемесі ол уақытты ұзартуға құқылы қызметкердің бастығына емдеу толық аяқталатын уақыт туралы қорытындысын жолдайды.

Емдеу мекемесінің қорытындысы негізінде аталған бастық емдеу уақытын ұзарту жөнінде немесе әскери қызметке жарамдылығы мәселесін шешу үшін әскери-дәрігерлік комиссияға куәландыруға жіберу жөнінде шешім қабылдайды.

Егер ұзартылған уақыт аралығында емдеу аяқталмаса, аталған бастық қызметкердің емдеуде болу мерзімін ұзартуды немесе әскери-дәрігерлік комиссияға куәландыруды қайтадан жіберуді қарайды.

Әскери-дәрігерлік комиссияға куәландыруға тиісті шешім қабылданған қызметкерлер, бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз немесе науқасы анықталып әскери қызметіне жарамсыз болғандықтан әскери есептен шығарылсын деп табылған жағдайда емдеу мекемесінен шыққанға дейін де қызметтен шығарылуы (шығаруға жіберілуі) мүмкін.

Қызмет міндетін атқару кезінде жарақат алған, контузия немесе жарымжан болған қызметкерлерді әскери-дәрігерлік комиссиямен куәландыру емдеу мекемесінде емдеу аяқталғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

Егер қалаған жағдайда, емдеуде жүрген қызметкерлер ішкі істер органдарынан емдеу аяқталғанға дейін шығарылуы мүмкін, ол жөнінде қызметтен шығу рапортында көрсетуге тиісті.

149. Белгіленген жастан артық мерзімге қызметте қалдырылған қызметкерлер, сол мерзім жеткен кезде ішкі істер органдарынан Ереженің 91-тармағының "б" тармақшасы бойынша (жасы бойынша) немесе осы тармақтың "а" тармақшасы бойынша (еңбек сіңірген жылдары), ал әскери қызметке жарамсыз немесе жарамдылығының шектеулілігі туралы әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы бар жағдайда Ереженің 91-тармағының "в" тармақшасы бойынша (денсаулық жағдайы бойынша) шығарылады. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдар қызметте қалдырылған мерзімнің бәрінде қызмет етпесе жоғарыда аталған негіздер бойынша шығарылуы мүмкін.

Ескерту. 149-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

150. Алынып тасталды - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

151. Запастағы әскери офицерлік шені бар орта, аға және жоғарғы басшы құрамдағы адамдарды шығару:

1) ереженің 91-тармағының "б" тармақшасы бойынша (жасы бойынша қарулы күштер запасына). Бұл жағдайда орта және аға басшы құрамдағы адамдар, подполковникті қоса алғанда, қызметте тұрудың шекті жасына жетуіне байланысты - 45 жас, полиция полковнигі арнаулы атағы бар адамдар қызметте тұрудың шекті жасына жетуіне байланысты - 53 жас, жоғарғы басшы құрамдағы адамдар, полиция генерал-лейтенантын қоса алғанда, шекті жасына жетуіне - 58 жас - байланысты жүзеге асырылады.

2) (алынып тасталды - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен)

Ескерту. 151-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

152. Қатардағы және кіші басшы құрамдағы адамдар ішкі істер органдарында 45 жасқа дейін қызметте болуы мүмкін.

Қызмет мерзімі ұзартылған кезде аталған адамдарды қызметтен босату Ереженің 91-тармағына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 152-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

153. Қызметкерлерді келісім-шарттың бұзылуына не болмаса келісім-шарт мерзімінің аяқталуына байланысты қызметтен шығару кезінде оны мерзімінен бұрын бұзуға мүдделі тараптар шығаруға дейінгі бір ай мерзімнен кешіктірмей, өз ниеті туралы екінші жақты хабардар етуі тиіс (Ереженің 91-тармағының "е" тармақшасы).

Егер бұл босату қызметкердің өз бастамасымен жүзеге асырылатын болса, ол келісім-шарт жасауға құқы бар Ішкіісмині органының, бөлімдерінің, оқу орнының бастығының атына берген рапортында, келісім-шарттың баптары мен тармақтарын бұзған нақты деректерді баяндауы тиіс. Бастық онда көрсетілген мағлұматтарды екі апта мерзім ішінде тексеріп және өзіне берілген құзырет шегінде келесі шешімдердің бәрін қабылдауға міндетті:

1) келісім-шарттың бұзылған шарттарын жою туралы шаралар даярлауға, қабылданған шаралармен келісетіндігі туралы қызметкерге рапорт жаздыруға, қызметін жалғастыруға және алдыңғы рапортын қайтарып алуға;

2) Ішкіісмин органының, құрылымдарының, оқу орындарының лауазымды адамдарының кінәсінен орындауға немесе жоюға болмайтын келісім-шарттың шарттарының бұзылуына байланысты қызметкерді қызметтен оның келісімі бойынша шығаруға, егер шығару жөніндегі мәселе бастықтың құзыреті шегінен асатын болса, ол кідірместен тексеру материалы мен рапортты жоғары тұрған

құқы бар бастыққа жолдауға міндетті.

Ескерту. 153-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

154. Қызметкерді аттестациялық тәртіппен қызметіне сәйкес еместігі бойынша шығару кезінде (Ереженің 91-тармағы "л" тармақшасы) оның кәсіби жарамсыздығын жан-жақты және объективті негіздейтін қызметтік мінездеме жазылады. Мұндай қорытынды аталған қызметкердің іске қарым-қатынасынан, іс-қызметінің нәтижесінен, заңдылықтар нормасы мен тәртібін сақтау тәжірибесінен, оның жеке басының қасиеттерін талдаудан, кәсіби даярлық деңгейінен туындауы қажет.

Сонымен қатар, Ереженің 91-тармағының "л" тармақшасы бойынша шығарылған қызметкер аттестациямен танысып, қол қоюға тиісті. Ол бас тартқан жағдайда, хаттамада және аттестацияда жазбаша тіркеліп, аттестациялық комиссияның хатшысы мен аттестациялық комиссияның кем дегенде екі мүшесі қол қоюлары қажет.

Ескерту. 154-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

155. Қызметтік тәртіпті өрескел бұзғаны үшін қызметкерлерді шығару кезінде (Ереженің 91-тармағының "к" тармақшасы) ұсынымда қызметкер жасаған тәртіп бұзушылықтың мәні мен сипаты, сондай-ақ оған жүктелген міндеттерді орындау тәртібі мен шарттарын реттейтін нормативтік құқықтық актілердің талабын орындамауы толық қамтылады, бұл ретте Ереженің "Қызметтік тәртіп" деген 9-бөлімін басшылыққа алу керек.

Қызметтік тәртіпті өрескел бұзуға: бір жұмыс күнінің ішінде үш және одан да көп сағат жұмыстан себепсіз қалу; айналасындағылар үшін айқын көрінетін алкогольдік, нашақорлық, уытқұмарлық (оларға ұқсас) мас күйінде қызметке келу; өрт қауіпсіздігі немесе ауыр салдарларға (жарақаттар, апаттар және тағы басқа салдарлар) әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін көліктегі жол қозғалысы ережелерін бұзу жатады.

Ескерту. 155-тармақ жаңа редакцияда - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

156. Ереженің 91-тармағының "и", "к", "л", "м", "н", "о" тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша қызметкерді қызметтен босатқан жағдайда, қызметкердің оны өз еркімен қызметтен босату туралы баянат беруі қызметтен босатуға тоқтау бола алмайды және қызметтен босату үшін негіздемеге өзгеріс енгізбейді.

Ішкі істер органдары қызметкерінің беделін түсіретін теріс қылық жасағаны үшін Ереженің 91-тармағының "м" тармақшасына сәйкес әрекет жасаған, оның ішінде қызметтік міндеттерін орындаумен байланысты емес, бірақ азаматтардың

алдында мемлекеттік қызметтің беделін және қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, атап айтқанда, ішкі істер органдары қызметкерлерінің қоғамдық орындарда мас күйінде болғаны (айналасындағыларға айқын көрінетін); тергеудегі, сотталған адамдармен рұқсат етілмеген байланыста болғаны; тергеуге зиян келтіретін жедел сипаттағы ақпараттарды жария еткені; заңсыз әрекеттер жасаған азаматтарға көмектескені; қызмет жағдайын жеке пайдакүнемдік мақсатта пайдаланғаны; қызметкерлердің, оқу орындарының тыңдаушылары мен курсанттарының арасында қоғамдық резонанс тудырған жарғыдан тыс өзара қарым-қатынас жасағаны; кәсіпкерліктің кез-келген түрімен, оның ішінде коммерциялық делдалдықпен айналысқаны; сондай-ақ қызметтік жағдайын пайдалана отырып, жұмыстар орындағаны және қызмет көрсеткені үшін қатардағы және басшы құрамдағы адамдар қызметтен босатылады.

Жоғарыда аталған негіздер бойынша қызметтен босатылған адамдар ішкі істер органдарына қызметке қайта қабылданбайды.

"к", "м", "н" тармақшалары бойынша ішкі істер органдарынан қызметтен босату жүргізілген қызметтік тексерістің нәтижелері және Тәртіптік комиссияның тиісті шешімдері бойынша не болмаса атқаратын лауазымға тағайындауға құқық берілген орган бастығының жанындағы ішкі істер бөлімшесінің қызметін тексеру нәтижелерін қарау қорытындылары бойынша Алқа немесе жедел кеңестің шешіміне сәйкес жүргізіледі.

Қызметкерді Ереженің 91-тармағының "к", "м", "н" тармақшалары бойынша қызметтен босату кезінде жасалған теріс қылықтың мазмұны, сипаты және ауырлығы, нысаны және айып деңгейі; оны жасаудың мән-жайы; теріс қылық әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін келеңсіз салдарлар; оны жасаған адамның бұрынғы мінез-құлқы; еңбек өтілі; қызметкердің жеке басын сипаттайтын өзге де мән-жайлар ескерілуі тиіс.

Ескерту. 156-тармақ жаңа редакцияда - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

157. Қызметкерлерді басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдарға жұмысқа ауысуына байланысты (Ереженің 91-тармағының "з" тармақшасы) шығару тиісті министрліктердің, ұйымдар мен ведомстволардың өтініші бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 157-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

158. Қызметкерлерді штат қысқаруына және органдар мен құрылымдардың қайта құрылуына байланысты (Ереженің 91-тармағының "г" тармақшасы) шығару басқа лауазымда пайдалану мүмкін болмаған немесе қызмет бабымен басқа жерге ауысудан бас тартқан жағдайда жүзеге асырылады (Ереженің 91-тармағының "г" тармақшасы).

159. Қазақстан Республикасы ІІМ оқу орындарының тыңдаушылары мен курсанттары, сонымен қатар ІІМ жолдамасымен шет елдердегі оқу орнында оқитындар, үлгерімі нашар болуына, қызмет тәртібін бұзғаны үшін, оқуға ынтаның болмауы және басқа да негіздер бойынша оқудан шығарылғандар келісім-шартты бұзғандар ішкі істер органдарының арнаулы есебінен алынады. Бұл ретте, оқудан шығарылған тыңдаушылар мен курсанттарды кадр аппараттары тұрғылықты орны бойынша әскери есепке тұрғызу үшін және оларды белгіленген тәртіп бойынша әскери қызметке шақыру үшін әскери басқару органдарына ұсыным хат жібереді.

Ескерту. 159-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

160. Ішкі істер органдарынан шығарылуға тиісті қызметкерлердің анықтаудан бұрын және тиісті шешім қабылдау үшін тікелей бастық кадр аппаратына әрбір қызметкердің шығарылатын күнге дейінгі еңбек сіңірген жылдары есептелген анықтама сұрауы міндетті, себебі, олардың ішкі істер органдарында істеген жылдарына аз мөлшердегі зейнетақы тағайындауға шамалы уақыттың жетпеуі жағдайын болдырмау үшін керек.

Сонымен бірге, еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнетақы алуға құқық беретін, қызметте болудың шекті жасына жеткен және органдар мен құрылымдардың қайта құрылуына байланысты басқа лауазымда пайдалануға болмайтын жағдайда шығарылуға тиісті қызметкерлермен (Ереженің 91-тармағының "а", "б", "в", "г" тармақшалары) шығарылуға дейінгі бір айдан кешіктірмей шығарылу алдында әңгіме өткізіледі.

Өз еркімен (Ереженің 91-тармағының "ж" тармақшасы), (Ереженің 91-тармағының "е" тармақшасы), басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдарға жұмысқа ауысуына, келісім-шарттың бұзылуына байланысты (Ереженің 91-тармағының "з" тармақшалары) шығарылатын қызметкерлермен жағдайға қарай әңгіме басқа уақытта да өткізілуі мүмкін.

Сынақ мерзімі аралығында қызметке жарамсыздығы анықталған жағдайда, аттестациялық тәртіппен қызметіне толық сәйкес еместігі бойынша, қызмет тәртібін өрескел бұзғаны үшін, беделін түсіретін қылық істегені үшін, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға байланысты соттық айыптау үкімі күшіне енуіне байланысты шығарылатын қызметкерлер (Ереженің 91-тармағының "и", " к", "л", "м", "н", "о" тармақшалары) оларды тікелей шығаруға ұсыным алдында ғана хабардар етіледі.

Әңгімені тағайындайтын инстанциямен алдын-ала босату мәселесін келіскеннен кейін босатуға материалдар ұсынушы бастықтар немесе олардың орынбасарлары жүргізеді.

Қажет болған жағдайда әңгімеге кадр және қаржы-экономика (зейнет)

аппараты өкілдері қатысады.

Әңгіме барысында қызметкерге оның алдағы босатылғандығы туралы ұсыным жөнінде, оның негіздері жайлы айтылып, жеңілдіктер мен жұмысқа орналасу және материалдық-тұрмыстық қамтамасыз етудегі артықшылықтары түсіндіріледі, әрі басқа мәселелер бойынша да қажетті түсініктер беріледі.

Ескерту. 160-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

161. Босатуға ұсынылған қызметкерлер өздерінің тиісті бастықтары әңгіме өткізген соң қажетті жағдайда жауынгерлік қызметке жарамдылығын анықтау үшін әскери-дәрігерлік комиссияға жіберіледі. Босату кезінде комиссияның қорытындысы оның себебін анықтауда ескеріледі.

Ереженің 91-тармағының "б", "д", "е", "ж", "з", "и", "к", "л", "м", "н", "о" тармақшалары бойынша шығарылуға тиісті қатардағы және кіші басшы құрамдағы адамдар, егер еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнетке шығу құқын беретін еңбек жылдары болса, онда әскери-дәрігерлік комиссияға куәландыруға жіберілмейді. Бас еркінен айырылған, түрлі жаза шараларына сотталған, соттың айыптау үкімі күшіне енуіне байланысты шығарылғандардан басқа адамдар өз өтініштері бойынша ішкі істер органдарынан шығарылғаннан кейін дәрігерлік куәландыруға жіберілуі мүмкін.

Орта, аға және жоғары басшы құрамдағы адамдар шығарылатын кезде мына жағдайларда әскери-дәрігерлік комиссияға куәландыруға жіберілмеуі мүмкін:

1) еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетке шығу құқын беретін, еңбек сіңірген жылдары бар болса, жасы бойынша;

2) егер де олар еңбек сіңірген жылдары үшін ең жоғары зейнетақы алуға құқығы бар болса, Ереженің 90-тармағының "б" тармақшасында көрсетілген жасқа жеткенде;

3) Ереженің 91-тармағының "м", "о" тармақшалары бойынша ішкі істер органдарынан шығарылуға ұсынылғандар.

Бұл адамдарды медициналық куәландыруға олар ішкі істер органдарынан босатылғаннан кейін, тек жұмыстан бас бостандығынан айыруға сотталғандығына байланысты, сот үкімінің заңды күшіне енген адамдардан басқасы берілуі мүмкін.

Ескерту. 161-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

162. Босатуға тиісті қатардағы және кіші басшы құрамдағы адамдарға сәйкес тікелей бастықтары қатардағы және кіші басшы құрамдағы адамдарды шығаруға құқы бар бастықтың атына команда бойынша, тағайындалған үлгідегі ұсыным ( Нұсқауға N 27 қосымша) жібереді, онда шығу себептері мен негіздері, қызметке жарамдылық деңгейі, еңбек сіңірген жылдары көрсетіліп, оған деген нұсқаулық

және сипаттаушы деректер қысқаша баяндалады.
Ұсынымға:
1) ішкі істер органдарынан шығару туралы өтініш білдірген қатардағы және кіші басшы құрамдағы адамдардың рапорты (еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнетке шығу құқығы бар, еңбек сіңірген жылдары бойынша, өз еркі бойынша, келісім-шартының мерзімі аяқталуына байланысты шығарылуға ұсынылғандар);
2) Әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы (денсаулығына байланысты шығарылуға ұсынылғандар);
3) сот үкімінің көшірмесі (соттың айыптау үкімі заңда күшіне енуіне байланысты шығарылуға ұсынылғандар) қоса жіберіледі.
Аттестациялық тәртіпте қызметіне сәйкес еместігі бойынша шығарылуға тиісті қатардағы және кіші басшы құрамдағы адамдарға ұсынымдармен бірге команда бойынша аға басшының қорытындысы бар аттестация жіберіледі.
Ішкі істер органдарынан шығарылатын орта, аға және басшы құрамдағы адамдарға да Нұсқаудың N 27 қосымшасында көрсетілген формадағы ұсыным жасалынады.

## 25. Ішкі істер органдарынан босату кезіндегі құжаттарды ресімдеу тәртібі

163. Орта, аға және басшы құрамдағы адамдарды ішкі істер органдарынан шығару үшін ұсынымға Ішкіісминнің органдары, бөлімшелері және оқу орындарының бастықтары қол қояды және команда бойынша жіберіледі.
164. Ұсынымда мынадай:
1) білімі туралы - қызмет өтеу тізіміндегі толтыру үшін белгіленген сәйкес жолдардағы тұжырымдамаға;
2) еңбек сіңірген жылдары - қызмет жылдарының, айлары мен күндерінің саны; еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнетке шығу құқы бар болса, қызмет өтілі белгіленген тәртіп бойынша жасалып, рәсімделген еңбек сіңірген жылдарын есептелуіне дәл сәйкес көрсетіледі;
3) "Мазмұны" бөлімінде шығарылушының ІІМ жүйесінде істеген барлық мерзімдерін сипаттайтын деректер Ереженің 91-тармағының "в", "г", "ж", "з", "и", "к", "л", "м", "н", "о" тармақшалары бойынша мерзімінен бұрын шығару қажеттілігін дәлелдейтін аттестацияда көрсетілмеген себептер мен жағдайлар қысқаша баяндалады;
4) әңгіме кіммен және қашан өткізілді, әңгіме барысында қызметкерлерге алдағы шығару ұсынымы туралы, оның негіздері, еңбекке орналастыру және материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету бойынша берілетін жеңілдіктер туралы және басқа да мәселелер бойынша қажетті түсініктер береді;

5) қызметке жарамдылық дәрежесі туралы - қашан және қай әскери дәрігерлік комиссия куәландырған, науқасы туралы қашан және кім куәландырған, науқасы бойынша бекітілген куәландыру негізінде жауынгерлік қызметке даярлық дәрежесінің сөзбе-сөз тұжырымы. Егер шығарылушы дәрігерлік куәландыруға жіберілмесе оның себебі көрсетіледі;

6) әскери есепке тұруға жіберу туралы - тиісті жергілікті әскери басқару органының атауы;

7) мадақтау шаралары туралы - шығарылушыны мадақтау жөніндегі ұсыныс (қолдаухат) және оны кімнің құқымен орындаған лайықты екені туралы деректер көрсетіледі.

Ескерту. 164-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

165. Ұсынымның "Аға басшылардың қорытындысы" бөліміне жоғары тұрған тікелей басшылардың шешімі өз кезегімен енгізіледі.

Шығару туралы ұсыныспен аға басшы келіссе, ол өз шешімін баяндайды, сондай-ақ оны мадақтау туралы қолдаухат береді (егер шығарылушыны жоғары тұрған басшының құқымен мадақтау қажет болса).

Шығарылу туралы ұсыныммен келіспесе, ол шығаруды қабыл алмайды немесе егер шығаруды қабыл алмау немесе тоқтату туралы шешімді жоғары тұрған басшы қабылдайтын болса, онда шешімді белгілі бір мерзімге дейін тоқтатады.

Барлық жағдайда тиісті басшының шығаруды қабыл алмауы немесе тоқтатуы туралы соңғы шешімі, оның ондай шешімге келуге мәжбүр еткен негіздері себептері туралы шығарылатын адамға орган, құрылымдар, оқу орны бастығы арқылы хабарланады.

166. Орта, аға және жоғары басшы құрамдағы адамдарды шығаруды қабыл алмау немесе тоқтату туралы шешімді өзіне берілген құқы шегінде шығаруға байланысты сұрақтарды карастыру және шешудің белгіленген тәртібін сақтай отырып, өзіне берілген құқы шегінде тікелей бастығы қабылдайды.

167. Қызметкерді шығаруға ұсынған бастықтар және ұсыным бойынша қорытынды беретін тікелей басшылар кадр аппаратымен, тиісті қызмет басшыларының пікірін ескереді.

168. "Ұсыным бойынша шешім" бөліміне кадр аппараты шығаруға немесе белгілі бір мерзімге тоқтата тұруға құқы бар бастық қабылдаған ұсыным бойынша шешімнің мазмұны туралы жазба енгізеді.

169. Ұсыныммен бірге шығарылушы адамның мынадай құжаттары жіберіледі:

1) орта, аға және жоғары басшы құрамдағы адамдардың ішкі істер органдарынан шығару туралы өтініш білдірген рапорты (келісім-шарт мерзімі

аяқталған, өз еркімен, зейнетке шығуға құқық беретін еңбек сіңірген жылдары бойынша, денсаулығы бойынша, белгіленген тәртіп бойынша басқа мемлекеттік органға жұмысқа ауысуына байланысты шығарылуға ұсынылғандар);

2) Әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы (жоғарыда көрсетілген жағдайларда қызметкерлердің ӘДК жіберілгендігі туралы жолдамасы);

3) қызметтік тексеру қорытындысы (Ереженің 91-тармағының "к", "л" тармақшасы бойынша қызметкерді қызмет тәртібін өрескел бұзғаны және Ереженің 91-тармағының "л" тармақшасы бойынша беделін түсіретін қылық істеген қызметкерлерді шығару кезінде);

4) аттестация (Ереженің 91-тармағының "л" тармақшасы бойынша аттестациялық тәртіпте қызметіне сәйкес еместігі бойынша шығарылғанда);

5) сот үкімінің көшірмесі (соттың айыптау үкімі заңды күшіне енуіне байланысты шығарылуға ұсынылғандар).

Ескерту. 169-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

170. Орта, аға және басшы құрамдағы адамдарды аттестациялық тәртіппен қызметке сәйкес еместігі бойынша қызметтен босатқанда команда бойынша ұсыныммен қатар аға бастықтың қорытындысы жазылған аттестация қоса жіберіледі.

Бұдан басқа, осы Нұсқаулықта белгіленген жағдайларда, шығарылуға ұсынылған полиция капитанына шығарылуымен қатар кезекті арнаулы полиция майоры шенін беру туралы ұсыным жолданады.

Ескерту. 170-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

171. Ішкі істер органдарынан қызметкерлерді шығару туралы бұйрықтарда Ережеде қамтылған шығару тұжырымдары көрсетіледі.

Жағымды аттестацияланған қызметкерді шығаруда қолдануға негіз боларлық екі тұжырым болса, онда оған жеңілдіктер мен артықшылықтар алуға құқық беретін түрі көрсетіледі.

Органдардың, құрылымдардың, оқу орны және кадр аппараты басшыларына қызметкерлерді Ішкі істер органдарынан шығаруда тұжырымдарды дұрыс анықтау жауапкершілігі жүктеледі.

Қызметкерлерді шығару туралы бұйрық, сол шыққан немесе қызмет орны бойынша алған күні қол қойдыра отырып хабарланады.

Қызметкерді шығару туралы бұйрық, оларды сол уақыттан бастап ІІМ кадрларынан шығару актісі болып табылады.

172. Арнаулы шен беру, лауазымға тағайындау, ішкі істер органдарынан шығару және қызметкерлердің қызмет өтеуге қатысты басқа да мәселелері туралы жеке құрама бойынша бұйрық осы сұрақтарды шешу құқы берілген

бастықтың қол қоюымен шығарылады.

Бастықтың уақытша болмауы кезінде, жеке құрам бойынша бұйрық, егер бастықтың қызметін уақытша атқару міндеті бұйрықпен бекітілсе, бастық қызметін уақытша атқарушы адамның қолымен шығарылады.

173. Қызметкерлерді ішкі істер органдарынан шығару туралы бұйрық шыққаннан кейін (жеке құрам тізімінен шығару) шығаруға байланысты ( тізімінен шығарылуымен) жаңа деректер табылмаса және қолданыстағы заңдылықтар бұзылуына жол берілмесе, онда мұндай актінің негіздері өзгертуге жатпайды.

174. Қызметкер сотқа шағым жіберместен бұрын Ереженің 40-тармағының тағайындалған тәртіп бойынша қызметке қайта қабылдау туралы мәселені шешу үшін немесе түсінік алу үшін жоғары тұрған органға өтінішпен баруы міндетті.

Қызметкердің босатылуына байланысты мәселелер бойынша сотқа арыздану үшін қолхат арқылы берілген босату туралы бұйрықтың көшірмесі негіз болып табылады.

175. Ішкі істер органдарынан шығарылған қызметкерлерге тиісті кадр аппараттары шығарылған күні, шығарылғаны туралы жазу енгізілген еңбек кітапшасын береді, әскери билетін қайтарады және тұрғылықты жері бойынша әскери есепке тұруға міндеттеу үшін үш күн мерзімде әскери комиссариатқа келуі туралы нұсқама тапсырылады, ол запастағы офицерлер бойынша кадр аппараттары олардың тұрғылықты жері бойынша әскери комиссариатына қысқартылған әскери ісін жібереді. Мұнда, жеке ісінің қабының екінші жағына ( жеке құжаттар сақтауға арналған конверт желімделген тұсқа) жеке құжаттары берілгені жөнінде жазба жазылып, ол алған қызметкердің қолымен расталады.

Ішкі істер органдарында қызметке дейін әскери есепте тұрмаған әйел қызметкерлерге ішкі істер органдарынан қызметтен шығарылғаннан кейін оларды әскери комиссариаттарға жіберіп, әскери есепке қою туралы нұсқама берілмейді.

176. Қызметкерлерді олар үшін белгілеген шекті жасынан ары қарай қызметте қалдыру жөніндегі шешімдер, ол қызметкерлерді лауазымға тағайындау құқына ие бастықтарымен дербес тізімдерді бекіту жолымен қабылданады. Тізім кадр аппаратымен жыл сайын 1-қаңтарға дейін аталған нұсқаудың 28-қосымшасындағы нысанға сәйкес жасалынады. Олар номенклатура бойынша қызметкердің рапорттары және тікелей басшылардың өтініштер негізінде бөлек жасалынады.

177. Қолдаухатқа соңғы аттестацияның дәйектері баяндалып, онда қызметкердің адамгершілік қасиеттері және іскерлік сипаты, шешім қабылдауға

себебі тиетін басқа да деректер мен дәйектер (жағдайлар) баяндалады, сонымен қатар қызметкерді ішкі істер органдарында қай уақытқа (айы, жылы) дейін қызметке қалдыруды ұсынатыны көрсетіледі.

178. Қызметкерлерді олар үшін белгіленген жастан артық уақытқа қызметте қалдыру немесе қалдырмау туралы қабылданған шешімді оларға тікелей және тура бастықтары арқылы хабарланады.

179. Бекітілген дербес тізімдер қызметкерлердің қызмет орны бойынша кадр аппаратына жіберіледі және 10 жыл бойы сақталады.

Қызмет мерзімі қай уақытқа дейін ұзартылғаны көрсетілген қолдаухат пен қызметкердің рапорты оның жеке ісіне тіркеледі (мұрағат бөліміне).

## Қатардағы және басшы құрам кейбір санаттағы адамдарының қызмет өткізу ерекшеліктері

180. Ішкі істер органдарының орта, аға және басшы құрамдағы лауазымдарына бұрын Ішкіісмин кадрында тұрмаған мемлекеттік орган мамандары, ғылыми қызметкер және жоғары оқу орындарының оқытушылары қатарынан адамдарды тағайындау қажет болған кезде ішкі істер органдарының органы және бөлімшелері министрдің атына негізделген қолдау хат, олардың жинақталған жеке ісін жібереді. Тәрбие және кадр жұмыстары департаменті Ішкіісминнің мүдделі қызметтерімен келіскеннен кейін қолдаухаттың қаралғандығы туралы Министр бекітетін қорытынды шығарады, егерде мәселе оң шешімін тапса, ол аталған адамдардың ішкі істер органдарының лауазымдарына тағайындалуына негіз бола алады. Кейіннен, оған алғашқы арнайы атақ беру туралы ұсыным жіберген кезде, ұсынымның мәтінінде Ішкіісмин кадр аппаратының қорытындысына және оның бекітілген датасына міндетті түрде сілтеме жасалу керек.

Ескерту. 180-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2004.07.23 N 428 Бұйрығымен.

181. Қарамағындағы қызметкер қызметтік тәртіпті бұзған жағдайда бастық оны мұндай іс-әрекеттерге жол бермеу керектігі туралы ескертеді, ал қажет болған жағдайда жасалған теріс қылықтың ауырлығына және айыптың деңгейіне байланысты қызметтік тексеріс жүргізеді, кінәліні тәртіптік жазаға тартады немесе теріс қылық туралы материалдарды Тәртіптік комиссияның қарауына береді.

Ескерту. 181-тармақпен толықтырылды - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

182. Арнаулы атағы және лауазымы бойынша үлкен, ал лауазымдары тең болғанда арнаулы атағы бойынша үлкен қызметкерлер барлық жағдайларда

арнаулы атағы бойынша кіші қызметкерлерден тәртіп, киім нысаны және ар-намыс ережелерін сақтауды талап етеді.

Ескерту. 182-тармақпен толықтырылды - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

183. Бірнеше адам бірлесіп тәртіп бұзған жағдайда кінәлі адамдардың әрқайсысы жеке және тек өзі жасаған тәртіп бұзушылық (теріс қылық жасаған қызметкердің айып деңгейін ескере отырып) үшін ғана тәртіптік жазаға тартылады.

Ескерту. 183-тармақпен толықтырылды - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

184. Ішкі істер органдарынан қызметтен босату тәртіптік жазаның соңғы шарасы болып табылады.

Ескерту. 184-тармақпен толықтырылды - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

185. Кезекшілік уақытында, патрульдік-бекеттік қызмет атқару кезінде жасалған теріс қылықтары үшін тәртіптік жазаға тарту кінәлі қызметкер кезекшіліктен, қарауылдан, бекеттен ауысқаннан кейін немесе оны басқа адамдар ауыстырғаннан кейін жүргізіледі.

Ескерту. 185-тармақпен толықтырылды - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

186. Қызметкерді қызметке мас күйінде келгені үшін тәртіптік жауапқа тарту кезінде медициналық куәландырудың нәтижелерін, ал қызметкер куәландырудан бас тартқан жағдайда кем дегенде екі куәгердің айғағын басшылыққа алу қажет. Мас күйіндегі қызметкерден қандай да бір түсініктеме алуға жол берілмейді.

Ескерту. 186-тармақпен толықтырылды - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

187. Сотқа не болмаса бағыныстылығына қарай жоғары тұрған бастыққа шағымданған жағдайда салынған тәртіптік жазаны орындау тоқтатылмайды.

Ескерту. 187-тармақпен толықтырылды - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

188. Тәртіптік жазасы бар қызметкерлерге көтермелеу шарасы ретінде бұрын салынған тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алу қолданылуы мүмкін.

Ескерту. 188-тармақпен толықтырылды - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

189. Егер қызметкер тәртіптік жаза салынған күннен бастап алты ай ішінде жаңа тәртіптік жазаға тартылмаса, ол алынған болып саналады.

Ескерту. 189-тармақпен толықтырылды - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

190. Тура бастық салған тәртіптік жазаны алу үшін тікелей бастық инстанция бойынша тиісті өтініш қозғайды.

Ескерту. 190-тармақпен толықтырылды - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

191. Тәртіптік жазаларды, Тәртіптік комиссияның шешімдерін есепке алуды кадр бөлімшесінің қызметкерлері жүргізеді. Бұйрықта жарияланған тәртіптік жазалар, Тәртіптік комиссия мен офицерлер және полицейлік жиналыстардың шешімдері сонымен қатар қызметкердің жеке ісіндегі қызметтік тізімге енгізіледі .

Ескерту. 191-тармақпен толықтырылды - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

192. Бастықтар тәртіптік жазаларды министр белгілеген оларға берілген құқықтар шегінде қолданады.

Ескерту. 192-тармақпен толықтырылды - Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 Бұйрығымен.

1-қосымша

Фотосуретке арналған

орын

**Кадр есебі жөніндегі жеке ІС ПАРАҒЫ**

1. Тегі_____________________________________________________

аты _______________________________________________________

әкесінің аты______________________________________________

2. Жынысы_____3. Туған жылы, айы, күні____________________

4. Туған жері______________________________________________

(ауыл, қала, аудан, облыс, республика)

лауазымға тағайындалған күнінен бастап ішкі істер органдарындағы қатардағы және басшы құрам лауазымдардағы қызмет уақыты;

Ішкіісминнің, бұрынғы МТК-ның оқу орындарында және ішкі істер органдарының басшы құрамын даярлау, қайта даярлау және жетілдіру жөніндегі оқу бөлімшелерінде, оның ішінде әскери-оқу орындары жанындағы ішкі істер органдарының басшы құрамын даярлау жөніндегі бөлімшелерде (факультеттерде ) оқу уақыты, сондай-ақ, егер де оларды аяқтағаннан кейін белгіленген тәртіппен арнаулы атақтар бере отырып, ішкі істер органдарына қызметке қабылданса, ішкі істер органдарының өтілші-қызметкерлерінің бастапқы оқу және сынау мерзімінің уақыты;

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің органдары мен оқу орындарындағы: 1955 жылдың 1 қазанына дейін - штаттық мемлекет бюджетіндегі лауазымдардағы; 1955 жылдың 1 қазанынан кейін - қатардағы, кіші және офицерлік құрам лауазымдарындағы қызмет уақыты;

Әскери-оқу орындарында оқу кезеңін қосқандағы Қарулы Күштердегі ( майдандағы, Армиядағы, Әскери-Теңіз Флотындағы, Республикалық гвардиядағы, ішкі әскерлердегі, басқа әскери құрылымдардағы) қызмет уақыты;

Әскери қызметтің басқа кезеңдері қолданыстағы ережелер бойынша олар Қарулы Күштердің әскер қызметшілерінің сондай өтіліне есептелетін жағдайларда қосылады.

Басшы құрамдағы адамдардың Ішкіісмин жүйесінің тағайындаушы инстанциясы бастығының қарамағында (резервінде) болу уақыты;

егер де бұрын қолданыста болған Ережеге сәйкес белгіленген тәртіппен қызметкерлердің еңбек сіңірген жылдарына 1992 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген болса - партия, кеңес, кәсіподақ және комсомол органдарында, прокуратура мен сотта жұмыс істеу кезеңдері;

егер де басшы және офицерлік құрамдағы адамдар мемлекеттік, атқарушы органдарға және басқа министрліктер мен ведомстволарға немесе оларға ведомстволық бағыныстағы мекемелерге, кәсіпорындар мен ұйымдарға арнайы жұмыстар немесе арнайы міндеттер орындау үшін белгіленген тәртіппен қызметке жіберілген болса - олардың Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кадрларында болу уақыты;

қаржы полициясы (салық полициясы (милициясы) органдары мен оқу орындарының қатардағы және басшы құрам лауазымдарындағы қызмет уақыты;

мамандардың өкілетті және атқарушы органдарда, прокуратура, әділет органдарында, ішкі істер органдарының кадрларында бұрын болмаған және Қазақстан Республикасының Үкіметі ішкі істер органдарының басшы және жоғарғы басшы құрам лауазымдарында жұмыс істеуге жіберген ғылыми қызметкерлер мен оқу орындары оқытушыларының жұмыс істеген кезеңдері. Бұл ретте жұмыстың көрсетілген кезеңдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді;

әйелдердің жүктілікке және босануға байланысты демалыста және бала үш жасқа толғанға дейін баланың күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын қатардағы және басшы құрам адамдарының демалыста болу кезеңдері;

сайланатын лауазымға ауысуына байланысты ішкі істер органдарынан босатылған және өкілеттік мерзімі аяқталған соң ішкі істер органдарына қызметке қайта оралған басшы құрамдағы адамдардың сайланатын лауазымдағы жұмыс кезеңі;

мемлекеттік қызметте болу уақыты;

қылмыстық жауапкершілікке негізсіз тартылған, негізсіз қуғын-сүргінге ұшыраған, зорлап көшірілген және кейіннен ақталған әскери қызметшілердің, ішкі істер органдары, бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерлерінің қамауда ұсталу, бас бостандығынан айыру орындарында жаза өтеу және жер аударылу уақыты есептеледі.

Әскери қызметте болудың шекті жасына толғанға дейін қызметтен негізсіз шығарылған, ал кейіннен денсаулық жағдайына байланысты қызметке шектеулер болмаған соң Қорғаныс министрінің, Ішкі істер министрінің, Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының шешімі бойынша қызметтен босатылуы заңсыз деп танылуына байланысты қызметке қайта қабылданған ішкі істер органдары, бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерлерінің, Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құрамалар әскери қызметшілерінің және Қазақстан Республикасының басқа әскерлер мен әскери құрамаларындағы лауазымды адамдарының еңбек сіңірген жылдарын анықтау кезінде зейнетақы тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарына сол кезеңде олар жұмыс істемеген қызметтегі үзілістер уақыты есептелуі мүмкін.

Қатардағы және басшы құрам адамдарына лауазымдық жалақысының мөлшерін анықтау үшін өтілін белгілеуді Ішкіісминнің, Астана, Алматы қалаларының, облыстардағы және көліктегі ішкі істер департаменттерінің, Қазақстан Республикасының Ішкіісмині оқу орындары мен Республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының комиссиялары жүргізеді.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің орталық аппаратында комиссиялар кадр және қаржы аппараттары бар комитеттерде, департаменттерде және дербес басқармаларда, сондай-ақ оларға бағынышты мекемелер мен бөлімшелерде құрылады.

Ішкі істер министрлігінде орталық комиссия құрылады. Оған қызмет өтілі туралы тиісті комиссиялар шеше алмаған даулы мәселелерді қарау жүктеледі. Комиссиялар ІІД, КІІД, ОО және РМК бастығының орынбасары (комиссия төрағасы), кадр және қаржы аппараттары өкілдерінің (комиссия мүшелері) құрамында құрылады.

Комиссияның дербес құрамы тиісінше Министрдің, ІІД, КІІД, ОО және РМК

бастықтарының бұйрығымен белгіленеді.

Комиссияның шешімі қорытынды ретінде ресімделеді және ішкі істер органы бастығының бұйрығымен жарияланады. Қорытынды бір данада жасалады және қызметкердің жеке ісінің бірінші бөлігінде сақталады.

Комиссияның қорытындысын жариялайтын бұйрықтың негізінде, қызмет тізімінің 12-бөлімінде мынадай мазмұндағы жазба жасалады:

"Лауазымдық жалақысының мөлшерін анықтау үшін өтілі 200____ "__"_______ жағдай бойынша ____жыл ___ай ____күнді құрайды. 200___ жылғы "___"___ ________ N ______ бұйрық".

Ішкі істер органдары бастықтарының лауазымдық жалақысының мөлшерін анықтау үшін өтілін жоғары тұрған ішкі істер органының комиссиясы белгілейді.

Бұрын белгісіз болған негіздер анықталған жағдайда өтілді оны белгілеген комиссия немесе жоғары тұрған ішкі істер органының комиссиясы қайта қарауы мүмкін.

14-қосымша

**Зейнетақы тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарын есептеу**

Ескерту. 14-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2009.05.20 N 192 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

1. Еңбек сіңірген жылдарын, оның ішінде зейнетақы тағайындау үшін жалпы еңбек өтілін ескере отырып есептеуді ішкі істер органдарының кадр аппараттары жүргізеді.

2. Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдеріне құқық беретін еңбек сіңірген жылдарын күнтізбелік және жеңілдікті түрде есептеудің тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 26 тамыздағы N 803 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары әскери қызметшілерінің, қызметкерлерінің еңбек сіңірген жылдарын есептеудің, біржолғы жәрдемақылар тағайындау мен төлеудің тәртібімен" белгіленген.

Ішкі істер органдарындағы қызмет басшы және қатардағы құрам лауазымдарына тағайындалған күннен бастап, оларға кезекті арнаулы атақ берілген датаға қарамастан еңбек сіңірген жылдарға есептеледі.

3. Зейнетақы төлемдерін тағайындау кезінде "Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 60-бабындағы 1-тармақтың 1 және 2-тармақшаларына сәйкес кемінде 25 жыл

қызметке ішкі істер органдарындағы қызметте тікелей болу кезеңдері (толық, қызметтегі үзілістерге қарамастан), сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі зейнетақы тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарына есептеген жұмыс кезеңдері енеді. Есепке тек қана еңбек сіңірген толық жылдары көбею жағына жинақтаусыз алынады.

4. Зейнетақы төлемдерін тағайындау кезінде "Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 60-бабындағы 1-тармақтың 3-тармақшасына сәйкес кемінде 12 жыл 6 айды құрайтын үзіліссіз қызметке ол адамның лауазымға тағайындалған не болмаса әскери қызметте болған күнінен бастап (күнтізбелік және жеңілдік есеп бойынша ) қатардағы және басшы құрамдағы лауазымда тікелей болған кезеңдері ғана енеді. Жалпы 25 жылдық өтілге осы Заңның 11-бабына сәйкес жұмыстардың барлық түрлері енеді (сондай-ақ күнтізбелік және жеңілдік есеп бойынша). Есепке тек қана еңбек сіңірген толық жылдары көбею жағына жинақтаусыз алынады.

5. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің еңбек сіңірген жылдарына олардың әскери бөлімдердің тәрбиеленушілері мен юнгалары ретінде, әскери (даярлық) арнаулы мектептер мен училищелердің курсанттары (оқушылары) ретінде болған уақыты, сондай-ақ 16 жасқа толғанға дейін еріктілер қатарындағы қызмет уақыты есептелмейді, бұл ретте көрсетілген адамдардың жалпы еңбек өтілі республиканың заңнамасына сәйкес есептеледі.

6. Ішкі істер министрлігі (Ішкі істер халық комиссариаты, Қоғамдық тәртіпті сақтау министрлігі), Қорғаныс министрлігі және Ұлттық қауіпсіздік комитеті ( Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті), Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттік училищелерінде, мектептерінде, курстарында және басшы, офицерлік, сержанттық құрамды даярлау, қайта даярлау мен жетілдіру жөніндегі басқа да оқу орындарында оқу кезеңдері оқу кезеңінде арнаулы атағының болуына қарамастан зейнеткерлікке шығу үшін еңбек сіңірген жылдарына есептеледі.

7. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің зейнеткерлікке шығу үшін еңбек сіңірген жылдарына ішкі істер органдарындағы қызметтің жекелеген кезеңдерін есепке алу туралы мәселелерді шешу кезінде бұрынғы КСРО Ішкіісминінің 1973 жылғы 13 тамыздағы N 0480 бұйрығына қосымша генералдардың, офицерлердің, басшы, сержанттық және қатардағы құрамның лауазымдары тізбесін, сондай-ақ бұрынғы КСРО Ішкі істер халық комиссариатының 1945 жылғы 6 тамыздағы N 329 бұйрығын, бұрынғы КСРО Ішкіісминінің кейіннен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 1946 жылғы 30 қыркүйектегі N 0310 және 1968 жылғы 28 қазандағы N 0606 бұйрықтарына қосымша тарифтік тізбелерді не болмаса бекітілген штаттарды басшылыққа алу керек.

Бір мезгілде басшы және қатардағы құрамның кейбір лауазымдарын

жұмысшылар мен қызметшілер ауыстыра алатын лауазымдар санатына ауыстыру жүргізілгендігін ескеру керек (КСРО Ішкіісминінің 1955 жылғы 31 тамыздағы N 0440, 1958 жылғы 12 қарашадағы N 925, 1958 жылғы 22 желтоқсандағы N 999 бұйрықтары, сондай-ақ бұрынғы одақтық республикалар Ішкіісминінің 1960 жылғы 13 қаңтардан бастап 1966 жылғы 22 шілдеге дейінгі кезеңдегі бұйрықтары).

Лауазымның басшы немесе қатардағы құрам лауазымдар санатына жататындығын сол жерде анықтау мүмкіндігі болмағанда мәселені шешу Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің кадр аппаратына жіберілуі тиіс.

8. Басшы және қатардағы құрам адамдарының зейнеткерлікке шығу үшін еңбек сіңірген жылдарына жекелеген аппараттардағы, ішкі істер органдары мен мекемелеріндегі:

- 1934 жылғы 10 шілдеден бастап бұрынғы КСРО Ішкі істер халық комиссариатының орталық аппаратындағы және оған тікелей бағынышты мекемелердегі;
- 1945 жылғы 6 тамыздан бастап бұрынғы одақтық және автономиялық республикалардың Ішкі істер халық комиссариаттары аппараттарындағы, аймақтың және облыстардың Ішкі істер халық комиссариаттары басқармаларындағы инспектор, уәкіл, уәкілдің көмекшісі (жедел уәкіл), инженер, оларға тең және олардан жоғары лауазымдардағы, ал жедел аппараттарда сондай-ақ өтілші мен практикант лауазымдарындағы;
- 1934 жылғы 10 шілдеден 1950 жылғы 5 қазанға дейін Ішкі істер халық комиссариатының (Ішкіісминнің) ауданаралық, аудандық, қалалық, уездік, болыстық және округтік аппараттарындағы;
- 1968 жылғы 19 қарашадан бастап округтік, қалалық және аудандық Халық депутаттары кеңестері атқару комитеттерінің ішкі істер бөлімдеріндегі (бөлімшелеріндегі);
- 1956 жылғы 3 шілдеден бастап Мемлекеттік автомобильдік инспекцияда;
- 1930 жылғы 15 желтоқсаннан бастап 1935 жылғы 5 қазанға дейін визалар және шетелдіктерді тіркеу бөлімдеріндегі;
- 1939 жылғы 26 қаңтардан бастап оларды әскери комиссариаттарға берген күнге дейін (1951 ж.) милиция аппараттары жанындағы әскери-есепке алу столдарындағы;
- 1934 жылғы 1 қазаннан бастап 1956 жылғы 31 желтоқсанға

дейін азаматтардың хал-ахуал актілері бөлімдеріндегі (АХАБ) (бөлімшелеріндегі) және аудандар АХАБ-ның нұсқаушылары лауазымдарындағы;
- 1949 жылғы 1 қарашадан бастап (оларды Денсаулық сақтау халық комиссариатынан Ішкі істер халық комиссариатына берген күннен бастап) айықтырғыштардағы;
- 1934 жылғы 27 қазаннан бастап 1961 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбекпен түзеу жұмыстары инспекцияларындағы (бюроларындағы) бастықтардың, аға инспекторлардың, инспекторлардың, қадағалаушылардың лауазымдарындағы;
- 1964 жылға дейін арнайы комендатуралардағы (еңбекқоныстары мен еңбек поселкелері комендатураларындағы) коменданттардың, комендант орынбасарларының, комендант көмекшілерінің, аға жедел уәкілдердің, жедел уәкілдердің, аға инспекторлардың, инспекторлардың, аға қадағалаушылардың және милиционерлердің лауазымдарындағы;
- қаланы әскерилендірілген өрт күзетіне қабылдаған күннен бастап, бірақ 1932 жылғы 23 наурыздан кейінгі қалалардың әскерилендірілген өрт күзетіндегі;
- объектінің әскерилендірілген өрт күзетінде болу кезеңінде - объектілердің осындай күзетіндегі;
- 1932 жылғы 23 наурыздан бастап аудандық өрт инспекторларының лауазымдарындағы;
- еңбекпен түзеу мекемелері КСРО Әділет министрлігінің қарамағында болған 1953 жылғы 28 наурыздан бастап 1954 жылғы 21 қаңтарға дейінгі кезеңде осы мекемелердегі - егер де көрсетілген кезеңнің алдында және тікелей одан кейін есепке алуға жататын қызмет жалғасатын болса;
- 1946 жылғы 1 қазанға дейін Теміржол құрылысының лагерьлері бас басқармасының (ТҚЛББ) және Тау-кен металлургиялық кәсіпорындарының лагерьлері бас басқармасының (ТМКЛББ орталық аппаратындағы инспекторлардың, инженерлердің және одан жоғары лауазымдардағы (1941 жылғы 1 қаңтарға дейін инспектор көмекшісінің лауазымындағы);
- 1945 жылғы 6 тамыздан бастап ТҚЛББ-ТМКЛББ жүйесінің құрылыстары мен мекемелеріндегі, 1952 жылғы 25 сәуірден бастап теміржол жобасының жобалау-зерттеу

экспедицияларындағы және филиалдарындағы;
- 1945 жылғы 6 тамыздан бастап Тас жолдар бас басқармасының (ТЖББ) орталық аппаратындағы және оның бөлімшелеріндегі;
- басшы құрамдағы адамдар КСРО Ішкіісмині кадрларынан босатылғанға дейін, бірақ 1954 жылғы 31 желтоқсаннан кешіктірілмей ТҚЛББ, ТМКЛББ, ТЖББ жүйесінің, арнайы бас басқарманың (АББ), Металл арнайы бас басқармасының, Слюда өнеркәсібінің лагерьлері бас басқармасының, Гидроқұрылыс бас басқармасының, Гидроволгодон-құрылыс бас басқармасының, Гидроволгобал-құрылыс бас басқармасының, "Енисей құрылыс" бас басқармасының барлық салалық өндірістік-шаруашылық мекемелеріндегі;
- 1953 жылғы 2 сәуірге дейін Мұнай құрылыс арнайы бас басқармасындағы;
- 1945 жылғы 6 тамызға дейін Орман өнеркәсібінің лагерьлері бас басқармасының (ОӨЛББ) орталық аппаратындағы инспектордың, инженердің және одан жоғары лауазымдардағы (1941 жылғы 1 қаңтарға дейін инспектор көмекшісінің лауазымындағы); ОӨЛББ және оның бөлімшелері КСРО Орман өнеркәсібі министрлігінің қарамағында болған 1953 жылғы 18 наурыздан бастап 1956 жылғы 4 маусымға дейінгі кезеңде - егер де көрсетілген кезеңдердің алдында және тікелей одан кейін есепке алуға жататын қызмет жалғасатын болса;
- 1960 жылғы 13 қаңтарға дейін Мұрағат бас басқармасындағы және орталық мемлекеттік мұрағаттардағы, 1961 жылғы 1 қаңтарға дейін РСФСР Ішкіісминінің Мұрағат басқармасындағы қызмет есепке алынады.

9. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің жеңілдікті жағдайларда зейнеткерлікке шығу үшін еңбек сіңірген жылдарына қызметтің жекелеген кезеңдерін есепке алу жүргізіледі:

1) ұшу жұмыстарындағы қызмет үшін белгіленген жеңілдікті жағдайларда ішкі істер органдарының авиация бөлімдерінде, авиациялық әскери-оқу орындарында, ғылыми-зерттеу ұйымдарында Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі-Ішкі әскерлер қолбасшысы белгілеген ұшу құрамының лауазымдарындағы қызмет есептеледі. Ішкі істер органдарының және Қазақстан Республикасының Ішкіісмині ішкі әскерлерінің бөлімшелері ұшу құрамының мұндай лауазымдарының тізбесі Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің 2000

жылғы 28 наурыздағы N 159 бұйрығымен белгіленген. Бұл ретте көрсетілген лауазымдардағы қызмет ұшақтарда (тікұшақтарда):

1960 ж. 1 қаңтарына дейін - жылына кемінде 25 сағат;

1960 ж. 1 қаңтарынан бастап - кемінде ұшу сағаттарының белгіленген жылдық нормасындағы (Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің 2000 жылғы 28 наурыздағы N 159 бұйрығы) ұшу сағаттары бар ішкі істер органдары қызметшілерінің, қызметкерлерінің жеңілдікті жағдайлардағы еңбек сіңірген жылдарына есептеледі.

Ішкі істер органдарының әскери қызметшілері, қызметкерлері ұшу жұмысында толық емес күнтізбелік жыл болған жағдайларда еңбек сіңірген жылдарын жеңілдікті түрде есептеуге құқық беретін ұшу сағаттарының нормасы ұшу жұмысында нақты болу уақытының мерзіміне қарай анықталады.

Дәл осындай тәртіппен (ұшу жұмысында нақты болу уақытының мерзіміне қарай) күнтізбелік жылдың бір бөлігін реактивтік немесе турбовинттік қозғағыштары бар, ал екінші бір бөлігін поршеньдік қозғағыштары бар ұшақтарда ұшу жұмыстарын орындаған ішкі істер органдарының әскери қызметшілеріне, қызметкерлеріне қатысты тиісті еңбек сіңірген жылдарын жеңілдікті түрде есептеуге құқық беретін ұшу сағаттарының нормасы анықталады. Бұл ретте, егер де көрсетілген ішкі істер органдарының әскери қызметшілері, қызметкерлері жылдың тиісті бөлігінде реактивтік немесе турбовинттік қозғағыштары бар ұшақтардағы ұшу жұмыстарының нормасын орындамаған болса, бұл ұшақтардағы нақты ұшу сағаттары поршеньдік қозғағыштары бар ұшақтардағы ұшу сағатына жатқызылады және ұшудың жылдық нормасын орындаған жағдайда қызметтің осы күнтізбелік жылы жеңілдікті жағдайдағы еңбек сіңірген жылдарына есептеледі.

Күнтізбелік жыл ішінде аралас ұшу сағаттары бар, яғни ұшу жұмысын реактивтік немесе турбовинттік қозғағыштары бар ұшақтарда және поршеньдік қозғағыштары бар ұшақтарда алма-кезек орындаған ішкі істер органдарының әскери қызметшілеріне, қызметкерлеріне, егер де олардың реактивтік немесе турбовинттік қозғағыштары бар ұшақтарда кемінде белгіленген жылдық нормадағы ұшу сағаттары болса, осы күнтізбелік жылы жеңілдікті жағдайдағы еңбек сіңірген жылдарына есептеледі. Ұшақтардың көрсетілген типтеріндегі ұшу сағаттары аз болған кезде ішкі істер органдары әскери қызметшілерінің, қызметкерлерінің нақты ұшу сағаттары олардың поршеньдік қозғағыштары бар ұшақтардағы ұшу сағаттарына жатқызылады және ұшудың жылдық нормасын орындаған жағдайда қызметтің осы күнтізбелік жылы олардың жеңілдікті жағдайдағы еңбек сіңірген жылдарына есептеледі.

Ұшақтардың басқа типтерінде қайта үйреніп жатқан ұшу құрамындағы ішкі істер органдарының әскери қызметшілеріне, қызметкерлеріне қайта үйрену

уақыты (бірақ бір жылдан аспайтын) олардың ұшу сағаттарының белгіленген нормасын орындауына қарамастан тиісті жеңілдікті жағдайдағы еңбек сіңірген жылдарына есептеледі. Бұл ретте, егер де ішкі істер органдарының әскери қызметшілері, қызметкерлері қайта үйренуге дейін реактивтік немесе турбовинттік қозғағыштары бар ұшақтарда ұшу жұмыстарын орындаса және дәл осындай қозғағыштары бар ұшақтарда қайта үйренген болса, қайта үйрену уақыты жеңілдікті жағдайдағы еңбек сіңірген жылдарына есептеледі.

Ұшу құрамындағы ішкі істер органдары әскери қызметшілерінің, қызметкерлерінің авиациялық әскери-оқу орындарындағы қайта даярлауда немесе білімін жетілдіруде болған уақыты, егер де олар оқуға әскери бөлімінде штаттық лауазымының сақталуымен жіберілсе, оқыту кезеңінде ұшу жұмыстарын орындаса және оқуды аяқтағаннан кейін ұшу құрамының лауазымдарына қайта тағайындалған болса, тиісті жеңілдікті жағдайдағы еңбек сіңірген жылдарына есептеледі.

Ұшу жұмыстарынан шеттетілген ішкі істер органдарының әскери қызметшілеріне, қызметкерлеріне ұшу жұмыстарын нақты тоқтатқан күнінен басталатын қызмет уақыты күнтізбелік есептеу бойынша еңбек сіңірген жылдарына есептеледі;

2) шалғайдағы және биік таулы жерлердегі қызмет жеңілдікті жағдайдағы еңбек сіңірген жылдарына ішкі істер органдарының әскери қызметшілері, қызметкерлері шалғайдағы және биік таулы жерлерге келіп жеткен күнінен бастап есептеледі (келіп жеткен датасы бұйрықта көрсетіледі);

Шалғайдағы және биік таулы жерлерге, ауыр климаттық жағдайлары бар жерлерге (бұдан әрі - шалғайдағы және биік таулы жерлер) келіп жеткен күні болып:

- жеке тәртіппен келіп жеткен Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін - ішкі істер органы бастығының бұйрығымен жеке құрамның тізіміне енгізілген күні;
- ішкі істер органдарының құрамында келіп жеткен Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін - бөлімшенің ішкі істер органы бастығының бұйрығымен жарияланған орналасу пунктіне келіп жеткен күні есептеледі.

Шалғайдағы және биік таулы жерлерден кеткен күні болып:

- жеке тәртіппен кеткен Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін - ішкі істер органы бастығының бұйрығымен жеке құрамның тізімінен шығарылған күні;

- бөлімшенің құрамында кеткен Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін - бөлімшенің ішкі істер органы бастығының бұйрығымен жарияланған шалғайдағы және биік таулы жерде тұрақты орналасу пунктінен кеткен күні есептеледі.

Бұл ретте ішкі істер органдары қызметкерлерінің шалғайдағы және биік таулы жерлерден қызмет орнындағы штаттық лауазымының сақталуымен уақытша кету - емделу, демалыс (кезекті, қысқа мерзімді, науқастануы бойынша) , іссапар, ұзақтығы 6 айдан аспайтын оқу жиындары мен курстар кезеңдері де, емделуге, демалысқа, іссапарға немесе оқуға баратын және кері қайтатын жолы еңбек сіңірген жылдарына жеңілдікті жағдайларда есептеледі.

Шалғайдағы және биік таулы жерлерде қызмет өткеріп жатқан ішкі істер органдарының қызметкеріне ішкі істер органдарынан босату кезінде босатылуына байланысты кейіннен ішкі істер органы жеке құрамының тізімінен шығару арқылы демалыс берілген жағдайда бұл демалыс уақыты оның өткізілген жеріне қарамастан күнтізбелік есеп бойынша еңбек сіңірген жылдарына есептеледі. Көрсетілген адамдар еңбек сіңірген жылдары жеңілдікті жағдайда есептелетін жерлерден еңбек сіңіру жылдарын есептеудің өзге жағдайлары белгіленген басқа аудандарға ауыстырылған кезде олардың жолда болу уақыты қызметтің бір айы бір жарым ай болып есептеледі.

3) су астындағы жоғары қысымда немесе барокамераларда жұмыс істейтін барлық мамандықтардағы сүңгуірлер лауазымдарындағы қызмет мұндай жұмысты күнтізбелік жыл ішінде кемінде 30 сағат атқарған ішкі істер органдары қызметкерлерінің жеңілдікті жағдайдағы еңбек сіңірген жылдарына есептеледі.

4) майдандағы армияның әскери бөлімдерінің, штабтары мен мекемелерінің әскери қызметшілері, Ұлы Отан соғысы кезеңінде қызмет өткерген немесе тұтқында болған, Чернобыль АЭС-тағы апаттың зардаптарын жою жөніндегі жұмыстарға қатысқан және Семей ядролық сынақ полигонына жалғасып жатқан аудандарда қызмет өткерген не болмаса қылмыстық жауаптылыққа негізсіз тартылған немесе қуғын-сүргінге ұшыраған әскери қызметшілер үшін көзделген жеңілдік жағдайда еңбек сіңірген жылдарына есептеуге жататын кезеңдерден басқа нақты мерзімді әскери қызмет зейнетақы тағайындау үшін күнтізбелік есеп бойынша еңбек сіңірген жылдарына есептеледі.

10. Қызметтің бір ғана кезеңін жеңілдік жағдайда еңбек сіңірген жылдарға есептеу үшін екі және одан да көп негіздер болғанда еңбек сіңірген жылдары көбірек жеңілдік беретін бір негіз бойынша есептеледі.

11. Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне зейнетақы тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдары олардың ішкі істер органдарына қабылданған күнінен бастап қызметтен босатылған күніне дейін есептеледі.

1) ішкі істер органдарына қызметке қабылданған күні болып:
- ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамның лауазымдарына тағайындалған күні;
- Ішкі істер министрлігінің оқу орындарына түсуші азаматтық жастар қатарындағы адамдар үшін - Ішкі істер министрлігінің оқу орын бастығының бұйрығымен курсант немесе тыңдаушы ретінде қабылданған күні есептеледі.

Егер де ішкі істер органы қызметкерінің жеке ісінде және басқа да құжаттарында ішкі істер органдарына қызметке қабылдаудың тура датасы белгіленбей, тек қана жылы мен айы көрсетілген болса, ішкі істер органдарына қабылдау күні болып тиісті айдың 15-күні алынады.

2) ішкі істер органдарынан босатылған күні болып:
- тікелей бөлімшеден босатылған ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін - ішкі істер органы қызметкерінің бөлімше жеке құрамының тізімінен ішкі істер органы бастығының бұйрығымен шығарылған күні;
- тікелей босатылуының алдында ішкі істер органдарында қалдыру арқылы өкілетті және атқару органдарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін - жоғары тұрған бастықтың ішкі істер органдарынан босату туралы бұйрыққа қол қойған күні есептеледі.

12. Зейнетақы тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарын есептеу ішкі істер органдары қызметкерлерінің еңбек кітапшасы, жеке ісіндегі қызмет тізімі немесе өзге де құжаттары бойынша жүргізіледі.

Күнтізбелік немесе жеңілдікті есептеу бойынша еңбек сіңірген жылдары есебіне жатқызылатын ішкі істер органдарындағы қызметтің жекелеген кезеңдерін растайтын негізгі құжаттар:

1) мұрағаттық және әскери-емдеу мекемелерінің анықтамалары;

2) Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі партизан қозғалысы штабтарының не болмаса республикалық, аймақтық және облыстық КОКП комитеттерінің партиялық мұрағаттарының анықтамалары;

3) Бұрынғы КСРО аумағындағы КА мен ӘТФ әскери бөлімдерінің, құрамаларының, армияларының, фронттарының, флоттары мен флотилияларының, шетелдік құрамалардың, Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 26 тамыздағы N 803

қаулысында көрсетілген кезеңдерде майдандағы армия құрамына енетін партизан қозғалысы, фронттар мен армиялар штабтарының тізбелері;

4) ұшу жұмыстарын, жүзу өтілін, парашютпен секірулерді, сүңгуірлердің су астындағы жұмысын есепке алу парақтары;

5) әскери қызметшілердің жаңа топтардың құрамында қорғаныс позицияларының құрылыстарындағы жауынгерлік кезекшілік атқаруға тарту арқылы шалғайдағы және биік таулы жерлерде, бекініс аудандарында қызмет өткеру уақыты туралы әскери бөлімдердің командирлері бұйрықтарының көшірмелері не болмаса әскери бөлімдердің, тиісті штабтардың кадр басқармаларының (бөлімдерінің) немесе ұйымдық мобилизация бөлімдерінің хабарламалары;

6) ішкі істер органдары мен ұлттық қауіпсіздік комитеті кадр аппараттарының күнтізбелік немесе жеңілдікті есептеу бойынша еңбек сіңірген жылдар есебіне жатқызылатын осы органдардағы қызметі туралы анықтамалары;

7) дипломдардың көшірмелері және азаматтық жоғары және арнаулы орта оқу орындарында оқу уақыты (1998 жылғы 01 қаңтарға дейін еңбек сіңірген жылдар үшін зейнетақыға өзінің құқығын тіркеген адамдар үшін бес жылдан аспайтын) туралы осы оқу орындарының басқа да құжаттары.

Еңбек кітапшалары, дипломдардың көшірмелері мен азаматтық жоғары және арнаулы орта оқу орындарында оқу уақыты туралы осы оқу орындарының басқа да құжаттары, анықтамалар мен еңбек өтілін ескере отырып, зейнетақы тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарға енгізілуге жататын еңбек қызметін растайтын басқа да құжаттар ("Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңының 12-бабы) жалпы еңбек өтілін растайтын негізгі құжаттар болып табылады.

13. Еңбек сіңірген жылдар үшін зейнетақы төлеу оны алу үзілісінен кейін қайта басталған кезде қызметтен босатылған күні қолданыста болған заңнамаға сәйкес 1998 жылғы 01 қаңтарға дейін босатылған ішкі істер органдарының қызметкеріне бұған дейін есептелген еңбек сіңірген жылдары зейнетақы тағайындау үшін қайта қарауға жатпайды.

14. Басшы және қатардағы құрам адамдарының ауыр және қолайсыз климаттық жағдайлары бар жерлердегі, экологиялық апат аймақтарындағы, Семей ядролық сынақ полигонына жалғасып жатқан аудандардағы, сондай-ақ биік таулы жерлердегі (Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбе бойынша) қызметі жеңілдікті жағдайдағы зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарына олардың осы аудандар мен жерлерге басқа аудандардан келіп жеткен күнінен бастап есептеледі (келіп жету датасы

бұйрықта көрсетіледі). Олардағы қызмет жеңілдікті жағдайдағы зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарына есептелетін жерлерде қызмет өткеріп жатқан адамдардың еңбек сіңірген жылдарын есептеудің тәртібі олар көрсетілген аудандар мен жерлерден тысқары болған мынадай жағдайларда: медициналық мекемелерде емделуде және науқастануы бойынша демалыста; кезекті және қысқа мерзімді демалыста; іссапарда, ұзақтығы 6 айдан аспайтын оқу жиындарында және курстарда; емделуге, демалысқа, іссапарға немесе оқуға бару және кері қайту жолында болған кезде сақталады.

15. Зейнетақы төлеміне құқық беретін еңбек сіңірген жылдарға тек тағайындау туралы бұйрықтармен расталған кезеңдер ғана есептеледі. Егер де жекелеген кезеңдерде тікелей немесе жанама түрде қызмет өткеруді растайтын құжаттар бар болса, тағайындаушы инстанциялардың бұйрықтары туралы мәліметтер болмаған кезде қызметті растау туралы қорытындыларды толтыруға жол беріледі. Барлық мұндай құжаттар қорытындыда тізіп жазылады және содан соң орган бойынша бұйрық шығарылады.

16. "Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне, ішкі істер, қаржы полициясы, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі органдарының қызметкерлеріне еңбек сіңірген жылдарын есептеудің, бір жолғы жәрдемақылар тағайындау мен оны төлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 26 тамыздағы N 803 қаулысына сәйкес зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарын жеңілдік жағдайларда есептегенде жеке істің 10-бөлімінде мынадай мазмұндағы жазу жазылады: "Зейнетақы тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдары ____________ бастап ______________ дейін жеңілдік жағдайда есептелсін: бір ай қызметі ____ айға есептелсін.
Негіз:_______________________________________________________________

(Ішкі істер органдары бастықтарының (әскери бөлімдері командирлерінің) бұйрықтары).

17. Зейнетақы тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарға қызметтің жекелеген кезеңдерін есепке алу жөніндегі (күнтізбелік есептеу немесе жеңілдікті жағдайларда) даулы мәселелерді: министрлік аппаратының және оған тікелей бағынышты бөлімшелердің басшы және қатардағы құрам адамдарына қатысты - Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің тиісті комиссиясы; облыстардағы ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрам адамдарына қатысты - ІІД, КІІД-нің, Қазақстан Республикасының Ішкіісмині оқу орындарының және РМК-ның комиссиялары шешеді. Көрсетілген комиссиялардың даулы мәселелерді шешуі мүмкін болмаған жағдайда материалдарды Ішкіісминнің комиссиясына жіберу керек.

15-қосымша

Ескерту. 15-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2008.03.15 N 97 ; 2009.05.20 N 192 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

## Жеке құрам бойынша бұйрықтарды толтыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулар

1. Жеке құрам бойынша бұйрықтар осы бұйрықтарды шығарушы бастықтардың атынан тұжырымдалады. Олардың мынадай реквизиттері болуы керек:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы;

2) бұйрықтың мазмұнын ашатын тақырыбы;

3) бұйрықтың қабылданған жері мен датасы;

4) бұйрықтың тіркеу нөмірі;

5) бұйрық шығарушы адамның не болмаса оның міндеттерін атқарушы адамның қолы.

Оларда ішкі істер органының, мекеменің, оқу орнының атауы, бұйрыққа қол қойылған дата, оның нөмірі, орналасу пункті және бұйрықтың мазмұны көрсетіледі.

Мысалы:

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ
ІШКІ ІСТЕР ДЕПАРТАМЕНТІ

Бұйрық

2001 ж. 11 наурызы N 39 ж/қ

Талдықорған қ.

Жеке құрам бойынша

2. Әдетте, бұйрыққа әртүрлі мазмұндағы (тағайындау, ауыстыру, отқызметке жіберу, қызметін растау, қарамағына алу (резервке қою), ішкі істер органдарынан босату туралы және т.б.) бірнеше тармақтар енеді. Төтенше жағдайларды қоспағанда бір ғана адамға жеке бұйрық шығаруға болмайды.

3. Бұйрықтардың ұйғарымдары әмір ету түрінде жазылады.

Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға қатысты шығарылатын бұйрықтарда дәйекті түрде қысқартуларсыз мынадай деректер көрсетіледі: қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың арнаулы атағы, тегі, аты және әкесінің аты, олардың жеке нөмірлері, бұйрық шығатын уақытта атқаратын лауазымдары.

Ішкі істер органдарына қызметке қабылданатын адамдарға қатысты

шығарылатын бұйрықтарда тегі, аты және әкесінің аты толық көрсетіледі. Бұл ретте олардың запас бойынша әскери атақтары, сондай-ақ басшы құрамның арнаулы атақтары (егер де бұл адамдар бұған дейін ішкі істер органдарында басшы құрамның арнаулы атақтарында қызмет өткерген болса) көрсетілмейді. Кәсіби даярлық училищесін бітіргеннен кейін келген адамдарға қатысты оның тағайындалатын лауазымы (егер сынау мерзімі тағайындалса, оның ұзақтығы) және тағайындау датасы көрсетіле отырып, лауазымдық жалақысы көрсетіледі, ал сынау мерзімінен өткен адамдарға қатысты - тағайындау датасы көрсетіле отырып, лауазымы мен лауазымдық жалақысы (егер келісім-шарт бойынша болса - келісім-шарттың мерзімін көрсете отырып) көрсетіледі.

Тағайындау (ауыстыру) жүргізілетін лауазымдарға тағайындау (ауыстыру) туралы барлық бұйрықтарда ішкі істер органдарының атауы қысқартусыз көрсетіледі.

Басшы құрамдағы адамдарға берілген ғылыми дәрежелер, ғылыми және құрметті атақтар әдетте, жеке құрам бойынша бұйрықтарда айтылмайды. Қажет болған жағдайларда олар басшы құрамдағы адамның арнаулы атағының алдында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің оқу орындарын бітіру туралы бұйрықтарда оқу бітірушілер олардың қарамағына жіберілген ішкі істер органдары тізіліп жазылады.

4. Қажет болғанда жеке құрам бойынша бұйрықтарда лауазымға тағайындау, қарамағына алу (резервке қою), қызметке жіберу, ішкі істер органдарынан босату немесе жеке құрамның тізімінен шығару даталары қойылады.

5. Көтермелеу және тәртіптік жазалау туралы бұйрықтар, әдетте, жеке жасалады. Мұндай бұйрықтардың кіріспе бөлігінде тиісінше көтермеленетін адамдардың сіңірген еңбегі және қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың теріс қылықтары қысқаша сипатталуы тиіс. Оларда көтермелеулер мен жазалардың түрлері Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының тәртіптік практикасы ережелерінде көзделген көтермелеулер мен жазалардың түрлеріне қатаң сәйкестікте төменгі дәрежеден бастап тізіліп жазылады.

Тәртіптік жазалауларды алу туралы бұйрықтарда жазалау туралы бұйрыққа сілтеме жасалады, сондай-ақ жазалауға және оны алуға негіз болған себептер көрсетіледі.

6. Қажетті жағдайларда бұйрық ұйғарымының тікелей төменгі жағында мыналар:

1) жоғары лауазымдардан төменгі лауазымдарға ауыстыру кезінде - ауыстыру негіздері;

2) қатардағы және басшы құрамдағы адамдар тегін, атын, әкесінің атын және туған датасын өзгерткен кезде - куәліктің атауы, оның нөмірі, датасы және оны

қай АХАЖ органы бергені;

3) қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға азаматтық оқу орнындағы емтихандарға дайындалу және оларды тапсыру үшін, дипломдық жобаны ( жұмысты) қорғау үшін қосымша демалыстар беру кезінде - тиісті оқу орнының шақыру-анықтамасы, оның берілген датасы мен нөмірі;

4) қатардағы және басшы құрамдағы ақшалай үлестің сақталуынсыз нәресте 3 жасқа толғанға дейін қосымша демалыс беру кезінде - қатардағы және басшы құрамдағы адамның рапорты және оның датасы, баланың тууы туралы куәлігі;

5) жеке құрамның тізімінен:

өлгендерді шығару кезінде - куәліктің атауы, оның нөмірі, датасы және оны қай АХАЖ органы бергені;

басшы құрамның арнаулы атағынан айырылған адамдарды шығару кезінде - қай соттың шешімімен және қай күні арнаулы атағынан айырылғандығы немесе кімнің бұйрығымен, қай күні және қай нөмірмен кіші басшы құрамның арнаулы атағынан айырылғандығы көрсетіледі.

7. Жеке құрам бойынша бұйрықтар анық және қысқаша түрде жазылуы тиіс, қажет болғанда Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ереженің тиісті тармақтарына немесе солардың негізінде шығарылған басшылыққа алынатын басқа да құжаттарға сілтемелер жасалады.

8. Жеке құрам бойынша бұйрықтар қол қоюға ұсынылғанға дейін есепке алу құжаттарымен мұқият салыстырылуы (есептелуі) тиіс және оларға: екінші данасына - орындаушы, бірінші данасына - кадр аппаратының бастығы виза қоюы керек.

9. Жеке құрам бойынша бұйрықтарды ұзақ уақыт сақтауға келетін қатты қағаздан әзірлеген стандарт парақтарға жазу керек.

Жұмыста ыңғайлы болу үшін бұйрықтардың бірінші бетінің бланкілері типографиялық тәсілмен алдын ала әзірленіп қойылады.

Төменде жеке құрам бойынша бұйрықтардың жиі кездесетін үлгілік мәтіндері келтірілген.

**Жеке құрам бойынша бұйрықтардың үлгілері**

| Тұжырымдамалар | Қандай жағдайларда |
| --- | --- |
| 1 | 2 |
| **1. Лауазымға тағайындау бойынша** | |
| Тағайындалсын: - Ішкіісминнің кәсіби даярлық | Қызметке сынау мерзі. |

училищесін (Астана қ.) мімен алғаш рет қабыл.
бітіргеннен кейін келген данатын азаматтарды
Петров Александр Сергеевич қатардағы және кіші
2001 жылдың 20 қаңтарынан басшы құрам лауазым.
бастап 3 ай сынау мерзімімен дарына тағайындау
лауазымдық жалақысы кезінде.
_____теңгені құрайтын Тылдық
қамтамасыз ету басқармасы жеке
күзет ротасының қатардағы
полицейі лауазымына;

- Қабанбаев Қазбек Сынау мерзімінен
өткен.
Ақтойкенұлы полиция сержанты дерді арнаулы атақ бере
арнаулы атағы беріле отырып, отырып, қатардағы және
2001 жылдың 20 қаңтарынан кіші басшы құрам лауа.
бастап 3 жыл мерзімге келі. зымдарына келісім-шарт
сім-шарт жасасу арқылы лауа. бойынша тағайындау
зымдық жалақысы ____теңгені кезінде.
құрайтын Тылдық
қамтамасыз ету басқармасы жеке
күзет ротасының қатардағы
полицейі лауазымына;

- Ішкіісминнің кәсіби даярлық
училищесін (Алматы қ.)
бітіргеннен кейін келген Қызметке алғаш рет
Қошқарбаев Асығат Исатайұлы қабылданатын азамат.
лауазымдық жалақысы ____ тарды қатардағы және
теңгені құрайтын Алматы қаласы кіші басшы құрам
ІІД-нің Алмалы АІІБ қоғамдық лауазымдарына
қауіпсіздік бөлімшесінің поли. тағайындау кезінде.
ция учаскелік инспекторы
лауазымына;

- Ішкіісминнің кәсіби даярлық
училищесін (Астана қ.) бітірген.
нен кейін келген Кан Игорь
Брониславович 2001 жылғы 10 Қызметке сынау мерзі.
ақпаннан бастап, 2 ай сынау мімен алғаш рет
мерзімімен лауазымдық жалақысы қабылданатын азамат.

теңгені құрайтын Алматы қаласы ІІД-нің Талғар АІБ анықтау бөлімшесінің анықтаушысы лауазымына;

тарды орта және аға басшы құрам лауазым. дарына тағайындау кезінде.

Сынау мерзімінен өткен Кан Игорь Брониславович 2001 жылғы 10 ақпаннан бастап, 5 жыл мерзімге келісім-шарт жасасу арқылы лауазымдық жалақысы____ теңгені құрайтын Алматы қаласы ІІД-нің Талғар АІБ анықтау бөлімшесінің анықтаушысы лауазымына;

Сынау мерзімінен өткендерді орта және аға басшы құрам лауазымдарына келісім-шарт бойынша тағайындау кезінде.

Қызметке келісім-шарт бойынша алғаш рет қабыл. данатын азаматтарды орта және аға басшы құрам лауазымдарына тағайындау кезінде.

Ішкіісминнің кәсіби даярлық училищесін (Теміртау қ.) бітіргеннен кейін келген Досымбеков Серік Сұлтанұлы 2001 жылғы 8 ақпаннан бастап, 3 жыл мерзімге келісім-шарт асасу арқылы лауазымдық жалақысы______теңгені құрайтын Қарағанды облысы ІІД-нің Жезді АІІб кадр тобының инспекторы лауазымына;

Тағайын далсын:

Қызметкерді қызмет бабында төмен тұрған лауазымға ауыстыруға байланысты тағайындау кезінде (төмен тұрған лауазымға ауыстыру. дың себебі көрсетіледі).

**2. Қызмет бабында ауыстыру бойынша**

- Полиция аға лейтенанты Балғаниязов Маулен Төлеуұлы (Н-403609) Алматы облысы ІІД-

Қызметкерді қызмет бабында өзге арнаулы атақ көзделе.

| | |
|---|---|
| нің Қапшағай ҚІб қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесіндегі полицияның аға учаскелік инспекторы лауазымынан босатылып, лауазымдық жалақысы ________ теңгені құрайтын сол жердегі полицияның учаскелік инспекторы лауазымына; Төмендетіле отырып (тәртіптік жазалау (бұйрықтың N датасы); (немесе) аттестация қорытындысымен анықталған қызметке сәйкес келмеуі бойынша (хаттаманың датасы мен N);) тағайындалады. | тін төмен тұрған лауазымға денсаулық жағдайына байланысты немесе жеке өтініші бойынша ауыстыру кезінде. |
| - Полиция майоры Бекасов Мұхаметжан Жұмағалиұлы (Н-111777) Жамбыл облысы ІІД-нің Криминалдық полиция қызметі 4-Басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі лауазымынан босатылып, 2001 жылғы 10 қаңтардан бастап, "ішкі қызмет майоры" арнаулы атағы беріле отырып, лауазымдық жалақысы_____ теңгені құрайтын сол жердегі Кадр және тәрбие жұмысы басқармасы талдау тобының аға инспекторы лауазымына; Төмендетіле отырып (әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысына сәйкес денсаулық жағдайына байланысты (анықтаманың датасы мен N); жеке өтініші бойынша (рапорттың датасы) тағайындалады. | Қызметкерді бөлімшені нығайту үшін тағайындау кезінде. |
| - Ішкі қызмет подполковнигі Сатынский Иван Павлович (Е- | Қызметкерді қызмет бабында |

555333) Қазақстан Республикасының Ішкіісмині Кадр және тәрбие жұмысы департаментінің ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы лауазымынан босатыла отырып, бұрынғы лауазымы бойынша ____ теңге көлеміндегі жалақысын сақтау арқылы Астана қаласының ІІД Алматы АІІБ-ның кадр бөлімшесі бастығының лауазымына; Қызметті нығайту тәртібінде төмендетіле отырып тағайындалады.

басқа жерге ауыстыруға байланысты лауазымға тағайындау кезінде.

- Семей облысының ІІД-нен келген полиция аға лейтенанты ІІД-нің Жахин Қанат Жанайұлы (Ц-403609) 2001 жылғы 15 қаңтардан бастап лауазымдық жалақысы теңгені құрайтын Ақмола облысы ІІД-нің Сандықтау ауданы ішкі істер бөлімінің тергеушісі лауазымына;

қарамағында (резерінде) қалды. рыла отырып босатылсын:

Басшы құрамдағы адамдарды лауазымынан босату және тиісті ішкі істер органының қарамағында қалдыру кезінде.

- полиция лейтенанты Иванов Сергей Иванович (М-674723) Қостанай облысының ІІД Жол полициясы басқармасының жол полициясы батальоны 3-взводының жол полициясы аға инспекторы лауазымынан (босату датасы көрсетілуі мүмкін).

Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің 2000 жылғы 12 ақпандағы N 31 бұйрығына сәйкес және ұйымдық-штаттық өзгерістерге байланысты

Тағайындалсын: - ішкі қызмет лейтенанты Исаев Серік Қалиұлы (М-248347) лауазымдық жалақысы теңгені құрайтын Тыл департаментінің

Қызметкерді ұйымдық-штаттық өзгерістерге байланысты лауазымы өзгермейтін лауазымға тағайындау кезінде.

мүліктік үлес бөлімі инспекторы лауазымына;

| | |
|---|---|
| - ішкі қызмет лейтенанты Исаев Серік Қалиұлы (М-248347) Тыл департаменті мүліктік үлес бөлімінің аға инспекторы лауазымынан босатыла отырып, ________ теңгені құрайтын бұрынғы лауазымдық жалақысының сақталуы арқылы сол жердегі инспектор лауазымына; | Қызметкерді ұйымдық-штаттық өзгерістерге байланысты лауазымы төмендейтін лауазымға тағайындау кезінде. |

**3. Қызметке жіберу бойынша**

| | | |
|---|---|---|
| Ақмола облысы ІІД-нің қарамағына қызметке жіберілсін: | - Полиция лейтенанты Алексеева Татьяна Юрьевна (М-374629) Атырау облысының ІІД қоғамдық қауіпсіздік қызметінің кәмелетке толмағандардың ісі жөнін. дегі инспекторы лауазымынан босатыла отырып, 2001 жылғы 12 наурыздан бастап; Негіз: Ақмола облысы ІІД-нің 2001 жылғы 10 наурыздағы N 3/3-345 хаты. | Қызметкерді қызмет бабында басқа жерге ауыстыру кезінде. |
| Қостанай заң институтының қарамағына қызметке жіберілсін: | - полиция кіші сержанты Котова Елена Викторовна Жедел-техникалық қызмет департаменті мұрағат жұмысы бөлімінің техник-мұрағатшы лауазымынан босатыла отырып, 2001 жылғы 12 наурыздан бастап; Негіз: ҚР ІІМ ҚЗИ-ның 2001 жылғы 28 тамыздағы N 6/6-452 хаты. | Қызметкерді оқу орнына күндізгі оқуға түсуіне байланысты ауыстыру кезінде. |

**4. Қызметтен босату бойынша**

1. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ережеге сәйкес әскери есепке алу арқылы ішкі істер органдарынан Қарулы Күштердің запасына босатылсын.

| | | |
|---|---|---|
| әскери есеп 91-тармақтың "б" тармақша. сы бойынша (жасына байланысты) | күрделі құрылыс бөлімінің бастығы ішкі қызмет подпол ковнигі Әбілдаев Қайрат Нұрымжанұлы (М-065775) 2001 жылғы 15 наурыздан бастап Біржолғы жәрдемақы төлеу үшін ІІО-дағы еңбек сіңірген жылдары 2001 жылғы 15 наурызда 27 жыл 03 ай 13 күнді құрады. Негіз: Қ.Н.Әбілдаевтың 2001 жылғы 10 ақпандағы рапорты. | Қызметкерді ішкі істер органдарынан оның қызметте болудың шекті жасына жетуіне байланысты босату кезінде. |
| 91-тармақтың "в" тармақшасы бойынша (денсаулық жағдайына байланысты) | - Алматы қаласы ІІД-нің Медеу АІІБ қоғамдық қауіпсіз. дік бөлімшесінің полиция аға учаскелік инспекторы полиция майоры Коваленко Сергей Матвеевич (Р-564737) 2001 жылғы 26 ақпаннан бастап; Біржолғы жәрдемақы төлеу үшін ІІО-дағы еңбек сіңірген жылдары 2001 жылғы 26 ақпанда 28 жыл 05 ай 13 күнді құрады. Негіз: С.М.Коваленконың рапорты, ӘДК-ның 2001 жылғы 20 ақпандағы N 14 анықтамасы. | Қызметкерді ішкі істер Органдарынан денсаулық жағдайына байланысты босату кезінде. |
| 91-тармақтың "г" тармақша. сы бойынша (штаттардың қысқартылуына немесе ішкі істер органдарын қайта құруға | - Қоғамдық қауіпсіздік департаменті арнайы мекеме. лерге басшылық жасау жөнін. дегі бөлімінің инспекторы ішкі қызмет лейтенанты Еркінбаев Амангелді Нұрмұ. ханбетұлы (К-472487) 2001 жылы пайдаланылмаған 10 өтемақы төлеу арқылы өтем. | Қызметкерді штаттардың қысқартылуына немесе ішкі істер органдарын қайта құруға байланысты басқа лауазымда пайдалану мүмкіндігі болмаған жағдайда оған босатуға дейін бір ай қалғанда хабарлау арқылы пайда. |

байланысты): ақы төлеу арқылы 2001 жылғы ланылмаған демалыс үшін
04 мамырдан бастап; Қызметтен өтемақы төлей отырып,
босарда алатын жәрдемақы ішкі істер
төлеу үшін IIО-дағы органдарынан қызметтен
еңбек сіңірген жылдары 2001 босату кезінде.
жылғы 04 мамырда 02 жыл 03 ай
14 күнді құрады.

91-тармақтың Тылдық қамтамасыз ету Қызметкерді ішкі істер
